Прием Своя опора. **Цель:** Позволяет формулировать идеи, активно слушать и сконцентрироваться на обсуждении. Способным ученикам позволяет говорить и помогать тем, кто менее уверен в больших группах. Учитель поручает сильным ученикам творческое домашнее задание: составить опорные конспекты по новой теме. **Организация:** *Группа составляет опорный конспект урока или темы на листе большого формата***.**	**Как это работает:** На уроке они становятся тренерами. Класс разбивается на группы, с каждой из них работает такой тренер по своему опорному конспекту. После работы в отведённое время над определённой темой тренеры меняют группы, и процесс повторяется. Важно: группы должны получать от тренеров задание для закрепления полученных знаний**.** ***Оценивание***: Группы решают задания на флипчарте, учитель и тренер -ученик проводят проверку и выставляют баллы за правильные ответы (за каждое задание -1 балл)
Рефлексивный этап	
Прием «Думай- Объединяйся-Действуй». Цель: Структурированный способ развития идей и мыслей. Какой раздел мы изучали?	Ученики записывают как можно больше ответов или идей, которые приходят им на ум (Думай). Затем они объединяют свои идеи с партнером (Объединяйся), и наконец учитель открывает обсуждение идей всего класса (Делись). ***Оценивание:*** Взаимооценивание.
Прием Свои примеры **Цель:** Развитие ассоциативного мышления. **Учитель дает задание** ученикам в группе подготовить для другой группы свои примеры к новому материалу.	**Как это работает:** *Перед тем, как приступить к выполнению заданий, учащиеся анализируют какие критерии успеха им необходимо выполнить успешно, а также прогнозируют примерное время на выполнение задания.* ***Оценивание:*** Учащиеся в группах исследуют данные задачи, решают её, затем сравнивают ответы с другими группами. За каждое правильное решение – 1 балл.

Рефлексия урока. ***В конце урока учитель задаёт вопросы, побуждающие к рефлексии урока.***	**Ученики отвечают на вопросы:** - Что на уроке было главным? - Что было интересным? (Следует различать главное и интересное) - Что нового сегодня узнали? - Чему научились?
Домашнее задание.	*Ученикам дается задание: придумать 3 задачи на применение производной в физике и технике.*

Один из самых распространенных вопросов, который задают нам учителям современные школьники - для чего нужно изучать предлагаемую тему (предмет), каким образом эти знания могут им пригодиться в жизни, в будущей работе. От того, насколько ярко и квалифицированно мы, учителя ответим на этот вопрос, зависит учебная мотивация ребят, их интерес и желание осваивать материал.

Что дают новые приемы обучения мне и моим ученикам?

1. Учащиеся учатся посредством формирования представлений или навыков через активные исследования: изучение, эксперимент, исследование под руководством, решение задач, размышление.

2. Учащиеся учатся посредством формирования представлений и навыков, используя метод диалога: обсуждение, дебаты, сотрудничество, совместное построение знаний.

3. Учащиеся учатся работать в команде, доверять и поддерживать друг другу.

Литература

1.Программа повышения квалификации работников РК..Руководство для учителя, стр.144

2. Конструктор уроков нового формата. Сайт: https://infourok.ru/konstruktor-urokov-novogo-formata-1827020.html

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘРБІР КЕЗЕҢІН ТӘРБИЕ ЭЛЕМЕНТТЕРІМЕН ҰШТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

АЗМАХАНОВА Венера Болатбекқызы
Химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Биология пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы, Қазақстан

«Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы»
(Әл Фараби)

Жоғарыда айтылған данышпан ойдың болашақты болжағыш көрегендігіне еріксіз таңқалмасқа амалың жоқ. Бұл ғалымның өз заманындағы қоғамда ғылым мен техниканың ғажаптары туындай қоймағанымен, сол ғылымда бүгінгі біздер жеткен жетістіктердің болатынын күні бұрын пайымдап, адамзатты өзі жасаған туындылардың қасіретті жағынан алдын-ала сақтандыруы емей немене? Бұған қоса «Тәрбиесіз берілген білім-ақымаққа қанжар ұстатқанмен тең» дейтін шығыс даналығынан алынған тәрбиелік маңызы бір ғылымға бергісіз ой тағы бар. Өсіп келе жатқан жас буынды лайықты тәрбиелеу еліміздің болашағының жарқын болуының кепілі дер едім. Кез-келген қоғамның сапалылығы әрбір білім ордасынан ұшып шыққан түлектің немесе өмірге жаңа аяқ басқан жас маманның білім-біліктілік дәрежесімен айқындалары анық. Қазақ қазақ болғалы бері қай жерде, қай

орында болмасын, тәрбие құбылысын алдыңғы орынға қойып, кейінгі әрекетін соған қарай бейімдеп жасауға дағдыланған халық. Соның жемісі емес пе ұланғайыр байтақ даланы кең жайлап, осы күнге дейін атадан қалған асыл мұраның алдыңғы көшіне туған жерді қойып отырғанымыз. Одан қалды басқа ұлттарға бұйыра бермейтін тәуелсіздікке деген күшті ұмтылыс, ата қанымен берілген елін, елдік белгілерін сақтап қалуға деген патриоттық сезімнің ұшқынынан туындамаса сол еркіндікті бізге кім берер еді. Бүгінде қоғамдық-саяси және әлеуметтік өзгерістерге қабаттаса, шексіздікпен дамып келе жатқан ғылыми жаңалықтардың бел ортасында өмір сүріп жатырмыз. Осындай алас-құпаста жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі шамалы шетқақпайлау болып кетіп жататын жайларды көзімізбен көріп жүрміз. Ондай кезде «көптің ішінен шыққан бір басбұзар боларсың, көпшілік өзі тәрбиелеп алар» дейтін жайбарақаттықпен қарайтынымыз бар. Алайда халқымыздың ұлттық тәрбиесінің түп-тамырына қауіп төндіріп отырған мәселелердің бар екендігін де жоққа шығармауымыз керек. Сол себепті еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің тәрбие беру ісіне аса байыпты көңіл бөлуді негізгі жол дер едім. Бүгінгі күні оқушының сапасын білімділік көрсеткіштерімен өлшеу әдетке айналып бара жатқан сияқты. Оған қоса білім беру бағдарламаларының күрделі әрі жиі өзгермелі болып отыруы да сабақтар үстінде білім берушінің оқушының тәрбиелік құндылықтарын арттыруды ескеруіне уақыт тапшылығына байланысты мойын бұрғыза бермейді. Тәрбиелік элементтері бар міндеттер жазылған сабақ жоспарларында ғана көрініс тауып, іс жүзінде көбіне іске асырылмай қалып жатады. Бұл қателікті онша елең қыла бермейтін, яғни «жоспарға сәйкес білім бердім, негізгі міндетім осы» дейтін жас буын ұстаздар қатары да көбейіп бара жатыр. Анықтап қарасаңыз ұлтымыздың болашағына балта шабар қасіретті трагедияда осыдан басталады ғой. Білімі асып-тасығанмен, тәрбиелік қасиеттерден жұрдай, тірі роботты жасап шығарғанмен тең болмай ма бұл?

Сол роботыңыз ертеңгі күні сырт елден білім алып, ол жақта сіздің көзіңізді жоюға арналған бұзып-жарғыш құрал жасап шығаратын «білгіш» болмайды деп кім айтты, егер оның кеудесіне титтей де еліне, отанына деген патриоттық тәрбиені құя білмесеңіз. Кез-келген ағза, мейлі ол адам әлде жануар не болмаса өсімдік болсын, өмірге келген соң тоқтап қалмайды. Белгілі бір дәрежеде өседі, жетіледі. Сол үшін айналасынан өз өміріне қажетті білімді қалай болмасын өзі үшін меңгереді. Алайда сол өзі өмір сүрген ортасынан білімімен қоса сапалы тәрбиені бойына сіңіре алмаса, ішіне бір зат салған қоржын немесе ас құйылған қалбырдан еш айырмасы болмайды. Менің ойымша оқушыға білімді меңгерту үшін қандай стратегия, қай тәсілді қолданамын деп әрлі-берлі шапқылағаннан сол оқушының бойына алдымен өз-өзіне деген құрмет (білімін жетілдіру арқылы өзінің зиялылық сапасының артатындығына көзін жеткізу, өз денсаулығын күтіп, сақтауға үйрету, өзгелермен, қоршаған ортамен қарым-қатынас нормасын сақтауға қалыптастыру), өзгеге құрмет (айналасындағы қоғамға құрметпен қарау, қоршаған табиғи ортаға жанашырлықпен қарау, патриоттық сезім т.б) секілді құндылықтарды дарытуды алдыңғы орынға қойсаңыз, оқушының білімге құштарлығын арттыру да қиын болмайтын секілді. Еріксіз меңгерген білім қашан да есте көп сақтала бермейді. Елімізде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға көзделген бағдарламалар бойынша қыруар қаржы жұмсалып, жұмыстар жасалуда, бірақ неге білім мен біліктілік сапасы бойынша алға жылжуымыз қиындау болып жатыр. Әрине, бұл білім беру саласындағы жаттандылық пен жасандылыққа тола әрекеттерден арыла алмауымыздың кесірі.

Мектептегі тәрбие жұмысымен айналысу тек сынып жетекші немесе куратордың міндеті болып қалуы тиіс емес. Пәндік мұғалімдерініңде сабақтар үстінде тәрбие элементтерін сабақтың әрбір бөлігіне қалай кіріктіріп отыру керектігі жөнінде біліктіліктерін арттыруға арналған курстар жүйелі өткізілуі тиіс деп ойлаймын. Білім беру саласындағы өткізіліп жатқан оқытудың әдіс-тәсілдерін дамытуға арналған сансыз семинарлар, тренингтер т.б іс-шаралар оқушы бойында тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыру,жандандыру тақырыптарына қарай ойысса нұр үстіне нұр болар еді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫЛЫМНЫҢ ІЗДЕНІМДІК, ТАНЫМДЫҚ, ЗЕРДЕЛІК ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫЛЫМ МӘТІНІН ТАЛДАУДЫ ДАМЫТУ

АЙМЕНБЕТОВА Қарлығаш Турлыбаевна
Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, модератор
Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Заманауи білім беру басымдылығы бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Мақалада қазақ тілі сабақтарында оқылым дағдысы бойынша мәтінге талдау жүргізу жолдарын жетілдіру мәселесі қарастырылады. Оқылым мәтініне талдау жасау барысында неге назар аудару керек, қалай талдау керек, оны қалай жүргізген дұрыс сияқты сұрақтарға жауап айтылады. Оқушы деңгейі әр түрлі болғандықтан, мәтінге талдау жасау барысында оқылымның ізденімдік, танымдық, зерделік түрлерін қолданып талдатудың тиімді жақтары туралы сөз қозғалады. Мақсат бір болғанымен, оған жету жолдары баланың қабілетіне қарай тапсырманың дифференциацияланып берілу маңызы қарастырылады.

Аннотация

Главным приоритетом сегодняшнего дня является современное преподование. В статье рассматриваются проблемы улучшения способа анализа текста на уроках казахского языка путем навыка чтения. В статье вы найдете ответы на такие вопросы: «Как надо анализировать или на что надо обратить внимание при анализе текста?» «Как можно правильно реализовать анализ текста?» Так, при анализе текста чтения учитывается в первую очередь уровень умений учащихся, обсуждаются наиболее эффективные аспекты чтения, когнитивного анализа и анализа интеллекта. В статье рассматриваются дифференцированные задания для достижения целей обучения всеми учащимися.

Өздігінен білім игеру, оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру жаңартылған оқу бағдарламасының және оқу процесінің алдына қойған негізгі талаптардың бірі болып табылады. Жаңартылған бағдарлама пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы оқушының белсенді танымдық қабілетін артыруға септігін тигізеді. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын сауатты жүргізуге үйретеді.

Білім беру процесін ұйымдастырудағы барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмастыруда. Яғни оқу процесінде түрлі инновациялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылған, яғни төрт дағдыға: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылымға негізделген.

Функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқыту түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы сөйлеу әрекеттерін дамытады. Коммуникативтік әрекеттер әр сыныпта қайталанып, қарапайымнан күрделіге қарай өзгеріп отырады. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет етеді.

« Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі» делінген.[1] Осы әрекеттерге оқушыларды дағдыландыру үшін оқылым дағдысының рөлі зор. Оқылым деген не? Бір қарағанда мәтінді оқу, мазмұнын түсіну,керекті ақпартты алу сияқты көрінгенмен, оқылым дағдысы күрделі процесс болып табылады. Неге? Оқушылар оқылым мәтінмен қалай жұмыс жасау керектігін, оған талдауды қалай жүргізу жолдарын біле бермейді. Мәтін мазмұны деңгейінде ғана қарастырады. Қазіргі таңда мектеп бітіру кезеңінде тапсыратын тест тапсырмалары да қазақ тілінің оқылым сауаттылығына құрылған. Ол нақты оқылымның сыни дағдыларына бағытталған. Тест сұрақтары оқушылардың мәтіндерді талқылау талдауына құрылған.

Оқушы оқылым мәтініне талдау жасау барысында мазмұн деңгейінде қалып қоймай, оқылған мәтіннің шегінен шығып отыруы тиіс. Оқылым үдерісі оқушыны ойлауға, талдау жасауға, ойын синтездеуге, бағалауға, тақырып бойынша және соған ұқсас өзі білетін тақырып бойынша алған өзіндік біліміне сай нақты мәтінге не қосатыны туралы айтуына және сұрақ қоюына жетелейді. Оқылым мәтініне талдау жасау оқушыны мәтінмен сұхбатқа түсуге жетелейді. Автордың ойымен келісетінін не келіспейтінін айтады, авторға «неліктен?», «не туралы айтылды?» «неге айттыңыз?» сияқты сұрақтар қоя алады. Осындай тәсіл арқылы оқушы мәтін шегінен шығып, өзінің сыни көзқарасын қалыптастыруға бағыттайды.

« Сіздің не оқығаныңыз немесе қаншалықты көп оқығаныңыз емес, сіздің қалай оқығаныңыз оқылым қабілетіңізіге үлкен әсерін тигізеді»[2]. Яғни оқушының мәтінді қалай оқығандығы оқылым мәтінін түсінуге жетелесе, солай мәтінге талдау жасай алады деген сөз. Мәтінді оқушы қалай оқығаны дұрыс? Оқушының деңгейі әртүрлі болғандықтан, оқылым мәтініне талдау жасау да оқушы қабілетіне байланысты болады. Оқылымның ізденмідік, танымдық, зерделік тәсілдерін қолдана отырып оқу осы талабымыздың жауабы бола алады.

Ізденімдік оқылым – берілген материалдардың ішінен оқушы өзіне керекті фактіні, хабарды іздеп тауып, пайдалана білу.

Ізденімдік оқылымның басқа оқылымнан айырмашылығы, біріншіден, мұндай оқу жылдамдықты қалайды,екіншіден,мәтіннен оқушы өз қажетін таңдап алуға мүмкін болатын тапқырлықты қажет етеді. Ізденімдік оқылымда оқушы кітаптан тұтас материалды түгел оқып не қарап жатпайды, тек өзіне керектісін мазмұннан, жоспардан іздестіріп, тауып алады.

Ізденімдік оқылым оқушының көру қабілетін ұштайды, қажет материалға бірден назар аудара білуге баулиды. Мысалы, мәтіннен қажет анықтаманы тауып оқу, берілген ережеге сай мысалдарды табу.

Танымдық оқылым дегеніміз – оқушының кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал материалдарын оқып түсінуі. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, сол материалдарды зерттейін деген мақсат бола бермейді. Мұндай оқылым белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі, жалпы өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі. Танымдық оқылымда шығарманың ішінен автор өзінің қабілеті мен қажетіне қарай ең маңыздысын ұғып пайдаланады. Оқушы өзінің талдап отырған оқылым мәтінінде көтерілген белгілі бір мәселені өзі танып білген ұқсас оқылым мәтінімен немесе жағдаятпен, жаңалықтармен байланыстырып айтады.

Зерделік оқылым бойынша оқушы берілген материалдардың мазмұнын толық біліп, мәтінге анализ жасай білу керек. Сөйтіп бүкіл материалды жан-жақты зерттейді. Мәтінде берілген мәселені әлеуметтік жағынан, саяси жағынан, техникалық жағынан, тарихи жағынан т.с.с мәселелер бойынша талдап шығады.Зерделік оқылым асықпай, ойлы қалыппен өткізіліп, оқушының бар көңілін баулап алуды қажет етеді.

Гербер оқылымның үш деңгейі бойынша алғашқы нұсқаулық құрастырды [3].

1. Мәтіндегі нақты бір жолдарды оқу – әдеби деңгейдегі оқу түрі: жауап

түсінікті автор өз ойын нақты, дәл көрсетеді.

2. Мәтіндегі белгілі бір жолдар аралығын оқу – бұл логикалық, қайта өңдеп оқу түрі: автор ойын нақты, дәл бермейді, оқушы ойланып, табу керек.

3. Мәтінде айтылған жолдардан тыс оқу - шығармашылық немесе бағалау деңгейінде оқу: мәтінде жауабы жоқ, сондықтан оқушы өзінің қосымша алған білімне, логикалық біліміне сүйеніп талдау жасайды.

Бұл оқылым мәтінін талдау барысында белсенді әдіске қолдау көрсету үшін жақсы бастама болып табылады. Оқылымның бірінші түрі бойынша оқушылар оқылымның ізденімдік түрін қолдана отырып, белгілі бір мәліметтерді дәлелдеу үшін мәтіннен іздеп табады, яғни мәтінде ой нақты дәл көрсетіледі. Оқылымның бұл түрімен қабілеті шығармашылық деңгейге жете қоймаған, танымдық қабілетін әлі де жетілдіре түсетін оқушылармен жүргізуге болады.

Мәтіндегі белгілі бір жолдар аралығын оқу арқылы оқушылар оқылымның танымдық түрін пайдаланып, мәтінге талдау жасай алады. Мұнда оқушыға бағыт бағдар беретін оқу жолдары болуы мүмкін. Мұнда ақпарат дәл берілмегендіктен, оқушының ойлануына, өзі танып білген қосымша ақпараттарына сүйене отырып мәтінге талдау жүргізеді. Оқылымның бұл түрі шығармашылық деңгейге жете қоймаған оқушылармен жүргізген дұрыс. Оқылымның бұл түрі зерделік оқу түріне апарар дайындық жолы десек те болады.

Мәтінде айтылған жолдардан тыс оқу деген жоғары деңгейде оқу, мұнда оқылымның зерделік түрін қолданып, мәтінге талдау жасауына сай келеді. Себебі мәтінде оқушыға бағыт бағдар беретін жолдар жоқ, дайын жауап мүлдем жоқ. Мұнда оқушы мәтінде айтылған жолдарға сыни көзқарас танытады, ондағы айтылған мәселені жан-жақты қарастырады, автордың ойына, көтерілген мәселеге баға береді.Мұндай жұмыстарды жоғары деңгейлі оқушылармен жүргізген дұрыс.

Мәтінге талдау жүргізуде оқушы, мәтін, автор және басқа оқырман арасындағы сұхбат шағын топтарда нәтижелі жүзеге асады. Мұнда топтағы оқушылар өз деңгейіне байланысты оқылымның ізденімдік, танымдық, зерделік түрлерін таңдай алады және сол бойынша жұмыс жасайды. Олар шағын топта оқылымның 4 стратегиясын (болжау, түсіндіріу, талқылау, қорытындылау) қолдана отырып, өздерінің оқылым мен ойлауға қатысты когнетивті және метакогнетивті үдерістерге назарын шоғырландыруға мүмкіндіктерін алады.

Болжам оқылымның маңызды стратегиясы болып табылады. Топтағы өз деңгейін таңдап алған оқушылар, яғни оқылымның ізденімдік тәсілін таңдаған оқушылар алдыңғы білімдерін пайдаланады, оқылымның танымдық тәсілін таңдаған оқушылар белсенді ойлануға, оқылымның зерделік түрін таңдаған оқушылар мәтін құрылымын жан-жақты талдауға кіріседі.Аталмыш стратегия белсенді жұмыс жасау үшін оқушыларға оқылым мәтіні бойынша нақты мақсаттар белгілену тиіс. Ол мақсаттар мынандай болуы мүмкін: Мәтін мазмұнына сай қосымша мәлімет табу, алында оқыған мәтіндермен салыстыру, мәтінді ғылыми талқылаудың бір бөлігі ретінде мәтінге талдау жүргізу т.с.с.

Нақты мақсат белгіленгеннен кейін оқылым мәтініне болжау жүргізіле бастайды. Топта оқушылар оқылым мәтініне болжау жасауда өз деңгейлеріне сай өз пікірлерімен бөліседі,өз болжамын растайды, ойларын өңдейді немесе ойларын жоққа шығарады.

Түсіну мәтінді талдауға көмектесетін стратегияның түрі.

Мәтінді талдау алдында топ көшбасшысы мәтінді қаншалықты түсінгенін білу үшін топтағы оқушыларға түрлі сұрақтар қояды. Мысалы, «Мәлімет нақты ма? Оны қалай білдіңіз? Мәтінді кім жазған? Автор осы саланың маманы ма? Автор сізді қандай да бір тұжырымға сендіргісі келеді ме? Ондағы аргумент кең немесе шағын мәселеге бағытталған ба? Аргументті дәлелдеу үшін қандай дәйектер келтірген? Аргументте не берілмеген? Бұған қарсы қандай пікірлер болуы мүмкін? Бұл тақырып бойынша басқа авторлар не айтқан? Бұл мәтін осы тақырып бойынша қандай да бір жаңалық айтқан ба?»

Мәтінді түсіну бойынша оқылымның ізденімдік түрін таңдаған оқушылар мәтіннен нақты ақпаратты, жауабы бар мәліметтерді іздеп табады. Танымдық түрді таңдаған оқушылар өз білімдерін қосымша мәліметтермен,өмірмен байланыстыра отырып толықтырады. Оқылымның зерделік түрін таңдаған оқушылар мәтінді жан-жақты талқылауға кіріседі. Мәтіндегі көтерілген мәселені түрлі жағдайлармен байланыстырып айтады, сыни көзқарасын білдіреді,салыстырады, ғаламдық мәселемен байланыстырады.

Талдау – оқылым стратегиясының маңызды бөлігі. Мұнда оқушылар мәтінді талдауға, мәтін туралы сыни ойлауға,ойларын сұрақ арқылы қалыптастыруға мүмкіндік алады. Тапсырма топ ішінде орындалып жатқандықтан, бұл жерде оқылымның зерделік түрін таңдаған оқушыларға басымдық беріледі. Әрине басқа оқушылар тапсырманы орындаудан тыс қалмайды, олар мәтіннен ақпарт тауып беруге (ізденімдік тәсілді таңдаған оқушылар), ақпартты өмірмен,басқа саламен байланыстырып айтуға,сол туралы ақпаратты іріктеуге (танымдық тәсілді қолданған оқушылар) көмектеседі. Талдау күрделі процесс болғандықтан, оқылымның барлық стратегиялары мен оқылым түрлері бірлесіп жүріп отырады. Оқушылар мәтінде берілген астарлы ақпаратты анықтау, жалған ақпараттың бар не жоқтығын дәлелдеу, өз ойларын дәлелдеуде нақты аргументтер келтіру, оны қорғау сияқты тапсырмаларды орындауда топ ішінде түрлі сұрақтар қойылуы мүмкін немесе мұғалім мәтінді талдауға дұрыс бағыт беру үшін өз тарапынан да сұрақтар беруі мүмкін.

Дей және Парк сұрақтардың келесі типтерін ұсынады[4]:

1. Әдеби деңгейде түсіну сұрақтарды: мәтіннің үстіртін мағынасына ғана назар аударылады.
2. Сұрақтарды қайта құрастыру: мәтіндегі түрлі беттерден ақпараттар табады, соған сай сұрақтарды қайта құрастырады
3. Логикалық сұрақтар: мәтін мазмұнына негізделген, бірақ сұрақ анық сипатталғаннан гөрі жасырын беріледі
4. Болжау сұрақтары: Бұл сұрақ оқылым кезінде не оқып болған соң туындауы мүмкін сұрақтар. «Егер ... болса ше? ... не болар еді? .... мүмкін бе еді? Қалай ойлайсың ...?
5. Бағалау сұрақтары: Бұл күрделі сұрақтар қатарына жатады. Себебі сұрақ сын мен мәтіндегі қарам-қайшылықты көруді талап етеді. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін оқушыларда мәтіннің логикалық мазмұнын түсінуі басым болу керек. Көбіне бұл тапсырмамен жұмыс жасайтын оқушылар оқылымның зерделік түрін таңдаған оқушылар болып табылады. Себебі мәтінге байланысты бағалау сұрақтарында дайын жауап немесе жауапқа нұсқап тұратын ойлар немесе өмірде кездесетін ұқсас жағдайлар болмайды. Оқушы бағалау сұрақтарына жауап беру үшін мәтінді жан-жақты зерделейді, өзіндік пайымдауын айтады,оны дәлелдеп, жақтап шыға алу керек.
6. Дара ықпалды сұрақ: бұл мәтіннің әдеби түсінігіне негізделген сұрақ. Мұнда оқушылар алдында алған білімдері мен тақырыпқа сай қосымша білімдерін біріктіру үшін қойылады. Бұл тапсырманы орындауда оқылымның ізденімдік және танымдық түрлерін таңдаған оқушыларға басымдық беріледі.

Қорытынды жасау – оқылым мәтінін талдаудағы маңызды стратегиялардың бірі болып табылады. Ол оқушыға мәтіннің негізгі ойлардың арасындағы айырмашылықты көруге, мәтіндегі детальдардың маңыздылығы мен маңызды емес тұстарын ажырата білуге көмектеседі. Бұл стратегияда оқушы мәтін бойынша алған білімін, түсінігін қолдана отырып, қорытынды шығарады.

Сонымен, оқылым мәтінімен жұмыс жасау, оған талдау жүргізу бұрынғыға қарағанда өзгергенін байқаймыз. Мәтінге талдау жүргізуде оқушы автормен сұхбатқа түсе алады, авторға, мәтінде көтерілген мәселеге қатысты сұрақ қою арқылы мәтіндегі жауабы бар немесе жауабы жоқ детальдарға назар аударады. Мәтіндегі ойларды интерпретациялап өмірде болып жатқан жағдайлармен байланыстырады, өзінің қосымша білімдерін қолданады, мәтіндегі жауабы жоқ мәселелерді анықтап, оны әлеуметттік, саяси, технологиялық, тарихи, экономикалық т.с.с мәселелермен байланыстырып, жан-жақты талдау жүргізеді. Оқушылар мәтінге талдау жүргізуде оқушы өз деңгейіне байланысты

оқылымның түрін таңдай алады және сол бойынша жұмыс жүргізуге мүмкіндік алады. Мақсат бір, оқушы деңгей түрлі болып келеді, осы мақсатқа жетуде оқылымның ізденімдік , танымдық, зерделік түрлері көмекке келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
2. Boddington and Clanchy 1999, p,1
3.Гербер.Х.Л (1978). Оқу жоспары аясында оқылымды оқыту. Englewood Cliffs NJ:Prentice-Hall
4. ДэйР.Р, Пак Дж (2005). Өз - өзін тексеруге арналған сұрақтар көмегі арқылы оқылымды дамыту. 17-басылым, №1

ИНФОРМАЦИОННАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

АЙМУРЗИНА Жулдыз Мухамбетовна
Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления города Костанай
Учитель русского языка и литературы
г.Костанай, Казахстан

Аңдатпа

Мәтінде тіл пәндері бойынша технологияларды қолданудың маңыздылығы туралы айтылады. Бұдан басқа, мәтінде орыс тілінің сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану бойынша практикалық кеңестер бар, өйткені материалды меңгеру процесін психологиялық тұрғыдан жеңілдетеді және білім тақырыбына үлкен қызығушылық тудырады.

Аннотация

В выступлении говорится о важности применения технологий на языковых предметах. Кроме этого, текст содержит практические советы по использованию информационных технологий на уроках русского языка, потому что психологически облегчают процесс усвоения материала и возбуждают живой интерес к предмету познания.

Мир стал другим. Обилие информации, ускорение ритма жизни, эмоциональное напряжение – все это требует от современного человека ускоренной реакции. Сегодня, для того чтобы быть востребованным, нужно уметь многое. Этому много предстоит научить наших школьников, и эта задача стоит перед нами - учителями.

XXI век – век новейших технологий, и воспользоваться всеми его новшествами есть возможность у каждого. Большинство людей используют мобильные телефоны для получения информации, общения, покупок, для осуществления каких - либо банковских операций. Сегодня задача учителя развить в учениках функциональную грамотность, в частности, и информационную, чтобы в будущем учащиеся могли самостоятельно добывать нужную информацию, правильно ее интерпретировать.

Скептики скажут: «Раньше был только мел и доска, и учили не хуже». Конечно, все правильно. Но у каждого времени свои требования. Мы, учителя, должны помочь нашим ученикам стать конкурентоспособными в любой сфере. Для этого учитель сам должен развиваться и совершенствоваться. Совершенствуя компетенции, мы развиваем навыки обучающихся. Как все в мире взаимосвязано, так и в учебном процессе не может быть все по-отдельности: информатика сама по себе, русский язык сам по себе.

Задача учителя словесника –научить правильно использовать все возможные технические средства для получения, обработки информации и использования ее для языковых целей.

Умение перерабатывать текст, отбирая главную информацию из большого потока, трансформировать текст из сплошного в несплошной и наоборот – все это помогает сегодня быть ученику мобильным. Современный школьник учится не только получать знания, но и совершенствовать аналитические навыки. Именно навыки помогут в дальнейшем использовать все свои умения, знания.

Для развития информационной компетентности на уроках русского языка есть большие возможности. Начнем с простого: с использования аудио на уроке. Прослушивая записи по различным темам, учащиеся оценивают эффективность речи говорящего: смог ли оратор донести свою мысль, соответствовала ли интонация, темп и тон речи цели выступления. Кроме этого, аудио используется для записи своей речи, чтобы постепенно ее улучшать и совершенствовать. У ученика есть возможность стать хорошим оратором.

Использование видео позволяет наглядно описать увиденное. Это большая помощь для развития языка, особенно в старших классах. Учащиеся могут изучать жанры, стили по видеосюжетам, а не только читая тексты. Например, новостной сюжет будет отличаться от шоу или детской передачи. Ученики, просмотрев эти материалы, смогут сравнить, описать, сделать выводы. Есть возможность для развития знаний по типу речи. Когда на уроке демонстрируешь картины времен года – описание или же фрагмент фильма, где сменяются картинки – повествование.

Самым распространенным информационным источником сегодня считается интернет, в котором очень множество ресурсов как для объяснения материала, так и для проверки знаний. Чаще всего учителя используют компьютеры для создания презентаций. Сегодня, наверное, каждый школьник обладает такими знаниями, и его этим не удивишь. Задача учителя русского языка развивать язык, а не компьютерную грамотность. Для решения этой задачи я использую Интернет-ресурсы для сравнения, анализа, интерпретации полученной информации через навыки письма и говорения.

При изучении темы «Здоровье. Здоровый образ жизни» учащиеся сравнивали сайты по предоставлению информации медицинскими учреждениями. Куда можно обратиться по лечению того или иного заболевания, с учетом наличия квалифицированных врачей, оборудования, специализации и, конечно, стоимости пребывания в этих больницах. Кроме этого, проанализировав эти источники, учащиеся отметили плюсы и недостатки некоторых сайтов, и для себя отметили, что нужно для того, чтобы сайт был востребованным.

На уроках делается акцент на выявлении достоверной информация в интернете. Поэтому по одному и тому же вопросу просматриваются несколько источников, при этом используются и печатные издания (словари, критические статьи). Сравнив, учащиеся могут определить, какая информация и из какого источника оказалось достоверной и полной.

Очень хорошим способом развития функциональной информационной грамотности является работа с несплошными текстами. В частности, при изучении темы «Искусство, кино» изучаются афиши разных лет, разных театров на один и тот же спектакль, например «Бесприданница». И снова ученикам понадобятся навыки анализа, синтеза, чтобы проследить развитие печатной продукции и создать «Линию сравнения» по каким-то параметрам. При этом они дистанционно обмениваются друг с другом для получения обратной связи, т.е. создают своеобразный чат. Здесь им придется использовать знания стилей речи, для того чтобы правильно донести свою мысль до оппонентов. Это способствуют развитию письменной речи обучающихся, прививает им стиль правильного общения в виртуальном мире, воспитывает корректное и толерантное отношение друг к другу.

Тема «Социальные проблемы общества» также требует информационной компетентности. Учащиеся рассматривают данную проблему по возрастающей: город – область – республика – континент – мировое сообщество. Создают диаграммы, таблицы

после сравнения и отбора материала, с учетом аудитории. Класс разбивается на группы и каждой дается свой слушатель: младший школьник, пенсионер, чиновники, современная молодежь. Исходя из поставленных задач, ученики создают свой продукт, который будет понятен их аудитории. При этом учитывается лексикон, аргументы, качество и достоверность информации. Немаловажным фактор оценивания данной работы будет демонстрация коммуникативных навыков и взаимодействия партнера или группы.

Ученики 8 классов создавали свои проекты в рамках изучения темы «Мир труда. Мир профессий». По словам самих учеников, это было познавательно и учило их отбирать главную информацию, подбирать слова для заголовков, рисунков, фильмов. На подготовку этого проекта было дано 2 месяца, в течение которых они вели дневниковые записи, где отражали свои действия, эмоции, радости и огорчения. Затем демонстрируя свои работы, они стояли перед большой аудиторией и презентовали свой материал. По отзывам учеников, можно сделать вывод, что это был положительный опыт. Им приходилось работать в разных направлениях.

Если продолжать темы для изучения, где будут развиваться языковые навыки, то их множество, мне хотелось бы обратиться к грамматике русского языка. При помощи определенных программ учащиеся создают свою базу проверочного, контрольного и дидактического материала по определенным темам. Ученик, отработав какое-то правило, создает тестовые вопросы, упражнения для контрольной работы, подбирает слова для диктанта. Обязательным условием является академическая честность, обучающийся не должен копировать имеющийся в интернете материал, а на основе него создавать свой. Конечно, многие могут возразить, сказав «зачем изобретать велосипед», но ведь сегодня главная задача учителя – это развитие навыков. Ученик должен уметь не только учиться, но и учить. Поэтому наш с ними девиз «Обучая другого, я обучаюсь сам».

Я думаю: каждому педагогу известно, что информационные технологии психологически облегчают процесс усвоения материала обучающимися; возбуждают живой интерес к предмету познания, а значит будет и положительный результат в изучении предмета.

Литература

1. Беляков Е.В. Понятие информационно-коммуникационных технологий и их роль в образовательном процессе //Литература в школе. – 2008.-№ 3.- С. 28-31.
2. Мочалова Н.А. Использование компьютера на уроках русского языка и литературы // Русский язык в школе. – 2007.- № 4.-С. 15-17.
3. Поташник М.М. Требования к современному уроку. –М.: Центр педагогического образования, 2008.
4. Семенов А.Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании // Информатика и образование. 2001. № 2. С. 2-6 1.
5. Хуторская Л.Н., Информационная педагогика, Интернет-журнал «Эйдос», 2005 С.12
6. Хуторской А.В. Инновации в общеобразовательной школе. Методы обучения, Российская Академия образования Москва 2006 С. 292

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА GEOKESKIN БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

АЛИЕВА Жансая Шынболатовна
Қостанай қаласындағы физика математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
География пәнінің мұғалімі
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Заманауи білім беру саласында негізгі жұмыс пен талап оқушының өздігінен білім алуына бағытталғаны белгілі. Ол бір жағынан оқушының өз-өзіне деген сенімін қалыптастырса, екінші жағынан сабақтағы мұғалімнің белсенділігін бәсеңдетеді. Бұл әрине, зияткер ұрпақты тәрбиелеуде таптырмас әдіс болып саналады. Сонымен қатар, білім беру саласындағы тағы да бір мәселе - ол сабақ процесі барысында қағаздың көп жұмсалуы. Егер экологиялық тұрғыдан баға бере алсақ, көп қағаздың жұмсалуы, ол-көп орман массивтерінің азаюы. Осы мәселенің төркінін анық көрсете алатындай жұмыс жасау жаңашыл мұғалімді ойландырмай қоймас деп санаймын. Сондықтан да менің жоғарыдағы айтып өткен санаттарымның шешімін түгел қамтымаса да біршама бөлігіне шешім бола алатындай бағдарлама ұсынғалы отырмын. Бұл GeoQeskyn бағдарламасы тек қана Назарбаев Зияткерлік мектептерінде ғана емес, сонымен қатар орта білім беретін барлық оқу орындарында қолдана алады деген ойдамын.

GeoQeskyn бағдарламаның негізгі жаңашылдығы: география сабақтарында картамен жұмыстың оның ішінде кескін картамен жұмыстың онлайн түрде орындалуында , иә әрине бұл бағдарлама кейбір адамдар үшін жаңашыл болмауы мүмкін, бірақ қазақ тілінде төрт бірдей географиялық қабықтағы кескін картамен жұмысқа бағытталған тапсырмаларды орындауға арналған таптырмас оқыту ресурсы деп айта аламын.

Осы бағдарламының оқыту процесіндегі тиімділігі қандай болмақ? Кей жағдайларды сыныптарда оқушылар кескін картаны түгел дерлік әкелмейді немесе керекті беттер кескін картада таусылып қалып жатады. Оқушылар Мысалы пайдалы қазбаларды түсіру керек болса олардың шартты белгілерін біркелкі сала алмауы мүмкін, кен орындарының атауларын жазу кезінде оқушылар жазуларды баспа әріптермен жазбай, яғни жалпы айтқанда картографиялық ережелерді сақтай алмауы мүмкін. Бұл әрине ең алдымен оқушының жұмысын бағалауда мұғалімге қиындық тудыруы мүмкін. Оқушылардың орындалатын жұмысы дерлік ақпараттық - комуникативтік құралдың көмегімен жүзеге асырылады. GeoQeskyn екі бөлімнен тұратын бағдарлама. Олар: географиялық қабықтың құрамдас бөліктері литосфера, атмосфера (алдағы уақытта биосфера мен гидросфера қосу жоспарда бар) Әр бөлімде оқу мақсаттарына сәйкестендірілген тапсырмалар бар. Оқушы онлайн түрде тапсырманы орындап, оны өзінің аты-жөнімен сақтап өзіне электронды нұсқасын ала алады. Сабақатан тыс уақытта да оқушы мен мұғалімге оқушы жұмысы қолжетімді болады. Бұл оқушының жұмысының кез-келген уақытта қолжетімділігімен қатар, уақыт жағынан да тиімді. Неге десек, қағаздағы кескін картадағы тапсырмаларды орындағанда оқушылар бояуға немесе әр кен орындарының атауларын физикалық картадан қарап, белгілеу кезінде де біршама уақыт алуы мүмкін.

Атмосфера бөлімі бойынша әр облыс орталықтарының қаңтар мен шілде айларының орташа температураларын есептеуде орташа температуралар амплитудасын бағдарлама шартты түрде өзі есептеп береді. Бұл әрине оқушының өзінің есептеу дағдысын шектемецді. Керісінше сол жүргізілген есептеулерге қарай отырып, оқушы аймақтар бойынша ауа-райы өзгерісін оған ісер ететін географиялық факторлар бойынша есептелген мәліметтерге талдау жасай алады.

Картамен жұмыс- география сабақтарының ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Тақтадағы дайын карталарды көрсетіп, есте сақтағаннан гөрі, оқушы керек картаны өзінің салғаны сабақ белсенділігін арттыра түседі.

GeoQeskyn бағдарламасының негізгі ерекшелігі қазіргі кездегі жағартылған білім беру оқу бағдарламасына сәйкес, жекелеген оқу мақсаттарында Қазақстандық компонент қоса қамтылып отырылуы керек. Сондықтан да бағдарламада географиялық қабықтар бойынша жүзеге асырылатын тапсырмалар дерлік Қазақстандық компонент негізінде жасалынған. Алдағы уақытта егер оқу орындарындағы әріптестер мен оқушылар тарапынан қолдау тауып жатырса, онда жаһандық азаматты тәрбиелеу компоненті бойынша дүниежүзілік география бойынша да тақырыптарға қатысты тапсырмалар енгізілу жоспарда бар.

Аннотация

Основные современные требования в области образования направлены на самообразование ученика. Это, с одной стороны, формирует у ученика уверенность в себе, с другой стороны, уменьшает деятельность учителя на уроке. Это является лучшим методом в воспитании интеллектуального поколения. Кроме того, еще одной проблемой в сфере образования является расходование бумаги в учебном процессе. Если рассматривать этот вопрос с точки зрения экологии, то это ведет к уменьшению лесных массивов. Считаю, что учителя-новатора всегда волновал этот вопрос. Поэтому я предлагаю программу, которая смогла бы решить все вышеперечисленные проблемы. Это программа Geokeski̕n, которую можно использовать не только в Назарбаев Интеллектуальных школах, а также в учебных заведениях среднего образования.

Новизна программы Geokeski̕n - эффективность использования во время работ с картами на уроках географии, в том числе с контурными картами в режиме онлайн. Да, конечно для некоторых людей это может быть не революционная программа, но для выполнения заданий, направленных на обучение на казахском языке, но могу сказать, что это будет уникальный ресурс.

Какова же эффективность этой программы в учебном процесс? В некоторых ситуациях у учеников нет в наличии контурных карт или нет нужных изображений в картах. Например, если нужно нанести условные знаки полезных ископаемых, то у учеников может не получиться нанесение на контурную карту или при подписании географических объектов не соблюдают картографические правила, пишут не печатными буквами. Прежде всего, это вызывает трудности при оценивании работы учащегося. Учащиеся выполняют работы с помощью информационно – коммуникативных технологий. Программа Geokeski̕n состоит из двух частей. Первая: составные части географической оболочки: литосфера, атмосфера (гидросфера и биосфера в ближайшее время планируется включить в программу). В каждом разделе есть задания к предлагаемым учебным целям. Ученик, выполняя задание в режиме онлайн, может сохранить себе электронную версию. Это программа доступна учащимся и во внеурочное время. Этот вид работы для ученика доступен в любой момент и эффективен по времени. Ведь заполнение в ручную контурных карт может занимать много времени.

Программа делает расчеты средней амплитуды температур января и июля по каждой области. Это конечно не ограничивает учеников от самостоятельного подсчета. Наоборот, в зависимости от проведенных расчетов, полученных сведений учащихся может сделать анализ географических факторов, влияющих на погоду по регионам.

Работа с картой - это неотъемлемая часть уроков географии. Чем использовать готовые карты, эффективнее будет пользоваться картами, созданные самими учащимися. От этого повысится активность учащихся на уроке.

Основной особенностью программы Geokeski̕n является то, что на использует современную обновленную программу образования, в соответствии с учебными целями, включая Казахстанских компонент. В программе во всех заданиях присутствует

казахстанских компонент. Если в будущем это программа будет эффективно использоваться учителями и учениками, можно будет добавить задания на глобальное гражданство.

Мектептердегі білім жүйесі қазіргі таңда сабақ барысындағы оқушы белсенділігін арттырып, мұғалім оған бағыт-бағдар беруші тұлға ретінде негізделеді. Бұрынғы кеңес үкіметтік білім беру жүйесіндегі басым рол сабақ барысында негізі мұғалімде болды. Заманауи талапқа сай өзіндік оқыту жүйесі қалыптасты. Осыған орай, барлығымыз да тиімді, сапалы әрі оқушыға қызықтыра алатындай сабақ жоспарын дайындау,қай мұғалімнің болмасын өз кәсібилігіне сын болмақ.

Жаңа технология, жаңа бағдарлама білім беру саласындағы кез-келген жаңа серпіліс бастапқы уақыттарда көп сынға ұшырап, кейін уақыт өте келе, сіңімді болады. Осы мақалада география сабақтарындағы тиімді ресурстар қатары да барлық оқу орындарында бірден жүзеге аспауы мүмкін. Алайда, уақыт өте келе, мұғалімге де оқушыға да пайдасы болатынына дәлел бар.

География сабақтарында тағы бір көп қолданатын тапсырманың түрі ол есептеулер. Осы мақала негізінде есептеулер жүргізуге қолайлы бағдарламаны да қарастырып өткенді жөн деп ойлаймын.Есептеулерді жүргізу арқылы оқушылар маркерлік тақталарды қолдана отырып, өз жауаптарын өздері тексеріп, өз-өздеріне бағалау жүргізе алады. Бұл да жоғарыда айтып өткен сабақтарда оқушы белсенділігінің артуына себеп бола алады. Атап айтатын болсақ, арнайы есептеулерді жүргізуға бәрімізге таныс Exsel арқылы жұмыс жасалатын GeoFlow бағдарламасы.

Заманауи талапқа сай, оқушылар өздері қарастырған елдерді егер де кескін картада бейнелейтін болса,ол картаны оқушылар арнайы ақпарттық құралдармен салады. GeoFlow бағдарламасы арқылы диаграммалар тұрғызып, сол елдерге қатысты статистикалық мәліметтерді де есте сақтауға үлкен септігін тигізеді. Осы тапсырмаларды орындау арқылы оқушыларда сабақтағы материалдарды игерумен қатар, сабаққа деген қызығушылық пайда болатыны да сөзсіз.

Осы орайда картамен жұмыс ол география сабақтарының ажырамас бөлігі ретінде қарастыратын болсақ, картаграфиялық сауаттылықтарын машықтандыруға бағытталған авторлық бағдарлама- Geokeski’n. Қазіргі таңда білім беру саласында қазақ тіліндегі оқушы мен мұғалімнің сұранысын қанағаттандыра алатындай қазақ тіліндегі кескін карта сызуға арналған бағдарлама

Бұл GeoQeskyn бағдарламасы тек қана Назарбаев Зияткерлік мектептерінде ғана емес, сонымен қатар орта білім беретін барлық оқу орындарында қолдана алады деген ойдамын.

География сабақтарында картамен жұмыстың оның ішінде кескін картамен жұмыстың онлайн түрде орындалуында , иә әрине бұл бағдарлама кейбір адамдар үшін жаңашыл болмауы мүмкін, бірақ қазақ тілінде төрт бірдей географиялық қабықтағы кескін картамен жұмысқа бағытталған тапсырмаларды орындауға арналған таптырмас оқыту ресурсы деп айта аламын.

Осы бағдарламының оқыту процесіндегі тиімділігі қандай болмақ? Кей жағдайларды сыныптарда оқушылар кескін картаны түгел дерлік әкелмейді немесе керекті беттер кескін картада таусылып қалып жатады. Оқушылар Мысалы, пайдалы қазбаларды түсіру керек болса олардың шартты белгілерін біркелкі сала алмауы мүмкін, кен орындарының атауларын жазу кезінде оқушылар жазуларды баспа әріптермен жазбай, яғни жалпы айтқанда картографиялық ережелерді сақтай алмауы мүмкін. Бұл әрине, ең алдымен оқушының жұмысын бағалауда мұғалімге қиындық тудыруы мүмкін. Оқушылардың орындалатын жұмысы дерлік ақпараттық - комуникативтік құралдың көмегімен жүзеге асырылады. GeoQeskyn екі бөлімнен тұратын бағдарлама. Олар: географиялық қабықтың құрамдас бөліктері литосфера, атмосфера (алдағы уақытта биосфера мен гидросфера қосу жоспарда бар) Әр бөлімде оқу мақсаттарына сәйкестендірілген тапсырмалар бар. Оқушы

онлайн түрде тапсырманы орындап, оны өзінің аты-жөнімен сақтап өзіне электронды нұсқасын ала алады. Сабақатан тыс уақытта да оқушы мен мұғалімге оқушы жұмысы қолжетімді болады. Бұл оқушының жұмысының кез-келген уақытта қолжетімділігімен қатар, уақыт жағынан да тиімді. Неге десек, қағаздағы кескін картадағы тапсырмаларды орындағанда оқушылар бояуға немесе әр кен орындарының атауларын физикалық картадан қарап, белгілеу кезінде де біршама уақыт алуы мүмкін.

Атмосфера бөлімі бойынша әр облыс орталықтарының қаңтар мен шілде айларының орташа температураларын есептеуде орташа температуралар амплитудасын бағдарлама шартты түрде өзі есептеп береді. Бұл әрине оқушының өзінің есептеу дағдысын шектемецді. Керісінше сол жүргізілген есептеулерге қарай отырып, оқушы аймақтар бойынша ауа-райы өзгерісін оған ісер ететін географиялық факторлар бойынша есептелген мәліметтерге талдау жасай алады.

Картамен жұмыс- география сабақтарының ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Тақтадағы дайын карталарды көрсетіп, есте сақтағаннан гөрі, оқушы керек картаны өзінің салғаны сабақ белсенділігін арттыра түседі.

GeoQeskyn бағдарламасының негізгі ерекшелігі қазіргі кездегі жағартылған білім беру оқу бағдарламасына сәйкес, жекелеген оқу мақсаттарында Қазақстандық компонент қоса қамтылып отырылуы керек. Сондықтан да бағдарламада географиялық қабықтар бойынша жүзеге асырылатын тапсырмалар дерлік Қазақстандық компонент негізінде жасалынған. Алдағы уақытта егер оқу орындарындағы әріптестер мен оқушылар тарапынан қолдау тауып жатырса, онда жаһандық азаматты тәрбиелеу компоненті бойынша дүниежүзілік география бойынша да тақырыптарға қатысты тапсырмалар енгізілу жоспарда бар.

Бұл бағдарламаны тек қана география сабақтарында ғана емес, сонымен қа тар, Қазақстан тарихы немесе кескін картамен жұмыс жасауға байланысты оқу мақсаттары бар басқа да сабақтарда да қолдануға болады. Өздері тұратын аймақтарда өндірілетін табиғи ресурстарды түсіріп, немесе өздері тұратын аймақтың тәуліктік температура амплитудасын есептеу арқылы орындалатын тапсырмалар осы бағдарлама қолданылған кез-келген география сабағының өмірмен байланыстылығын көрсете алады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. –Алматы. 2005.
2. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. –Астана. 1997.
3. Жильцова О.А. Обучающие технологии в естественно - научном образовании школьников. – М..: Полиграф сервис, 2003.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ, БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

АМАНОВА Гульхан Сабырхановна
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы»
АҚ Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ
Инновациялық технологиялар және жаратылыстану-ғылыми (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы
Тараз қаласы, Қазақстан

ИБРАЕВА Ж.С.
Тараз қалалық білім бөлімінің
№36 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Тараз қаласы, Қазақстан

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды. Белсенді әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады. Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу жәнеөмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Белсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action-әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті" деп атаймыз. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл белсенді әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу

өзіне деген сенімге тәрбиелейді;

шешендік өнерін жетілдіреді;

танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);

сыни ойлау дағдыларын дамытады;

өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Белсенді оқыту - әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады. Белсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

-терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

-өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

-ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

-өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

-пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

-шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті белсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

-бірлескен жұмыс;

-танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Белсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),

рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,

ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,құжаттар, мұражай т.б.)

презентациялар,

тренингтер,

интервью,

сауалнама т.б.

Белсенді әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

1) Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

2) Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін — өзі көрсетуіне жол беру.

3) Кабинет талапқа сай болуы қажет .

4) Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

5) Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

6) Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау .

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты т.б.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Мұндай жұмыс түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді. Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» (Ж.Аймауытұлы, 1929) оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыстар (Brodie, 2000), ойын «баламалары» (Bergen, 2002) және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойын түрлері кіреді (Peters, 1998). Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда ойын «баламалары» шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Мәселен, тіл үйретуде тиімді қолданылатын белсенді оқу стратегиялары:

• жаңа лексика мен идеяларды қоса алғанда, драмалық шығармалардағы бейнелер мен мәтіндерді зерделеу және бағалау;

• мәтіндерді бағалау және өзінің ойын білдіру үшін графикалық органайзерлерді қолдану;

• мәтіннің сюжетін, құрылымын, лексикасын және сөйлемдердің құрылымын талқылау мақсатында әңгімені бірігіп оқу;

• ойлануды қажет ететін мәселелерді ортаға салу және талқылау (Aronson, E., & Bridgeman, D, 1979).

Мұғалімдер осындай белсенді оқу стратегиясын қай жерде және қалай тиімді қолдануға боалтындығы, қандай жағдайларда тікелей нұсқау беру әдісі қолданылатыны туралы ойлануы тиіс, мысалы, бірлескен оқылым немесе жазылым барысында. Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Бірлескен жазылым әдісі қарастырылатын сабақ – оқытудың интербелсенді түрі, онда мұғалім алдымен көрсетеді, содан кейін жазушы рөлінде әрекет етеді; содан кейін оқушыларға қолдау ала отырып, мәтінді құрастыруға мүмкіндік берердің алдында оқушылардың идеяларын жинақтап, оларды толықтырып түзетеді. Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдарды, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып; бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Оқушылар арасында ынтымақтастық ахуалын қалыптастырып, жағымды психологиялық орта қалыптастыру үшін, оқушылардың арасында өзара қарым-қатынасты нығайтып, олардың өзіне беретін бағасын көтеріп, өзі туралы пікірін жақсарту арқылы табыстылық сезімін ұялату үшін оқушылармен түрлі жаттығу өткізуге болады. Ойын түрінде өткізілетін жаттығулар оқушылардың өзара араласуына және мұғалім мен оқушылар арасындағы тығыз қарым- қатынастың орнауына жол ашады. Оқу үдерісінде оқушылар толықтай өздігінен білім алатын сабақтардан гөрі, мұғалім қажетті жағдайларды жасап, көмекпен қамтамасыз ететін сабақтарда жоғары нәтижелерге жетуі мүмкін. Осы нәтижелерге жетудегі маңызды тәсілдердің бірі мұғалімнің әрбір оқушымен кері байланыс орнатып, келешектегі мақсаттарды айқындауы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1) Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары (Мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәрбие техникумдарына көмек). Қазақ баспасы, 1929

2) Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б., Құдиярова А. М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А. М. – Алматы: Дарын,-2004.

3) Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.

4) Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу- әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.

5) Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, Жалын баспасы, 1988. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 70 б.

6) «Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту». Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕТУДІ ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА CLIL ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

АХАТАЕВА Жадыра Оразхановна
Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі физика пәнінің мұғалімі
Семей қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мұғалімнің алдынан кездесетін қиындық-ол пәнмен қатар, оқушылардың қажетті тілді жоғары деңгейде білмеуі немесе жеткіліксіз болуы, үш тілділік стратегиясын толыққанды енгізуді кешеуілдетеді. CLIL әдістемесі элементтерін қолдану оқушыларды ойын еркін жеткізу кезіндегі тілдік кедергілерді жоюға, өз бетімен білім алуға, сонымен қатар пәнге деген қызығушылығын арттыруға, сыныптастарымен бірлесіп ойлауға, топта бірігіп ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу дағдыларының дамуына себепкер болады. Бұл мақалада физика сабақтарында оқушыларды ағылшын тілінде сөйлетуді дамыту мақсатында CLIL әдістемесін қолдану тиімділігі, сол мақсатқа жетелейтін кейбір әдіс-тәсілдер сипатталады.

Аннотация

Трудность, с которой сталкивается учитель, заключается в том, что в дополнение к предмету у детей недостаточно знаний на английсском языке, поэтому задерживается полное внедрение трёхъязычной стратегии. Использование методологии CLIL поможет детям устранить языковые барьеры и свободно высказать свои мнения, учится самостоятельно и повысить интерес к предмету, обсуждать вместе с одноклассниками и развивать навыки работы в команде. В этой статье описывается эффективность использования CLIL для обучения физики на английском языке и некоторым методам, которые приводят к этой цели.

CLIL оқу бағдарламасын басқа тілмен кіріктіре отырып беру әдістемесі болып табылады. Қазіргі жаһандану, техникаландыру заманында, яғни әлемнің ғылымындағы, өнеріндегі және технологияларындағы дамуды оқушылар басқа тілді меңгеру барысында біле отырып, өз тілінде сол дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл оқушыларға шет тілін оқытумен салыстырғанда көптеген жаңа бағыттар береді, себебі, мұнда оқушы тілмен қатар пәнді қоса меңгереді. Мұнда оқу мен ойлау дағдылары біріктірілген.

CLIL әдістемесін әртүрлі жастағы оқушыларға олардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдау арқылы қолдануды жүргізуге болады.

CLIL принциптері мен қызметі (сапалы сабақтарды дайындаған кезде осы принциптерді ұстану ұсынылады)

1)Таным

- балада қазіргі және бұрынғы білімі арасындағы байланыс көпіріндей өмірлік тәжірибелердің дағдысын қалыптастыру;
- жеке деңгейін қалыптастыру;
- жетістіктері және бағалау

2)Мәдениет

Бұл қауым мен азаматтық ұғымдарына қатысты. Мектепте жергілікті және жаһандық мәдениетті ескере отырып оқыту. Оқушы өзінің және өзге елдің мәдениетін қабылдай отырып, өзінің әлемнің азаматы екенін ұғынуы тиіс. Нәтижесінде, басты мақсат халықаралық ұғым мен білімді қамти алу, дамыта білу.

Біз ұжымдық сезімді қалыптастыра аламыз:

- тәжірибе алмасу мен бірлесе қызмет ету дағдыларын алу арқылы;
- топтағы көмек пен сыйласымдылықты, бірлескен қызметтерін көтермелеу арқылы;
- тәуекелділігін көтермелеу арқылы;

3)Мазмұны

Мұнда пәннің, курстың немесе тақырыптың мазмұны жайлы айтылады, яғни, түсіну және білу дағдыларын негізге алады.

Мазмұны болу керек:

- табиғи, нақты немесе түсінікті;
- баланың алдыңғы тәжірибелеріне қатысты;
- қызықты және белсенді болуға үйретететін;
- тілді аралық құрал ретінде қолдануын көтермелейтін (рөлдік ойындарда / есептерде т.б.)

4)Коммуникация

Оқушылардың сабақтың мазмұнына қатысты өз ойын, көзқарасын, жаңалығын білдіруге қатысты. Білу үшін тілді қолдануды үйренеді.

Біз ұжымдағы өзара қарым-қатынасты ынталандыра аламыз:

- Сыныптық жұмыстар арқылы (сынып бұрышы, плакаттар, ресурстар), байланысты қолдау үшін.
- ширығуды азайтып, тапсырмаларды орындауды мүмкін ететін топтық, ұжымдық жұмыстар беру арқылы;
- дұрыс немесе бұрыс жауаптарға өздері жету мүмкіндіктерін беру арқылы;
- мұғалімнің сөйлеу уақытын (ТТТ) азайтып және оқушының сөйлеу уақытын (STT) арттыру арқылы

Оқыту және үйренудегі сөздік

Біз күнделікті қолданатын сөздерімізге қарағанда білетін және түсінетін сөздеріміз көп, демек, бәсең сөздігіміз белсенді сөздік қорымыздан артық. Көбінесе кейбір сөздерді қолданбас бұрын мәтіндерден оқып немесе сөйлесу барысында естіп жүреміз

CLIL әдістемесін оқыту және үйрену үшін жаңа сөздерді қалай таңдаймыз:

- Мазмұны жағынан өнімді (сабақта қаншалықты көп сөздер қарастырылады (деңгей / қабілеттілік))
- Жиілігі (жаңа сөздер мен сөз тіркестері қаншалықты жиі қолданылады)
- Диапазоны (олардың қолданылу шегі)
- Танысу (сөз тіпті жиі қолданылмаса да, таныс)
- Пайдасы (алынған мәліметтердің өмірдегі қажеттілігін қарастыру)

Осы CLIL принциптері сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға көмегі көп. Әсіресе, физиканы ағылшын тілінде қарастыруды 7-11 сыныптан бастаған оқушылар үшін ең маңыздысы сөздік қорларын толықтыру. Осыған байланысты «Game board», «Term», «Working with pictures» сияқты жұмыстарды әрбір тақырып немесе әрбір тарау бойынша жүргізіп отырған ыңғайлы. Осы әдістемеде алдымен тілді дамыту, одан кейін сын тұрғысынан ойлау әдістемесін енгізу ұсынылады. Мұнда оқушылар жаңа терминдерді үйреніп қана қоймай оны қолдану аясын, жиілігін де кеңейтеді. Топтық, жұптық жұмыстар барысында бір-біріне түсіндіру барысында тілдік кедергінің алынып, оқушының ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік жасалады.

Әдістеме элементтерін физика пәнінде қолдану әдістерінің бірнеше түрлерін ұсынуға болады.

Activity «Words clouds» Өткен тақырыптарға байланысты бірнеше термин сөздер жиынтығы беріледі. Осы сөздерді қолдана отырып ережелерді, анықтамаларды, құбылыстарды, заңдылықтарды жазбаша немесе ауызша сипаттайды.

Мысалы, «Gravitational field» тақырыбында төмендегі сөздерді қолданып, тапсырманы орындайды.

Activity Alphabet Cards. Екінші жұбын тап.

1. Оқушылар берілген терминдерді оның анықтамасы және сипаттамасы бойынша сәйкестендіріп өз жұптарын табады.

2. Табылған жұп өздерінің терминдерін ережесімен немесе сипаттамасымен бірге айтып өтеді.

Activity «Funny formula»

Оқушылар есеп шығару дағдылын дамыту үшін физикалық формулаларды есте сақтай білуі қажет. Осы дағдыларын жетілдіру мақсатында физика сабақтарында «Funny formula» активитиді қолдануға болады. Мында тарауға және тақырыпқа байланысты формулалар жиыны әр түрлі түспен көрсетіледі, осы жеке бөліктерге бөлінген формулаларды оқушылар жинақтай білуі тиіс. Сол жинақталған формула бойынша олар минитоптарға бөлінеді.



Сөздерді орналастыр. Activity Text

Мәтінді оқып, сөйлемдегі бос орындардың орнына төмендегі сөздерді қойып толықтырады. Тапсырманы жекелеме және жұптық, топтық әдіс бойынша өткізуге болады.

TOPIC: Carnot Engine and Carnot Cycle

1. What is a Carnot engine?

A: A practical (1)_____to convert heat into mechanical work.

2. Describe the heat engine devised by Carnot? Is it possible to generate or produce that Carnot Engine?

A: It is a heat engine free fom all imperfectness of the actual heat engine and hence it is (2)_____(3)_____to generate such an engine in (4)_____practice.

3. Name and describe the five main parts of Carnot heat engine.

A: Cylinder – main part with perfectly (5)_____walls and perfectly (6)_____base, fitted with perfectly (7)_____and (8)_____piston

Source – a very hot body (9)_____at a fixed higher temperature and has infinite (10)_____capacity meaning any amount of heat can be taken out of it without changing the temperature of the (11)_____.

Activity “Boardgame” оқушылардың сабаққа ынтасын арттырып, жаңа тақырыпты бекіту үшін немесе өткен тақырыпқа қайталау жасау үшін, сол сияқты оқушылардың бір-біріне ынтымақтастығын жетілдіру үшін қолданылады. Бұл тапсырманы топтық жұмыстар жүргізген кезде пайдалануға болады. Тапсырманы орындау үшін алдын ала дайындалған домино тақтасы және ойын сүйектері қажет.

Әр топқа жеке домино тақтасы және ойын сүйектері таратылады. Топтың ішінде тапсырамның орындалу реті сүйекті лақтыру арқылы анықталады. Домино тақтасында тапсырмалармен қатар, оқушылардың көңіл күйін көтеруге арналған смайликтерде болады.



Activity “Key words” жаңа материалды қабылдауға дайындық барысында есте сақтау қабілеттерін байқау, өз ойларын саралау көзделеді. Тарауға және тақырыпқа байланысты негізгі бірнеше сөздер алынады. Сынып топқа бөлініп, әрбір топтан бір-бір оқушыдан шығып, топқа қарап бұрылып отырады, басқа топ мүшелеріне кез келген екі сөз көрсетіледі. Осы көрсетілген сөздерді бұрылып отырған оқушыларға түсіндіріп жеткізу қажет.

CLIL әдістемесі элементтерін қолдану оқушыларды ойын еркін жеткізуге, өз бетімен білім алуға, сонымен қатар пәнге деген қызығушылығын арттыруға, сыныптастарымен бірлесіп ойлауға, үш тілдік стратегиясын жетілдіруге, топта бірігіп ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу дағдыларының дамуына себепкер болады. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс жұмыстарда топпен, жұппен жұмыс істеу оқушыларды шыдамдылыққа, өзінің көзқарасына жауапкершілікпен қарауға, оқу процесін тек стандартты түрде қарастырмай, нақты өмірмен байланыстырып, жақындатуға үйретеді. Сонымен бірге оқушының жекелеме жұмыс жасау дағдысын дамытуға да септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1) David Sang, Timothy Chadwick «CLIL for Physics»
2) http://www.onestopenglish.com/clil/what-is-clil/
3) https://www.languagelink.ru/services/exams/tkt/clil.php

4) http://bilingual-online.net/index.php?option=com_content&view=article&id=1821%3Aclil-bilingual-russian-mehrsprachigkeit&catid=50%3Akabinet-psihologa&Itemid=47&lang=ru
5) https://www.slideshare.net/mirun/clil-methodology

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

МУКАТАЕВА Гүлназ Кадировна
Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, эксперт

Аңдатпа

Әдістемелік мақала кіріктірілген жаңа бағдарлама бойынша әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғалімдерге көмекші нұсқаулық ретінде ұсынылып отыр.Көркем шығарманы талдауда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану жұмыс барысында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға жетелейді деген үміттеміз.

Аннотация

Методическая статья рекомендовано учителям литературы, работающим по интегрированной программе, в качестве вспомогательного материала. Надеемся, предложенные активные методы обучения при анализе художественного произведения помогут повысить интерес учащихся к предмету.

«Талдау», оның ішінде «әдеби талдау» дегеніміз не? «Талдау» сөзінің ең алғашқы терминологиялық мағынасы - зат пен құбылысты аңғарып танып- білу жолдарының бір көрінісі. Көркем шығарманы зерттеп біле отырып, ол қалай және қандай амал-тәсілмен жазылса да, оның көркемдік тұтастығын әрқашан ой-санамызда берік ұстауға тиіспіз. Көркем шығарманың ең шағын деталін, оның әрбір құрамдас бөлігін қарастыра аламыз. Әдеби талдау өзінің нағыз, дұрыс мағынасында – әдеби шығарманы кез келген бөліктер мен бөлшектерге бөлу емес, тек осылай талдау шығарманы терең түсініп білге көмектеседі. Суреткер ойы шығармада ешқашан анық көрінбейді, тереңде "жасырынып жатады". Шығармаға талдау жасай отырып, біз оқушыны суреткердің ой-мақсатын ашуға бағыттап үйретуіміз керек. Шығарманы терең меңгеруге негізделген жағдайдағы талдаудың дұрыс қолданылған амал-тәсілдері көркемдік тұтастыққа алып келетіні сөзсіз. Кез келген талдау өзінің алдына көркем туындының көрінбей жасырын тұрған жақтарын болжай түсуді мақсат етіп қойған жағдайда ғана ол проблемалық сипатқа ие болады. Әдебиет пәні шәкіртті өнер туындысын тануға үйретеді, оны ой көзімен пайымдау үшін қажетті біліммен қатар, дағды қалыптастырады. Бұл орайда шығарманы үстірт оқумен шектелмей, ондағы кейіпкер тағдырына ортақтасып, мазмұн мен түп бірлігін, көркемдік деңгейін, сөз астарын, түрлі деталь қызметін, мәнін аңғара білуге тиіспіз. Осыдан келіп шығармамен жұмыс істеуде әдеби талдауды жетік меңгерудің қажеттігі туындайды. Оқушының көркем шығарманы қызыға оқуы жазушының стиліне,шеберлігіне тікелей байланысты. Ондағы сомдалған кейіпкерлерге өзіндік баға беруге машықтандыру, жазушының ұстанған бағытын, шығарманың идеясын, көркемдік деңгейін танып-біліп, салыстыра отырып және таңдай алатын талғампаздыққа жетелеу, дағдыландыру, көркем туындымен жұмыс істеудің басты міндеттері болып табылады. Оқылған шығарманы мазмұн мен пішін бірлігінде талдау өзекті мәселе. Ол үшін эстетикалық талдау әдістерін - проблемалы талдау, тақырыптық талдау, образ бойынша талдау әдістерін шығарманың жанрлық, көркемдік ерекшелігіне орай қолданған жөн. Көркем шығарманы оқыту адам өмірі, оның өмір сүріп отырған ортасы, заман ағымы, тіпті табиғи мекен-жайымен тығыз байланысты десек,

осының бәрін оқушы санасына жеткізе білу-сыншы Белинский айтқандай "Ақын образбен сөйлейді, ол шындыққа сай дәлелдемей, көзге елестетеді" деген қағиданы жүзеге асыру деген сөз. Демек кейіпкер тұлғасы- кез келген өнерде негізгі буын, ең негізгі түп тамыр. Әдеби шығарманы үйретуде оқушылардың қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру, қоршаған ортаның әлеуметтік мәселелерін алып көрсетуде жеке кейіпкерлер тұлғасын таныта білу- әдебиетші-ұстаздың басты міндеті екенін ұмытпағанымыз абзал. Осы орайда көркем шығарманың бүкіл композициялық құрылымы мен идеялық түйінін ашуда сюжеттік желі ерекше орын алатынын, ол тағы да көркем бейнеге келіп тірелетінін есте ұстау қажет. Талданылатын көркем туындының мазмұны таныс болуы керек.

Авторлық мақсат шығарма мақсатына байланысты түпкі нысанаға жетелейді. Кейіпкер портреті шығарма ішінде бір ғана оқиғамен ашыла салмайды. Автор айтып отырған "өзге кейіпкер" - шығармадағы басты тұлғаны ашуға себепші болатын образдар. Шығармадағы кейіпкер монологі, өзіндік толғанысы, іс-әрекеті оның көркем бейнесін сомдайтыны анық. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің ірілі-ұсақты әрекеті,өмірге көзқарасы, қоршаған дүниені қиялдауы, басқалармен қарым-қатынасы, ой-пікірі, тіпті сөз сөйлеуі - кейіпкерлердің бейнесін ашатын негізгі детальдар. Кейіпкерлер жүйесін қарастыру үшін романнан іріктеліп алынатын үзінділер, дәлелдеулер дұрыс таңдалғаны жөн. Текске жүгіну, көркем шығарманың өзіне терең үңілу - ой мен логикалық-психологиялық жағынан қолдануға тиіс кейіпкер тұлғасын ерекшелейтін детальдарын нақты таба білу деген сөз. Шығарма талдауда жазушының тіл шеберлігін зерттей отырудың мәні зор. Шығарма тілін жазушы тілі және кейіпкерлер тілі деп бөлуге болады. Көркем туындының бүкіл өн бойы осы тілден, тілді құрайтын сөздерден туады. Сондықтан тілдің мәні, атқаратын қызметі үлкен. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің орнын, ой-мақсатын оның сөйлесу тілі арқылы айқындауға болады. Тілдік ерекшеліктерді талдауда жазушының жекелеген сөз қолданыстары мен сөйлемдер контексіне, түрлі бейнелегіш тәсілдері мен автордың өзіне тән мәнеріне назар аударылуы тиіс. Көркем шығармадан алынатын цитата, үзінділер жазушы жасаған көркем бейнелердің ішкі жан- дүниесін, тұлғасын, образ жасау үшін романдағы алатын орнын айқындауға сөзсіз көмегін тигізуі шарт. Әр образға талдау жасау, баға беру үстінде оқушы кейіпкер бейнесін оның өскен ортасымен, қоғамдық сипатқа сай, сол дәуірмен байланыста айтып бере білуі қажет. Әр шығарма өзінің мазмұны мен формасы жағынан әр басқа болатыны сияқты, оны талдау да алуан түрлі тәсілді талап етеді. Талдауды бірыңғай сызбаға құруға болмайды. Алайда көркем шығарманы талдау барысында айтылар ойды негізгі мәселелердің төңірегінен өрбітіп отыратын жүйелілік қажет. Бүгінгі таңда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу бағдарламасына кіргізіліп, 7-12-сыныптарда оқытылып жатқан кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасындағы әдебиет пәнінің маңызы ерекше. Кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасындағы әдебиет пәнінің мақсаты: ана тілін қадірлейтін,қоғамдық мәнін түсінетін, тіл нормаларын сақтап қолдана білетін, еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік, шығармашылық қабілетін дамыту.

Әдебиет пәні бойынша төмендегідей дағдылар қалыптастырылады:

- Түсіну және жауап беру
- Анализ және интерпретация
- Бағалау мен салыстыру анализдері.

Оқушы бойында осы дағдыларды әдеби көркем шығармаларды жете түсініп, талдау арқылы сіңіре білуіміз қажет. Әдеби шығармаларды тілдік ерекшелігіне талдауды қалыптастыруда белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін үйелі пайдалану оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Оқу үрдісінде жаңа бағыт, жаңа технология қарқын алуда. Әдебиет пәнін оқытуда осы жаңа технологияны саралап қолдана білу, көркем шығарманы оқытуда оның идеясын, тілдік ерекшеліктерін жете түсінуге көп көмегін тигізеді. Төмендегі ұсынылған оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері арқылы әдеби шығармаларды талдауда нәтижелі жетістіктерге жетуге болады.



Сурет 1. «Фишбоун» белсенді әдіс – тәсілі

Пайдалану мақсаты: Шығарманы талқылауға арналған жаттығу.

Орындалу барысы:басы – тақырыптың мәселесі, үстіңгі сүйектері тақырыптың негізгі түсініктері, астыңғы сүйектері – себептері, құйрығы мәселенің шешімі. Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден болуы мүмкін.

«Шың» белсенді оқыту әдісі

Пайдаланатын мақсаты:шығарма кейіпкерлеріне талдау жасауға, мінездеме беруге арналған. Тақтада, флипчартта немесе әр оқушының дәптерінде шыңырауға апаратын жол бар. Биік шыңның суреті салынады. Шыңырау жаман адам/кейіпкер, ал Биік шың – мінсіз адам/кейіпкер болып табылады. Өтіліп жатқан шығарманың кейіпкерлерін осы суретте нүкте арқылы белгілеу керек. Шығарманың бірнеше кейіпкерін алатын орнына, маңыздылығына қарай шың басына не шыңырауға орналастыруға болады. Сонымен қатар, шығармадағы кейіпкерді суреттеудегі автор қолданған көркем бейнелеуіш сөздерді жазып отырады.

«Қар кесегі» белсенді оқыту тәсілі

«Қар кесегі» белсенді оқыту арқылы – оқушы оқып жатқан шығармадағы автор қолданған көркем сөздердің тізімін жасайды. Үзіндіден ең көп троп түрін тапқан оқушы өз тізімін сынып оқушыларына оқиды, ал басқалары өздерінде жоқ бейнелі сөздерді тізімдеріне қосып жазып алады.

Классикалық шығарма себеті

Классикалық шығарма себетін құрудың мақсаты: ұсынылған шығармадағы жазушы қолданған көркемдегіш сөздерді тауып, өз пікірімен байланыстыра отырып, кейіпкерге мінездеме беру. Жазушының стильдік ерекшелігін ашу.

«Жазбаларды толықтыру» тәсілі

Оқушылар топқа бөлініп шығармадағы эпитеттерді, метафораларды табады, содан кейін басқа топ мүшелерінің жазбаларымен ауысады, оны өздерінің тарапынан толықтырып жазады. Шығарманы жұппен тілдік ерекшелігіне талдайды.

«Пирамидалық талқылау» стартегиясы

Топтағы оқушылар шығарма тілі, стильдік ерекшелігі туралы өз пікірін жеке жазып, талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Топтағы оқушылар саны 4 баладан аспауы керек. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаздың ортасына жазып, ойларын талқылайды.

«Пирамидалық талқылау» стратегиясы

Сурет 2. «Пирамидалық талқылау» стратегиясы

«Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу» деген екен ұлы ғұлама Әл Фараби. Ендеше біз оқушы бойына бұл қасиеттердің дәнін әдеби шығармаларды сүйіп оқуға тәрбиелеу арқылы еге аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

[1].Қ.Алпысбаев «Көркем шығарманы талдау жолдары»
[2].Т.Ақшолақов «Әдеби шығармаларды талдау»
[3].Кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасы

ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРУГЕ ӘСЕР ЕТУ

АХМЕТКАЛИЕВА Гүлнар Кеңесбековна
Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Өскемен қаласы, Қазақстан

АМИРГАЗИНА Қарлығаш Нұғымановна
Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Өскемен қаласы, Қазақстан

МУКАТАЕВА Гүлназ Кадировна
Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Өскемен қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Іс – әрекеттегі зерттеу жұмысы екі бағытта жүргізілді. Мектеп бағдарламасына сай оқылым дағдысын жетілдіру мақсатында оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Зерттеу жұмысына қазақ тілі бірінші және екінші тіл ретінде оқытылатын 11- сынып оқушылары қатысты. Олар білім деңгейлеріне байланысты іріктелді. Зерттеу барысында мектеп психологімен, кураторлармен және пән мұғалімдерімен, сыни достармен кеңестік. Оқушылардың өз бетінше, жұпта, топта жұмыс

істеуі зерттелді. Іс – әрекеттегі зерттеу күтілетін нәтижесі бойынша оқушылар мәтінмен жұмыс жүйесін, оқылған мәтін бойынша автордың ойын түсініп, өз пікірімен салыстыра алды. Мәтіннің мағынасын, құрылымын ажырату барысында кездескен қиындықтарды анықтап, шешуге тырысты.

Іс – әрекеттегі зерттеу жұмысы мектеп бағдарламасына сай оқылым дағдысын жетілдіру,оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру, жетілдіру бағытында жүргізілді. Зерттеу жұмысына қазақ тілі бірінші және екінші тіл ретінде оқытылатын 11-сынып оқушылары қатысып, салыстырмалы талдау жасалды.

Аннотация

Исследование в действии проходит в двух направлениях. Развитие навыка чтения проводится в соответствии школьной программой в целях формирования собственного мнения.

В исследовательской работе участвовали учащиеся 11-х классов с казахским и русским языком обучения. Они отобраны по уровням знания.

В ходе исследования советовались со школьным психологом, кураторами и учителями – предметниками и критическим другом. Были исследованы виды работ: групповые , парные, индивидуальные.

По ожидаемому результату исследования в действии учащиеся системно работая с текстом смогли сравнить собственное мнение с авторской позицией. В ходе исследования были выявлены и решены возникшие трудности по определению структуры и содержания текста.

Исследование в действии на основе школьной программы, развивая навык чтения, формируют собственное мнение учащихся. Проведен анализ исследовательской работы среди учащихся 11-х классов с казахским и русским языком обучения.

Жаңа кіріктірілген оқыту бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі – оқушының кез келген тақырыпқа өзіндік көзқарасын, сыни, креативті ойлауын дамыту. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушылар көбінесе мәтінмен жұмыс істегендіктен оны жан – жақты талдай алуы, өмірмен байланыстыруы шарт. Мәтіннің негізгі идеясын танып, стиліне, тіліне талдау жасау – негізгі талаптардың бірі. Егер осыған дейін тест сауалдары немесе жазбаша жұмыс түрін қорытынды аттестаттау үлгісі ретінде тапсырып келсе, жаңа бағдарлама қорытындысында оқушының мәтін талдай алуы басты талап болуда. Сондықтан да зерттеу тақырыбын осы бағытта «Оқылым дағдысын жетілдіру арқылы оқушының өзіндік көзқарасын білдіруге әсер ету» деп алдық.

Мәтінді тілдік талдау пәнінің нысаны-мәтіндегі тілдік құралдарының көркем мазмұнды бейнелеуге қатысы. Зерттеудің міндеті-осы біртұтас күрделі құрылымды талдап түсіндіру, оның ұйымдасу механизмін ашу. Бұл міндет мәтінді тілдік және тілдік стилистикалық талдаулар арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар зерттеудің негізгі міндеттерін төмендегідей қарастыруға болады:

а) оқушылардың қазақ тілінің сөздік құрамын, дыбыс жүйесін, сөздерге түсетін екпін түрлерін, сөйлеу интонациясын, сөз мағынасы түрлері жөнінде білімін тиянақтау, жетілдіру;

ә) шығарма түрі, жанр, композициясы тақырыбы тұрғысынан да талданатын болғандықтан, тілдік талдауды әдеби талдаумен ұштастыра меңгерту;

б) мәтінді дұрыс мазмұндауға дағдыландыру;

в) мәтінді сөйлеу бөліктеріндегі интонацияларды дұрыс қоя біліп, мәнерлеп оқи білуге үйрету;

г) көркемдегіш тілдік құралдарды пайдаланудағы автордың жеке өзіндік қолданыс ерекшелігін тануға көмектесу;

д) прозалық шығармалардан алынған үзіндіні мазмұндау, мәтінге әдеби және тілдік талдау жасау;

ж) поэзиялық шығармаларды мазмұндау, мәтінге әдеби және тілдік талдау жүргізу;

е) драмалық шығарма үлгілерін мазмұндау, мәтінге әдеби және толық тілдік талдау жасау.

Мәтінді тілдік талдау, бір жағынан әдеби тілдің тарихи ерекшеліктерін ескеруге, екінші жағынан жалпы тілдік (соның ішінде көркем тілдік те) фактілер мен авторлардың даралық құбылыстарды айқын ажыратып, дұрыс бағалай білуге негізделеді.

Жаңа бағдарлама оқушының сөйлеуіне, сыни ойлауына бағытталғандықтан сабақ барысында түрлі тапсырмалар мен жаңаша белсенді әдіс – тәсілдерді талап етеді. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кіріктірілген жаңа Кэмбридж бағдарламасы бойынша 11 – сынып оқушыларының оқылым, жазылым дағдыларын меңгеруде,түрлі тапсырмаларды орындау барысында кездескен қиындықтарын байқадық. Оны оқушылармен жүргізген сауалнама нәтижесі де көрсетті. Сауалнамада берілген барлық 5 сұрақта да оқушылардың оқылым және мәтін талдауда қиналатындығы байқалды. Сондықтан да осы тақырып біздің зерттеуімізге негіз болды. Ол үшін өзіміз таңдап алған 11 «А», 11 «Е», 11 «С» сынып оқушыларын сабақта бақылай бастадық. Алдымен оқушылардың әлеуметтік жағдайларымен, яғни отбасы жағдайларымен танысып шықтық. Себебі біз, мұғалімдер, алдымызда отырған оқушының қас – қабағынан оның бүгінгі сабаққа деген ынтасын, көңіл – күйін білуіміз керек. Бірақ бұл жерде ең бастысы мұғалім әрекеті шынайы болуы тиіс. Кей жағдайда оқушының отбасына қатысты келеңсіз жағдайлар болуы мүмкін, сондықтан біз әр оқушының әлеуметтік жағдайларын да білуіміз тиіс. Келесі кезең – мектебіміздің психолог мамандарымен бірлескен жұмыс, яғни оқушының психологиялық диагностикасымен танысу. Бұл да зерттеудің жемісті жүруіне және белгілі бір нәтижеге жетуге қозғаушы күш. Психологиялық диагностика әр оқушы туралы ақпарат жинауға толық мүмкіндік берді. Сынып топқа бөлінбейтіндіктен оқушыларды сабақ барысында қадағалап - зерттеуді бірінші жылы бастауымызға байланысты сыныптан шағын фокус – топ алып зерттеуді мақсат еттік. Осылайша жоғарыда аталған әрбір сыныптан 3 оқушыны таңдап алдық. Қазан айында оқушылардың осы зерттеуге келісімі сұралды. Зерттеу барысы түсіндірілді.

Оқушылар бағдарлама тақырыптарына байланысты берілген сөздердің мағынасын түрлі мәтіндерден тауып анықтады. Берілген тақырыптар бойынша өз ойын еркін жеткізуге жаттығу сөздік қорының жеткілікті болуына байланысты болғандықтан үнемі осы жұмыс түрлерін өзгертіп, өзгеше әдіс-тәсілдерді іздестіріп, қолдануға жетеледік. Білім деңгейі жоғары және орташа Г., Ш. атты зерттеуге қатысушы оқушылар күтілетін нәтиже бойынша мәтінмен жұмыс жүйесін, оқылған мәтін бойынша автордың ойын түсініп, өз пікірімен салыстырды. Мәтіннің мағынасын, құрылымын ажырату барысында кездескен қиындықтарды анықтап, шешуге тырысты.

Зерттеу барысында ата-аналармен, мектеп психологімен, кураторлармен кеңесіп, пән мұғалімдерінен құнды пікірлер қабылданды.

Зерттеу жұмысының барысын рефлексивті журналға жазып отырдық. Тақырып аясында үнемі зерттеуге қатысты әдебиеттерді оқыдық. Бір –біріміздің сабақтарымызға қатысып, мәтінмен жұмыс барысын талқыладық.

Сабақ барысында зерттеу аясындағы үш оқушы үш топқа отырғызылды.

Оқылым дағдысы бойынша талдауға ұсынылған мәтіндер бағдарламада берілген тақырыптарға сай алынды. Кіріктірілген жаңа бағдарлама бойынша қазақ тіліндегі тақырыптар тақырыптар 9 бөлімнен тұрады. Т1/ оқыту тілі- қазақ тілі/ сыныбында «**Ақылдың алты қалпағы» әдісі** бойынша құрастырылған тапсырмада берілген «Жастардың мәдениеті көңілге қаяу түсіреді» мәтіні оқушылардың сыни тұрғыдан жауап беруіне, ойлау қабілеттерін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасауға бағытталды.

ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ КӨҢІЛГЕ ҚАЯУ ТҮСІРЕДІ

Жұмыссыздық, баспана проблемасы, жас отбасылар жағдайы және тағы басқасы әрдайым БАҚ беттерінде жазылып жүр. Мемлекетте жастармен айналысатын ұйымдар көп болғанымен, аталған мәселелердің шешімі әлі де табылмай жатыр. «Бүгінде жастардың хал-

ахуалы қандай? Қазақ жастарын не толғандырады? Жастардың мәдениетке, жалпы ел дамуына қосар үлесі қандай?» деген бірер сұраққа жауапты Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының бастығы Санжар Боқаевқа жолдадық.

Мамандық таңдай алмайды

«Қазірде жастардың 47 әлеуметтік тобына көңіл бөлінбейді екен. Әр топтың өзіндік проблемалары, өмірге деген бөлек көзқарасы, ұстанымы бар. Мемлекет тарапынан осы топтарды зерттеп, жіктеп, мәселелерін қарауға бағдар жасалмаған. Қазір әрқайсысын зерттеп, тыңғылықты жұмыс жасау керектігін назарға алдық.

Бүгінде Алматы қаласында 250 мың студент білім алуда. Оның ішінде 160 мың жастар ЖОО-да оқып жүр. Білімгерлердің 74 пайызы – басқа өңірден келетіндер. Сол себепті де жастар үшін ең басты мәселе – баспана. Студенттердің 49 пайызы ғана жатақханамен қамтылған. Қазірде қанша жатақхана жеткіліксіз. Оқу жылы басталған уақытта жатақхана берерде ақша сұрайтын мұғалімдер, болмаса әлеуметтік жағдайына қарамастан кезек күтіп, тіпті ала алмай жатқан студенттерден әртүрлі шағымхаттар түседі. Яғни осының салдарынан әртүрлі тәртіпсіздіктер орын алады. Түскен фактілер бойынша тексеру жүргізіп, университет тарапынан шара қолдануын талап етеміз. Әзірге қолдан келетіні – осы. Бұл – бірінші мәселе.

Екінші мәселе жатақханамен қамтылған студенттердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайы.Жастар арасындағы келесі мәселе – жұмыссыздық. Жастардың жұмыссыз қалуының басты факторы – олардың мамандық таңдай алмауында. Жұмыссыздықты зерттеу орталығында IT-байланыс, телекоммуникация, радиотехника мамандықтарына сұраныс көп, маман жоқ. Ал экономика, заң саласы бойынша мамандар жетіп-артылады да, жұмыс жоқ. Жақында Орталық мешіттің жанында жұмыс жәрмеңкесін өткіздік. Жұмыссыз жүрген жастар ақшаның соңынан еріп, түрлі теріс идеологиялық ағымдарға түсіп, жетегіне еріп кетеді. Сол себепті бұл шараны мешіттің жанында өткізу керек деп шештік. Екі күнде 460 жұмыссыз жастың анкетасын алдық. Байқағанымыз, әр үшінші жас азамат «Сіз кім болып жұмыс істегіңіз келеді?» деген сұраққа жауап бере алмайды. Қай салада жұмыс істегісі келетінін білмейтін азамат, қайдан қызмет іздеу керектігін біле ме?! Осы мақсатта Алматы қаласының әкімдігіне бес жылдық мамандар дайындау жоспарын жасап, жұмыс нарығына бағытталған бағдарлама туралы ұсыныс бердік».

Мәтінді оқу арқылы :

«Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«Қызыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасап сөйлейді.

Т2 сынып / оқу тілі- орыс тілі/ оқушыларына тапсырма мәтіннің мағынасына, құрылымына, коммуникациясына қарай құрылды.

ПАТРИОТ ЖАСТАР БАРШЫЛЫҚ

I. «Қазіргі қазақ жастары патриот емес» дегенді аға- апаларымыздан жиі естіп қалып жатамыз. Әрине бес саусақ бірдей емес, бірақ қазіргі заманның қазақ жастарында патриот сезімі бар,баршылық деп айта аламын және көріп те жүрмін. Қазіргі қазақ жастары патриот, бұл азаматтар отанын мылтықпен қорғамаса да ақыл ойымен қорғайды.

II. Өз Отаныңды өзің қорғамасаң басқа біреу келіп сенің шекараңды күзетпейді. Бірақ осы тыныштық заманның өзінде отансүйгіштік қасиетті насихаттай алуымыз керек. Мылтықсыз майданның өзінде талай қазақ баласы алдыға суырылып шығып жатыр. Соның өзі біз үшін, сіз үшін үлкен дәлел емес пе?! Патриот жастар баршылық. Аллаға шүкір! Қазақ жастары патриот емес дегенге мүлдем келіспеймін, қазір еліміз аман, заманымыз тыныш лайым солай болғай!

III. «Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты —

Мен жастарға сенемін!!» демеді ме Мағжан сол кездің өзінде. Әрине париот жастарды тәрбиелейтін аға буын және сол елдің халқы екені мәлім. Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе артқы дөңгелегі де солай жүреді емес пе? Жас буын аға буынға қарап бой түзейді, ой түзейді! Қысқасы, қазақ жастары намысты қолдан бермейтін нағыз патриот жастар екеніне күмәнім жоқ !

Оқушылар мәтін бойынша құрылған сұрақтарға жауап береді.

Сұрақ. Қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес?

1. Жастарда отансүйгіштік қасиет жеткіліксіз дейді
2. Бүгінгі таңда да жастар ерлік көрсетуде

А) Тек бірінші
Б) Тек екінші
С) Екеуі де дұрыс
Д) Екеуі де бұрыс

Сұрақ. Қай абзацта қиындықтан қорықпау туралы айтылады?

А) I
В) II
С) III

Сұрақ. Автор неге назар аударғысы келді?

А) жастар туралы ақынның ойына
В) жастардың тек үлгі алуына
С) жастардың елжандылығына
Д) жастардың сезімшіл болуына

Зерттеу барысында ата-аналармен, мектеп психологімен, кураторлармен кеңесіп, пән мұғалімдерінен құнды пікірлер қабылданды. Зерттеу жұмысының барысын рефлексивті журналға жазып отырдық. Бір – біріміздің сабақтарымызға қатысып, үш сыныпта бірге жоспарланған сабақ өткіздік. Нәтижесінде зерттеуге алынған оқушымыздың сабаққа қызығушылығы артып,белсенділігі артқаны байқалды.Бүгінгі күні зерттеу аясында оқушылардың мәтінмен жұмыс жүйесін түсінуіне, оқыған мәтін бойынша автордың ойын жете ұғынуына, өз пікірімен салыстыруына, мәтіннің мағынасын, құрылымын ажырату барысында кездескен қиындықтарды анықтап, шешу жолдарын қарастыра білуіне қол жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.
2. «Жастардың мәдениеті көңілге қаяу түсіреді»// «Егеменді Қазақстан» газеті, 2014
3. «Патриот жастар баршылық»// «Егеменді Қазақстан», 2014

МЕДИАӨНІМДЕРІНІҢ ОҚУШЫ - ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАБІЛЕТІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

АХМЕТОВ Даулет Маратович
Шымкент қаласындағы химия-билогия бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік Мектебі
Тарих мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада автор ақпараттандырудың қауіп-қатер факторлары контекстінде білім алу процесіндегі ақпараттандыру мен оқушының денсаулығы арасындағы байланысты

теориялық-әдістемелік мәселе ретінде қарастырады. Қазіргі замаңғы медианөнімдер (интернет, БАҚ, теледидар, компьютер және т.б) жеткіншектердің сана – сезіміне және денсаулығына әсерін педагогикалық контекстіде қарастырады. Мақалада әр – түрлі ақпараттық құралдардың оқу процессі кезіндегі оқушылардың физиологиялық жай - күйіне жағымсыз әсері туралы анықтама берілген.

Кілт сөздер. Ақпараттық қоғам, білім беруді ақпараттандыру, денсаулық мәдениеті, ақпараттандыру қауіп-қатерінің факторлары

Аннотация

В статье раскрывается проблема влияния медиапродукции на способности восприятия информации учащимися подросткового возраста в образовательном процессе школы. На основе теоретического анализа источников, сделан вывод о том, что влияние медиапродукций на сознание учащихся-подростков не ограничивается психологическими факторами и условиями, как это общепринято в массовом педагогическом сознании.

Ключивые слова: Медиапродукция, восприятие информации, информационное голодание, учащися - подростки инфоматизационное общество

Қазіргі таңда медиаөнімдердің (интернет, БАҚ, теледидар, компьютер және т.б) XXI ғасырдың барлық заманауи оқушы -жеткіншектің қолында бар екені белгілі. Ата – аналар өз балаларының қатарларынан қалмауы үшін, түрлі гаджеттермен, құрылғылармен қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі таңда 5 пен 7 жас аралағындағы балалардың 70 пайызында «смартфон», ал 14 жастағы жеткіншектер өмірінің жартысын виртуалды әлемде өткізуде. Сонымен қатар, әлем педагогтары медиаөнімдердің баланың толығымен жетілмеген психологиялық мінез – құлықына кері әсері туралы дабыл қағуда. Оның бірден – бір себептерінің бірі - интернет, БАҚ, теледидардан алынған ақпарат. Мұндай ақпарат жеткіншек оқушылардың бойындағы этикалық, моральдік нормалардың өзгеруіне немесе толық жойылуына алып келеді. Мұндай «виртуализцияның» әсері туралы қазіргі заман психологтары [1, 126 б] көп уақыттарын жасөспірімдер әр турлі ойын ойнап, әлеуметтік желіде «өмір сүреді» және ата – аналар бақылауынан тыс виртуалды қауымдастықтарда тіркелгені туралы ақпарат береді. Балалар мен жасөспірімдер «Виртуальді әлемді» күнделікті әдет ретінде қабылдап, өздерінің ұзақ уақыттарын өткізіп, өзекті қажеттіліктерін шешеді, атап айтқанда өзара қарым – қатынасты күшейтеді. Әсіресе коммуникабельді белсенділіктің пайызын жасөспірімдер құрайды. Олардың көпшілігі желіні өз өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған. Дүниежүзілік желінің қарқынды өсуімен байланысты орын алып жатқан осындай өзгерістер тұлғаның өсу процесіне қалай әсер етіп жатқанын зерттеуге қажеттілік туындатады.

Ғалымдар медиаөнімдерінің жасөспірімдердің психологиясына әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге олардың физологиясына әсері болатындығы туралы хабарлайды. Мәселен, интернеттен келген оқу ісіне қатысы жоқ қосымша ақпараттар (компьютер ойындары, теледидар, БАҚ), сонымен қатар ақпараттық сенсорлық әсердің ерекше түрі - шу (мағынасы жоқ ақпаратты тасымалдайтын ақпараттық асыра жүктеу) ойлау процесіне жағымсыз әсер етіп, ақпаратты түсінуге кедергі келтіреді және қабылданған ақпараттын өңделуін шектейді (адам миының ақпаратты өңдеу жылдамдығы секундына 25 биттен аспайды). Бұл феноменді ақпараттың адам ағзасына асыра жүктелу (overload) деп атайды, яғни бұл жағдай актуалды емес және пайдасыз ақпараттардың көлемі адамның физиологиялық өңдеу қабілеттілігінен шектен тыс шығу кезінде туындайды. Асыра жүктеу ағзаның барлық жүйелеріне әсер етеді (сезу мүшелері, орталық және перифериялық жүйке жүйесі, қан айналым, тыныс алу, қимыл-қозғалысы). “Когнитивті асыра жүктеу” ұзақ уақытқа есте сақтау қабілетін нашарлатып, ақпараттың жөнді сақталуын және өңделуіне мүмкіндік бермей, ойларды “анық емес және шашыраңқы” қалдырады. Соның нәтижесінде оқушылардың машықтанбаған жүйке жүйесі, оқу тапсырмасын орындау немесе зерттеу жұмысы кезінде керек мәліметті рационалды жинақтауға, сұрыптауға және түсінуге кедергі

жасайды. Ағазаның адаптациялық жүйесіне едәуір күш түседі, ал бұл оқушының денсаулығына тікелей әсер етіп, психикалық ауруларға алып келеді [2, 68 б].

Бұған дәлел ретінде жастар мен жеткіншектердің ауруға шалдығуының құрылымы мен деңгейіндегі айрықша өзгерістерді атауға болады. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДСҰ) дерегі бойынша, соңғы 65 жылдың ішінде неврозбен ауыратындар саны 24 есеге көбейген. Бұл психологиялық кері фактор ретінде саналатын, ақпараттың асыра жүктелуімен түсіндіріледі. Бұндай жағдай ақпараттандыру проблемасын оқушылардың денсаулығын сақтау тұрғысынан да қарауға алып келеді. Бұл жағдай білім беру саласының алдында, дені сау ұрпақтың қалыптасуын инновациялық (ақпараттық) құралдардың қатысында ұйымдастыру мен білім деңгейін көтерудегі өзгерістердің қабылдануы арасында қарама-қайшылықты туындатады.

Ақпаратты асыра жүктеу оқушылардың денсаулығына айрықша әсер ететін маңызды, бірақ жалғыз фактор емес. Тағы бір фактордың болуы парадоксалді болып табылады – ақпараттық аштық, ол информациялық ағымның төмендеуі немесе оның уақытша тоқтауы кезінде болады. Бұл екі құбылыс өзара тығыз байланысты, олар барлық сезу мүшелерімен қабылданылатын информацияның үлкен ағымына деген адаптацияның(үйрену) физиологиялық реакцияларының психофизиологиялық болмысымен ұқсас: ақпараттық ағым бейсана арқылы организмнің сезу органдарымен қабылданылады, және санамен тіркелмейді (ағзаның қорғану реакциясы). Ақпараттық фон адамның қатысынсыз пайда болмайды және де ол оқу процесі мен бұнда қолданылатын техникалық құралдармен ғана байланысты емес, тағы да оқушылардың ортасымен, олардың техниканы басқа мақсаттарда қолдануы(смартфондар, компьютер ойындары, музыка, теледидар, радио, интернет және т.б.) секілді факторлармен байланысты. Ақпараттық фон – ақпараттың асыра жүктелу факторының бір бөлшегі болғанымен, оның кемуі немесе тіпті жоғалып кетуі санамен ақпараттың жетіспеушілігі ретінде қабылданады. Ағза сенсорлық қоздырғыштардың қайта қалпына келуін «қажет етеді». Нақты түсіп жатқан ақпаратқа қатысы жоқ, жағымсыз әсерлер пайда болады. Ақпаратты асыра жүктеудің бөлігі ретінде, ақпараттық фонға тәуелділік туындайды. Бұндай жағдайды сенсорлы депривация деп те қарастырады, ол қарым-қатынастың жетіспеушілігінен, сенсорлық әсерлерден арылғандықтан туындайды. Қайта қалыптасу эффектісін білім алу процесі қарастырса, ақпараттық аштықтың жақсы жақтары да бар, себебі ол ішкі бейсанаалық анализді, ақпаратты талдау және сараптау, өзіндік бапталу процестерін жүргізіп, ағзаны әлсіретеді. Ағза ақпараттың асыра жүктелуінен «сақтанбақшы» болып, тез толып қалатын, адаптациялық резервтерді қолданады. Сондай-ақ, оқушы ақпараттың бір бөлігін қабылдауды тоқтатады (естімейді), оны бұлыңғыр күйде қабылдайды, бұл фактологиялық қателіктерге алып келеді. Осының салдарынан, тапсырманы дұрыс шешпеу, ойлау дағдысы мен шығармашылық қабілеттердің кемуі орын алады.

Білім беру саласында ақпараттандыру контекстіндегі оқушылардың денсаулығымен байланысты келесі фактор ақпаратты (коммуникативті) адаптация – микропроцессордан құралған ақпараттық құрал-жабдықтардың (компьютер, интернет) жеткіншекті шынайы өмірден аластатуы болып табылады. Ендігі мәселе - виртуалды кеңістікке еніп кеткен баланың күрделі психологиялық тәуелділігі болып табылады, бұл сананың өз физикалық жағдайы туралы білімі төмендеп немесе тіпті жойылып кеткенде пайда болады.[3, 109 б]

Сана «тек адамдарға ғана тән жоғарғы және сөйлеумен тікелей байланысты ми функциясы болғандықтан», алдын-ала болжай білуге және рефлексияның арқасында өз әрекетін бақылауда ұстау мен реттеуге мүмкіндік бере отырып, шынайылықты көрсетеді. Шынайылық сезім жүйесінің – бес сезім мүшелерінің (көру, есту, иіскеу, сипап-сезу, дәм сезу) қоздырылуынан пайда болады. Виртуалды әлемге енгенде, ақпарат дәл осы сезім мүшелерімен қабылданылады, алайда мәселе бұның ақиқат шынайылық емес, техникалық құралдардың көмегімен құралған, шынайылықта жоқ әлем екендігінде (білім алу

мақсатында оны құру компьютерлік немесе бағдарламалық жасақтама арқылы жүзеге асырылады).

Цифрлық ортаның қауіптілігі виртуалды әлемнің «шынайылыққа тән әрекет пен әсерді» қалдыра алатынында және де оның объектілері де материалды әлемнің объектілеріне (физика заңы бойынша) тән қасиетке ие. Виртуалды әлемнің бүкіл шынайылыққа тән заттарды көрсетуінен иллюзия пайда болып, қалған бұл кеңістікке тән барлық заттар «ақиқат» деп қабылданады. Сыртқы физикалық әлемнен толық алыстағандай әсер туындайды. Әртүрлі деңгейде виртуалды әлемге енеді: баяндау, кеңістік, эмоция, сенсорлық, психологиялық, тактикалық, стратегиялық түрде санамен, эмоциямен, когнитивті қызметпен манипуляцияға жағдай туғызады. Психикалық жағдай шексіздікті, аса зейін бөлуді, уақыттың өткенін сезбеу секілді сезімдер мен қатар, әрекет еткендегі жеңілдікті сезінумен орын алады. Соңында, наркотикке тәуелділіктің механизмін еске салатын құштарлық пайда болады(цифрлық наркотик).

♦ **Коммуникативтік** – оның қарастыру нысаны басқа адамның ішкі жан дүниесі мен оның әрекеттерінің себептері туралы түсінік. Мұнда рефлексия басқа адамды танып-білудің тетіктері ретінде қолданылады.

♦ **Тұлғалық** – танып-білудің нысаны ретінде танумен айналысатын тұлғаның өзі, оның қасиеттері мен сапалары, мінез-құлық сипаттамалары, басқалармен қарым-қатынас жасау жүйесі қарастырылады.

♦ **Интеллектуалдық** – әртүрлі міндеттерді шешу барысында, шешім табудың түрлі жолдарын талдап, тапсырманың шарттарына бірнеше қайтара оралып, ең тиімді тәсілдерін таба білу қабілеті арқылы айқындалады.

Рефлексияны тек сабақтың соңында ғана емес, кез келген кезеңінде жүзеге асыруға болады. Рефлексия өтілген материалды ұғынуға, ортақ жинаққа әрбір топ мүшесі тарапынан ойластырылған, түсінген нәрселерді жинақтауға бағытталған. Оның мақсаты сабақтан бекітілген нәтижемен шығу ғана емес, тұтас мағыналық тізбек құру, басқалардың қолданатын әдіс-тәсілдерін өзінің қолданғанымен салыстыру болып табылады. Рефлексияның міндеттеріне қарай төмендегідей топтастыру қолданылып жүр:

1. Көңіл-күй және эмоционалдық ахуал рефлексиясы
2. Іс-әрекет рефлексиясы
3. Оқу материалының мазмұны бойынша рефлексия

Рефлексия жасауға үйретуді төмендегідей бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1 кезең – өзінің көңіл-күйін талдау
– өзінің жетістіктерін талдау
2 кезең – күнделікті өзін-өзі талдау (рефлексивті күнделік жүргізу)
3 кезең – сыныптастарының жұмысын талдау
4 кезең – өз тобының, сондай-ақ басқалардың жұмысын талдау

Рефлексияны жүргізу тәсілдері

Рефлексия бүкіл оқу үдерісінің барысында, оның әр кезеңінде түрлі қызметтерді атқара отырып жүзеге асады. Сонымен қатар, рефлексия үдерісіне білім алушылар мен оқытушылар қатысуы маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, рефлексия үдерісіне оқу үдерісі субъектілерінің біреуі қатыспаған жағдайда, рефлексияның барлық құрылымы тиімсіз болып шығады.

Рефлексия ауызша немесе жазбаша түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Соған байланысты, ол әртүрлі мағынаға ие болады.

Ауызша рефлексия:

Ауызша рефлексияның мақсаты өзінің жеке ұстанымын жариялау, оның басқа адамдардың ой-пікірлерімен арақатынасын айқындау болып табылады. Студенттер мен оқушылардың айтуы бойынша, көп жағдайда өз ойларын білдіру, диалог немесе сұрақ түрінде жеткізу кейбір маңызды мәселелерді анықтауға көмектеседі. Ауызша рефлексияның алуан түрлі тәсілдерінің арасында (диалог, тоғыспалы дикуссия немесе «Бірлескен ізденіс» дискуссиясы) педагогикалық тәжірибе үдерісінде педагогтер мен оқушылардың жұмысында ең тиімді қолданылатын тәсілдерінің бірі – «Екі қатарлы дөңгелек үстел», оның мақсаты қатысушылар үшін өзекті болатын мәселелер жөнінде пікір алмасу болып табылады.

Екі қатарлы дөңгелек үстел

Оқытушы «Екі қатарлы дөңгелек үстелді» жүргізу барысында қатысушылардан екі топ құрады. Бірінші топ «ішкі» шеңберді құрайды. Бұл топ қатысушылары талқыланатын мәселе жөнінде пікірлерін еркін айтады. Сонымен қатар, қатысушылар бір-бірінің көзқарасын сынамай, өз пікірлерін қысқа әрі нақты айтуы маңызды. Екінші топ қатысушылары («сыртқы шеңбер») ішкі шеңбер қатысушыларының пікірлерін белгілеп, оларға өз сұрақтары мен түсіндірмелерін дайындап отырады. Түсіндірмелер талқыланып жатқан сұрақтың мәніне, ішкі шеңбердегі талқылану үдерісіне, айтылған ұстанымдарының заңдылықтарына, осындай пікірлердің мүмкін себептеріне қатысты болуы мүмкін. Ішкі шеңбер қатысушылары өз ойларын нақты және қысқа білдіріп, алдыңғы айтылып кеткен пікірмен байланыстыру керек. Оқытушы айтылған пікірлердің мазмұнына араласпай, диалогті талқыланатын мәселе аясына бағыттап, әртүрлі көзқарастарды белгілеп, жұмысты үйлестіріп отырады. Ішкі шеңбердің жұмысы аяқталғанда, оқытушы сыртқы шеңберді құрайтын топты талқылауға қатысуға шақырады. Сыртқы шеңбер қатысушылары жоғарыда айтылған ережеге сәйкес жұмыс жасайды. Жұмыс соңында оқытушы қатысушылардан

қорытындыларын ауызша немесе жазбаша түрде құрастыруын сұрайды, содан кейін өзінің түсіндірмелері мен ескертпелерін айтады.

Жазбаша рефлексия:

Психолог-ғалымдар мен педагогтердің көпшілігі, оның ішінде Ф.Кортахен, тұлғаның дамуы үшін ең маңыздысы жазбаша рефлексия деп белгілейді. Жазбаша рефлексияның жиі қолданылатын бірнеше түрлерін атап кетуге болады:

- *Эссе* – шағын көлемдегі, нақты белгіленген тақырыпты ашатын және айрықша субъективті түсіндірме берілетін, еркін композицияға құрылған, ауызекі тілге бағытталған, парадокстерге бейімділігі бар туынды (М.Н.Эпштейн "Образ бен түсініктің тоғысында"). Эссе жазу білім алушының белгілі бір мәселе бойынша барлық қарама-қайшылықтар бойынша өз тәжірибесіне жүгінуін .
- *«Борт журналы»* (ағл. Log) – ақпаратты тірек сөздер, графикалық модельдер, қысқа сөйлемдер мен ой тұжырымдар, сұрақтар арқылы бекіту түрі. Білім алушылармен толтырып отыратын «борт журналына» оқытушы тарапынан ұсынылатын бөліктері ретінде: тақырып бойынша тірек сөздер, студенттің өзі айқындауы тиіс байланыстар, маңызды сұрақтар болуы мүмкін.
- *Күнделіктің түрлері*: қарапайым күнделік, күнделік-көркем альбом, екі бөлімді күнделік (бір бағанында – бақыланатын фактілер, нақыл-сөздер, ал екіншісінде – өзінің түсіндірмелері). Күнделіктің эссе мен «борт журналынан» ерекшелігі оның ұзақ мерзім аралығында жүргізілуі және оқушының тікелей үдерісті бақылап, уақыт аралығындағы өз әрекеттерін салыстыра отырып («кейінге қалдырылған рефлексия»), терең рефлексияны жүзеге асыруына мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.
- *Жазбаша сұхбат* – топ қатысушыларының сұрақтар мен жауаптар түріндегі топтық жазбаша рефлексия нұсқасы. Бұл тәсіл өзара пікір алмасу мақсатында жүргізілетін жазбаша рефлексияны қысқа мерзім аралығында өткізуге мүмкіндік береді.
- *Өлең түрінде* (мысалы, синквейн – бесшумақты өлең) – бұл оқып үйренген түсінікті, үдерісті немесе құбылысты көркем түрде бағалауға мүмкіндік беретін шығармашылық рефлексия тәсілі.
- *Портфолионың түрлі нұсқалары* оқушылар мен студенттер қызметтерінің жекелеген аспектілерін барынша толық сипатта жұмысының жиынтығы болып, олардың байланыстырады. (К.Берк). И.Загашевтің айтуы бойынша, портфолиода бағалау парақтары, бақылау парақтары, күнделіктен үзінділер, «борт журналдары», видеоүзінділер, таныстырылымдардың жоспарлары мен жобалары қамтылуы мүмкін. Портфолио қарапайым оқушы жұмыстарының жиынтығы ғана емес, одан да көбірек маңызы бар, алдын ала жоспарланған, оқушының қол жеткізген жетістіктерінің дербес жиынтығы (Hamm & Adams, 1991).

Рефлексия жасау кезеңісіз қазіргі кезде сабақты жүргізу мүмкін еместігін педагогтер түсінуі қажет. Рефлексия жасау нұсқасын таңдау мұғалімнің өз құзырында.

Қорыта келе рефлексия жасауды әдетке айналдыру оқушыға өзін-өзі бақылау, бағалау, реттеуге үйретеді және жағдайды, мәселені, өмірді түйсіну дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар рефлексия оқушының сыни ойлауын дамытады, өз әрекетіне саналы қарауға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бизяева А.А. Психология думающего учителя. Педагогическая рефлексия. Псков 2004, стр.208
2. Голицын Г.А. Рефлексия как фактор развития// Проблемы рефлексии/ отв. ред. Ладенко И.С. - Новосибирск: Наука,1987. - С. 54-60.
3. Алексеев Н.Г., Ладепко И.С. Направления изучения рефлексии / Н.Г. Алексеев, И.Н. Семенов // Проблемы рефлексии. Современные комплексные исследования. -Новосибирск, 1987.-С. 3-13.
4. Семенов И.Н., Степанов С.Ю. Рефлексия в организации творческого мышления и саморазвития личности // Вопросы психологии. - 1983. - № 2. - С. 35 - 42.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ-ЖАСАМПАЗДЫҚ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БАУБЕКОВА Нурсауле Алимхановна
Шымкент қаласы ФМБ НЗМ
География пәнінің мұғалім-модераторы
Шымкент қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада білім берудің жаңа сапасындағы инновация ұғымына талдау жасалады.Сонымен қатар қазіргі таңда оқушыға білім беру жаңа, тиімділігі жағынан ұтымды, оқушыны шығармашылық ізденіске жетелейтін технологиялар жайлы айтылады.

Аннотация

В статье анализируется новые инновационные подходы в образовании. В настоящее время невозможно творческое развитие учащихся без эффективных развивающих технологий способствующих рациональному мышлению ведущих к цели.

Н.Назарбаев: «Оқыту әдістемесі-инновациялық, ал білім беру технологиясы-креативті болуы тиіс»

«Рухани жаңғыру» - еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуда. Бұл маңызды құжат білім беру ошақтарының тәрбие және идеологиялық жұмыстарын жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашады. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты

мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Сондықтан әрбір оқытушы - өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, білім алушылардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет. Сондай ақ, бұл әдістер оқушылардың креативті ойлау дағдысын дамытады. Мысалы, келесідегідей тапсырмалар беру барысында оқушылардың шығармашылығының дамуына ықпал етуге болады.

Суретті талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1-қадам.БАҚЫЛАУ
А. Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан соң оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз
В. Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.

Сурет 1. Шай плантациясы.

2-қадам. ҚОРЫТЫНДЫ

Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нәрсені көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз.

3-қадам. СҰРАҚТАР

А. Бұл сурет бойынша қандай сұрақтар туындайды?
В. Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?

Қазіргі мұғалім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда креативтіліктің қандай маңызы барын жақсы түсінуі керек. Креативті ойлау оқушының өмір жағдайларына тың көзқараспен қарап, өзіне тиімді, қажетті болашаққа сенім артатын шешімдер қабылдай білуіне ықпал етеді. Креативтілікті қалыптастыру мәселесі көптеген ғалым, педагог-психологтардың еңбектерінде көрініс тапқан. Креативтілік – ең алдымен адам әрекеті. Креативті әрекет түрінде қарастыру адам дамуының мүмкіндігінің шексіздігін көрсетеді және оның өзін белсенді етуге бастайды. Креативтілікті қалыптастыру тұлғаның шығармашылыққа жетелейтін қабілеттері мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады. Креативті ойлауды үйренуге, үйретуге болады ма деген пікір болуы мүмкін. «Мен болады» деп айтқым келеді. Креативті ойлау қабілетін дамытуда география пәнін оқыту мәселесімен байланыстыру оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Өйткені пәнді төменгі сыныптарда қызыға меңгерген оқушылардың жоғары сыныптарға барғанда, қызығушылықтары

төмендеп, селқостық пайда болатыны белгілі. Креативті оқыту әдістерін география пәнін оқытуда пайдалану оқушылардың креативті ойлау іскерлігін дамытумен қатар, оқу сауаттылығын, білімін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын. Пәнге деген қызығушылықты ояту үшін мұғалім сабақта оқушының ойлау белсенділігін оятатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыруы керек. Сондықтан сабақта қолданылатын әдістерді таңдағанда, сабақты жоспарлағанда, мұғалім оны оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын дамытатындай етіп таңдап, іріктеп отыруы керек. Оқушы мұғалім дайындап әкелген материалды қабылдап алушыдан оны іздеп табушыға айналады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі қажет. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық тапсырмалар беріліп отырады. Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесі оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуіне де байланысты. Қазақстан мектептері үшін бүгінгі күні кең инновациялық ізденіс тән. Инновациялық мектепте жұмыс мазмұнын, біртұтас педагогикалық үрдістің оқу-тәрбиелік тетіктерін мұғалімдер ізденістер арқылы толықтырып отырады. Оқу мен тәрбие тетігі мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы – іскерлік ынтымақтастығы, бірлескен қызметтің сипатына тәуелді екендігіне көз жеткізуге болады.Жаңа технологияның басты мақсаты-өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Сабақ барысында сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілі де ерекше мәнге ие әдіс болып табылады. Әсіресе, орыс сыныптарындағы оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы:талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріледі. Өзара талқылау арқылы, олардың бойында креативті ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көруге болады.Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысады.Бұл оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім. Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі - топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Оқушыларды көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана балада креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы білімінің тереңдігін көрсетеді. Олар оқушының креативті ой-санасын дамытып ойлануды үйретеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелдеңіз», «жинақтаңыз», «мағынасына қарай бөліңіз» деген тапсырмаларды ұсынуды қажет етеді. Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аудармай, шектеліп қалуға болмайды. Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер». Мектеп қабырғасында оқушы білім стандартына сәйкес білім алумен қатар ғылым көкжиегіне көз жіберіп, зерттеу мен зерделеуді саралап сараптауды үйрене бастауы тиіс. Бүгінгі күні өте қабілетті, дарынды балаларды іріктеп, олардың дамуына жағдай жасау - кезек күттірмейтін іс. Бала қабілеті мен дарынын толық ашу тек бала үшін ғана емес, ең алдымен, қоғам үшін маңызды.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі төмендегідей нәтиже береді:

- оқушылар басқалармен қарым – қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдап кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарайды;
- өз ойын топ алдында ашық айтып, қорғай біледі;
- керек кезде өз көзқарасын өзгертуге үйретеді, дамуын қамтамасыз етеді;
- оқушының өз мотивациясы өзгереді;

Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсіл көмегімен өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әр түрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылып отыру - әрбір мұғалімнің негізгі міндеті . Шығармашылық тұлғаның, дарынды оқушының ерекшелігі неде? Шығармашылық тұлға, яғни жас дарын жасының ерекшелігіне, қызығуына қарамастан өзгелерден даралылығымен, табандылығымен, шұғыл шешімділігімен, өз күшіне деген сенімділігімен, сезім ұшқырлығымен, өз бетімен жұмыс істеуге деген құштарлығымен, асқан шабытымен ерекшеленеді. Ендеше, оқушы шығармашылығын дамытудың мазмұны, әдіс-тәсілі қандай? Оқулықтарды берілген тапсырмалардан басқа шығармашылықты дамытудың басты нысанасы ретінде төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

- өздігінен бақылау жүргізу;
- қарапайым тәжірибелер жасау;
- эксперимент қою;
- мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу;
- модельдеу;
- жекеден жалпыны шығару;

Қорытынды

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде оқушыларға қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздеу,сол талапқа сай болу әр ұстаздың міндеті. Дарынды, білімді жастар ғана Егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына үлес қоса алады. Сондықтан оқушыға мұғалімнің берген білімді, іс – әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі креативтілік іс – әрекетімен сабақтастыруға тиіс. Инновациялық оқыту арқылы креативтілікті қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден – бір жолы. «Кез-келген адам басқалардың және оның білімін кемеліне келтіруіне көмектеспесе, өзінің де білімін кемеліне келтіре алмайды» Чарльз Диккенс деген сөзімен қорытындылаймын. Өзіміз, өз қолымызбен , өз қиялымызбен жасай білейік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Алматы. 2008. 6-б
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы. Астана. 2004. 3-4 б.
3. Н.Ә. Назарбаев."Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру"
4. М.Жұмабаев. Педагогика. Алматы. Ана тілі, 1992. 160-б
5. "Интеллектуалды ұлт - 2020" .// Қ.М, 01 акпан , 2010 ж.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КЕЙС СТАДИ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

БЕЙСЕНБАЕВА Ажар Какимовна,
БАЙБОЛТАЕВА Н.А.
Қазақ Ұлттық аграрлық университеті
«Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетінің
«Есеп, аудит және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы,
экономика ғылымдарының кандидаты
Алматы облысы, Қаскелең қаласы
Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада жоғарғы оқу орнындарындағы студенттерге білім берудегі қолданылатын оқу әдістерінің бірі кейстік әдісті қарастырған. Оқу үрдісіне кейстік әдісті қолдану бүгінгі күні өте өзекті. Кейстік технология оқыту әдісі – белгілі бір жағдаймен байланысты болғандықтан оқытушы нақты материалдар мен ресурстармен қамтамасыз етуі шарт. Кейс әдісті тұжырымдау бойынша қарастыратын болсақ, онда оқу материалдарының студенттерге берілетіні жағдай түрінде, ал оның қорытындысы өз беттерімен мақсатты түрде ақпарат жинап белгілі бір шешім қабылдау нәтижесінде әртүрлі көзқарас арқылы талдау және шешім қабылдау, процеске бақылау жасаумен қатар нәтижесін жинақтау кейстің типтеріне сәйкес орындауы қажет.

Түйін сөздер: кейс, оқыту технологиясы, мәселелер, нақты жағдай, ұйымдастыру кезеңі

Аннотация

Данная статья посвящена рассмотрению метода кейсов, который выступает как активный метод, применяемый для обучения студентов высших учебных заведений. Внедрение учебных кейсов в практику высших учебных заведениях в настоящее время является весьма актуальной задачей. Кейсовая технология (метод) обучения – это обучение действием. Сущность кейс-метода заключается в том, что учебный материал подается студентам в виде проблем (кейсов), а знания приобретаются ими в результате самостоятельного осуществления целеполагания, сбора необходимой информации и ее анализа с разных точек зрения, выдвижения гипотезы, выводов, заключения, самоконтроля процесса получения знаний и его результатов.

Ключевые слова: кейс, образовательная технология, проблемы, конкретная ситуация,этапы организации

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында сапалы және заманауи білім беру жүйесін құру алдыңғы қатарлы мақсаттардың бірі ретінде білім беру жүйесін жаңғыртудың табыстылығы оқытушылардың кәсіби біліктілігі және жауапкершілігімен анықталатындықтан көрсетілетін қызметіне айрықша мән беріледі.

Елбасы Н.Ә Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесінің қазіргі жағдайына жаңғыру қажет, яғни күнделікті экономикалық жағдайды ескере отырып білім беруде инновациялық технологияларды енгізу есебінен, оның бүгінгі күнгі шаралармен тығыз байланыстарына ерекше назар аудару керектігін атап көрсеткен. Бұл үрдіс студенттерге білім берудегі қажетті құзыреттіліктермен қамтамасыз ететін ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру мәселесінің өзекті екендігін негізге алады.

Студенттерге теориялық білім беру арқылы кәсіби бағытқа баулу нарықтық бәсекелестікте инновациялық жағдайда үлкен жылдамдықпен бір бірімен алмасып отырған ұйымдар жұмысына етене араласуға машықтануға септігін тигізеді. Яғни, экономикалық мамандықтар бойынша талап қоюдың өзектілігі уақытша ресурстар, ақпараттық ағым тапшылығы және анықталмаған жағдайда басқарушылық шешім қабылдау мүмкіншілігін

анықтауға бейімдеу. Сонымен қатар оқу үрдісі арқылы топпен жұмыс істеу және коммуникативтік шеберлікке үйрену басты мақсат. Экономикадағы инновациялық тың өзгерістер мен ғылымның орнының маңыздылығының артуы кәсіби біліктілікті жоғарлату үшін жаңа ізденістер мен заманауи қажеттіліктерге жауап беретін білім үрдісін ұйымдастыру әдістерін талап етеді.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияның дамуы оқу үрдісін ұйымдастыру барысында студенттердің ақпаратпен қамтамасыз етілу мүмкіншіліктерін арттырып отыр.Осы ретте студент пен оқытушының ролі ауысып оқу материалдарымен қамтамасыз ету белсенді түрде қамтылады. Оқытушы үшін оқыту үрдісінің маңыздылығын арттырып студентпен қарым қатынас жасау аясы кеңейеді. Теориялық білім беру мен оқыту әдістері педагогикалық технологиямен де ақпараттық мүмкіншіліктің оқу орнындағы ролін арттырады. Яғни қарым қатынастық моделін жасау арқылы көрсетеін болсақ төмендегі 1 суретте көрсетілген сызба арқылы қарастыруға болады.

Педагогикалық технологияны оқу үрдісінде мақсаты пайдалану арқылы бүгінгі күнгі еңбек нарығына қажетті маман дайындау үшін білім мен құзіркеттілігін қалыптастыру арқылы оқытудың нәтижесін айқындауға болады. Оқытуда теориялық білімді белгілі бір шаралармен байланыстыру арқылы тереңдетіп оқыту және үйрену арқылы меңгеру кәсіби деңгейін жоғарлатып машықтандырады. Сондықтан студенттерге білім беру ұшін қолданылатын педагогикалық технология оқытудың жоспарлы нәтижесі мен оның үрдісін сипаттау арқылы мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдердің жүйелі жиынтығы мен қызмет көрсету тәртібі.

1 сурет. Оқыту үрдісіндегі оқытушы мен студенттің байланысы

Педогогикалық технология ретінде кейс стади (case-stady) әдісін қарастырсақ, кейс сөзі ағылшын тіліннен - оқиға немесе жағдайды талқылау деген түсінікті білдіреді. Оның атауы жеке оқиғаның нақты жағдайын техникалық талдау нәтижесін білдіруі мүмкін:

Біріншіден бұл технологияның негізінде нақты жағдай мен оқиғалардың анықтауда қолданылады. Талдау мақсатында қарастырылған оқиға нақты өмірдегі жағдайды көрсетуі керек;

Екіншіден, зерттеу нәтижесі бойынша шешім қабылдауды оған қатысты мәселелер, туындаған тікелей немесе жанама қиындықтар, қарама-қайшылық, жасырын тапсырмалар болуы қажет:

Үшіншіден кейспен жұмыс істеу үрдісінде талдау жасаушылар қосымша ақпараттармен қамтамасыз етілуі шарт. Нәтижесінде жеке көзқарасы мен пікірін, қорытындысын, мәселелі жағдайдың шешімін және бір ғана емес көптеген шешімдерін табуы мүмкін.

Аталған педагогикалық технология негізі интерактивті болғандықтан студенттер көлденеңі бойынша бетпе-бет қарым-қатынаста болады, сонымен қатар студенттердің

белсенділігін, ынтасын, жауапкершілігін арттыруға ықпалын тигізеді. Алайда, бұл тәсілдің ең бастысы ол оқу аясында бағытталған және оның кәсіби біліктілігі, теориялық білімін ұштастыру мәселелерінің шешімін табуы, қызығушылығы нәтижесінде ықпалдылық туындайды. Мәселен нағыз инновациялық технологияларға сәйкес теориялық білімі және оқу үрдісі жеке тұлғалық емес, ол студентті құзіреттілігін арттырудың басты құралы екендігін білуіміз шарт. *Демек* case-study әдісін интерактивті оқыту әдісі деп танып оған біріктірілген әдістер, көлемі мен оны көрсету, жасау үдерісі, жұмыс істеу технологиясы деп танимыз.

Кейс стади (case-stady) әдісі бүгінгі күні жаңа технология емес, яғни пайда болу тарихына үңілсек Гарвард бизнес мектебінен 1909 жылдары бастау алғанмен тек 1921 жылы кейстер жинағы жарық көрген болатын. Онда арнайы жоба бойынша студенттер тапсыралар орындап нәтижесінде анықталған мәселелердің шешімін табу жолдарын анықтау арқылы ұсыныстарын баяндаған. Бүгінгі күні кейстік әдіс ауқымы кеңейіп шетелдік оқу орындарының бсты педагогикалық технологиясына айналып отыр. Дегенмен осы әдісті қолданатын оқытушылардың басты мақсаты – нақты сәйкестендірілген материалдар жинау болса, студенттер қойылған міндеттерге сәйкес мәселелерді шешу жолдарын ұсына отырып басқа тұлғалармен іс әрекетті талқылау. Демек, оқытушы орындаушы студенттермен кейсті орындау мақсатында пікір алмастырып белгілі бір мақсатты бағытты таңдауы тиіс. Сонымен қатар теориялық аспектілерді түсіндіріп қолданатын әдебиеттер мен нормативтік актілерді негізге алу қажеттігін ескертуі шарт. Кейсті орындау барысындағы студенттердің білімін тексеру оқытудың дидактикалық қағидаларына сәйкес жүргізіліп бағаланатындықтан. оған қойылатын талаптар келесідей ерекшеленеді:

- объективтілік – қойылған талаптар бойынша әрбір студенттің біліміне сәйкес нақты бағалау бойынша жағдай жасау;
- бағалау негізі – ақпараттың шынайылығы;
- бағалау тәртібіне келісім.

Жалпы орындалған кейс тапсырмасының бағалану реті студенттердің тапсырмаға қосқан үлесі мен орындау деңгейіне дейін жинақтаған балмен бағалау. Осы сәтте оқытушының бағалау шарасы үлкен маңызға ие. Себебі, әрбір студенттің белсенділігі, мақсатқа жету деңгейі, ойлау өресі мен баяндау жағдайы да ескерілуі шарт. Осыған байланысты кейс әдісімен тапсырма орындау күрделі үрдіс екендігіне тоқталсақ, оқытушының да және студенттің де дайындық деңгейін анықтауға болады. Гарвард бизнес мектебі оқу үрдісінде кейс әдісін қолданудың 4 типін ұсынған. Төмендегі кестеде қарастырылған белгілер бастама деңгейі мен оқытушы белсендігі, студенттің жағдайларды шешудегі пікірі мен көзқарасының маңызы, жауапкершілігі мен шешім қабылдау нәтижесіне байланысты нақты бөлінгені – проблемалық жағдайдың құрылуынан бастап қорытынды шешімге келгенше типтері бойынша бөлінген. Бұл типтерді негізге алып оқыту мақсаты бойынша проблемалық жағдайды анықтау және дайындау сипаттамасы мен қорытындылау арқылы студенттердің білім деңгейіне сәйкес ынталандыру және белсенділігі мен қабылдау санатына байланысты орындаған жұмысын бағалауға мүмкіншілік туады.

1 – кесте. Кейстің типтері бойынша орындау сипаттамасы

Кейс типтері	*Проблемалық жағдайдың анықтауы*	*Кейсті дайындау сипаттамасы*	*Таңдау жасау, қорытынды шешім*
1.Оқыту (Case-stated method). *Stated - белгіленген, тіркелген*	Оқытушы тапсырма беру арқылы	Оқытушы кейс дайындауда кейс құрамындағы 2-3 дайын нұсқасын қарастырып проблема бойынша шешім қабылдау	Студенттерге өз пікірлерін білдіріп және оның нәтижесін оқытушы өзі таңдап түсіндіре отырып студенттердің пікірін талқылайды

2.Талдамалық (Case-incident method). *Incident - өзіне тән, байланысты*	Оқытушы тапсырма беру арқылы	Оқытушы кейс дайындауда кейс құрамында бірнеше нұсқасы және қарастырып отырған проблема бойынша ақпараттар болуы	Студенттер оның нұсқасын таңдау және дайын кейстің материалдарына сүйене отырып шешім негіздеу
3.Эвристикалық (Case-problem method). *Problem - проблема, проблемалық жағдай*	Оқытушы және студенттер нақтылайды	Оқытушы бастапқы кейсті дайындайды, қажет болған жағдайда толықтырады және кейс құрамында қарастырылған проблема бойынша ақпараттық көздерін қамтуы және кейбір шешімдер нұсқасында көрсететін мысалдар және т. б болуы	Студенттер негізгі шешіміне сүйене отырып, дайын кейске материалдар құрайды. Пікірлерін негіздеу үшін кейсті жаңа ақпаратпен толықтырады
4.Зерттеу (Case-study method). *Study- зерттеу*	Оқытушы проблемалық бағытты, ал студенттер өз бетінше проблеманы жою міндеттемелерді орындайды	Оқытушы бастапқы кейс дайындайды, сонымен құрамында қарастырып отырған проблема бойынша ақпараттық мәтін болуын қадағалайды	Студенттер өз шешімін негіздеу үшін көзқарасын дәлелдейді, толықтырады немесе байланысты шешімдер қабылдап, жаңа кейс дайындайды

Сонымен қатар, кейстің типтеріне сәйкес оқыту үрдісінде студенттердің жаңа деңгейге көтеріліп, зерттеліп отырған және қосымша сұрақтар бойынша кейс жасауға мүмкіндік туындайды. Нәтижесінде студенттер авторлық зерттеу нәтижесін шығарып, жобалау мүмкіндігін қалыптастырады.

Кейс әдісін оқу үрдісінде қолдануда оқытушы мен студенттер бірігіп талқылау арқылы жағдайды шешу жолдарын анықтайтындығы орындаған жұмыстың маңыздылығын ашып нәтижесінің мақсатты орындалуына кепілдік береді. Дегенмен бұл тұжырым Гарвард бизнес мектебінің профессоры Р.Мерри пікірінше, яғни ол бұл әдістің пәнді оқытудағы студент бірнеше кейсті орындауда әртүрлі комбинацияларды пайдалану арқылы бір шешімге келуі тиіс деген. Демек оның ойы әртүрлі жағдайды студент терең түсіне отырып ойлау қабілетін дамыта басқару тетіктерін жете түсінуі қажет екендігінде.

Қортындылай келе тұжырымдайтын болсақ, кейс-технологиямен оқыту студенттің құзіреттілігін келесідей тұрғыда дамытады:

- өзекті мәселелерді анықтау мен талдау;
- өз ұстанымын нақты айқындау және аргументтеу;
- вербалды және вербалды емес ақпараттарды талдау, қабылдау, пікірлесу;
- нақты жағдайларға және нақты ақпараттарға сүйене отырып шешім қабылдау.

Кейс- технологияның көмегі:

- шешім тек біреу ғана болмайтындығын түсіну;
- өзінің күшіне және өзіне сенімділігін жоғарылату, өз көзқарасы мен пікірін, ұстанымын қорғау;
- өзін-өзі ұстаудың мақсатты қабілеттерін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.ҚР Президентінің «Қазақстан 2050» стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы - 21 желтоқсан 2012 жыл.

2. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 10 қаңтар 2018 жыл.

3. Прозументова Г.Н. Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс – стадии /- Томск, 2003.

4. Козина И.М. Case study: некоторые методические проблемы // Рубеж.- 2007.- № 10-11.- С. 177-189.

5. Михайлова Е.И.,Кейс и кейс-метод: общие понятия//Маркетинг.- 2005.- №1.
6.Смолянинова О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Case Study//Инновации в российском образовании: сб.- М.: ВПО, 2000.

ПРОЕКТНЫЙ МЕТОД ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИННОВАЦИЙ И ЕГО РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ ОБРАЗНОГО МЫШЛЕНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ИСКУССТВУ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

БЕЙСЕНОВА Мира Сембаевна
Назарбаев Интеллектуальная школа
химико-биологического направления
учитель искусства,
магистр «изобразительного искусства и черчения»

Аңдатпа

Иновациялық технология арқылы оқушылардың бейнелі ойлауын қалыптастыру, оларға бастапқы идеялар ұсынуға көмектесетін арнайы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау болып табылады. Олар көркемдік өнімді одан әрі енгізу үшін ақпаратты талдау, интеграциялау және синтездеу дағдыларын дамытады, зерттеу жұмыстарына үйретеді. Қазіргі заманғы өнердің интеграциялық процестері кеңеюге, көркемдік білім беру жүйесінің динамикасына, инновациялық нысандар мен әдістерді енгізуге алып келеді.

Кілтті сөздер: білім беру технологиялары, дизайн, кәсіби оқыту, бейнелі ойлау, интеграция, жобалау әдісі.

Аннотация

Формирование образного мышления школьников средствами инновационных технологий заключается в создании специальных психолого-педагогических условий, которые будут способствовать формированию у них проблемного видения и способности к выдвижению оригинальных идей. Научат исследовательской деятельности, и преодолению инерции мышления, разовьют умения анализировать интегрировать и синтезировать информацию для дальнейшего ее воплощения в художественном продукте. Интеграционные процессы в реалиях современного искусства приводят к расширению, динамике системы художественного образования, внедрению инновационных форм и методов.

Ключевые слова: учебные технологии, дизайн, профессиональная подготовка, образное мышление, интеграция, проектный метод.

Современные тенденции развития общества диктуют нам новые возможности в сфере образования, поэтому в современной системе образования необходимо использовать педагогические инновации и в сфере художественного образования. Рассматривая новые педагогические технологии (такие, например, как проектные методы обучения, интерактивные методы, информационные технологии обучения), современный педагог должен понимать, какие же технологии наиболее эффективно применять на предмете «Искусство» в среднем школе с целью развития образного мышления у школьников.[1] Процесс историко-культурного становления системы художественного образования в Казахстане отражает принципы формирования художественной культуры в целом. На протяжении многих веков шло накопление опыта, совершенствование методов и форм обучения в каждом из видов искусств. Такая относительная самостоятельность образования в области музыкального, театрального и изобразительного искусства неизбежна. Ведь

стремление к специализации, дифференциации - один из краеугольных камней развития знания. Однако знанию, в равной степени, присуща и другая тенденция - к интеграции.[2] До недавнего времени художественное образование в Казахстане было в стороне от указанного интегративного процесса. Тем не менее, сама художественная культура, искусство, особенно искусство XX в., дает многочисленные примеры межвидовой, внутривидовой, межродовой, межжанровой, формообразующей интеграции. Ретроспективный и актуальный опыт интеграции искусств обуславливает необходимость определения новых форм и выработки новых методов в художественном образовании.

В средних школах дисциплина «Искусство» заложена в учебном плане 1-го по 9 класс. Основной **целью** дисциплины является выработка у школьников сознательного подхода к творческой работе в любой сфере художественного творчества, будь то создание образа в сфере дизайна интерьера, костюма, графического дизайна, а также в сфере индустрии красоты и рекламной деятельности, при работе в декоративно-прикладном искусстве, а также в направлении станковой живописи. Это получение ими знаний в области художественного формообразования. Очень часто развитие у школьников эстетического вкуса, опирается на интуитивное отношение к творческому процессу вообще и к красоте в частности. Результатом прохождения дисциплины «Искусство» является формирование творческого процесса как двуединого, построенного на логике, знании основ, правил и закономерностей изобразительного искусства и интуиции. **Педагог по «Искусству» должен ставить перед собой задачу** освоения обучающимися метода решения простых композиционных учебных формальных задач. Этот метод сочетает в себе выражение принципов формообразования и живого композиционного творчества, выражающего индивидуальный вкус и почерк школьников. Целью решения композиционных задач является получение общего художественного результата. Изучение и использование на практике приемов и принципов построения художественного произведения формируют и развивают творческое начало личности школьника, его образного мышления, как основы его индивидуального видения и креатива. Применение проектных методов обучения, интерактивных методов, информационных технологии обучения на практике в процессе создания и коррекции визуального образа является основой для освоения школьниками азов творчества в области декоративно-прикладного искусства, живописи, графики, дизайна, рекламы. В процессе изучения дисциплины школьник начинает понимать основы композиционно-художественного формообразования во всей его сложности, многообразии и целостности одновременно, проектировать и создавать композиции с учетом разумной экономии художественных средств, достигая максимума выразительности.

Дисциплина «Искусство» является базой, фундаментом для развития творческой индивидуальности и оригинальной личности будущего художника любой сферы. Знания, навыки, умения в этой области являются основой для формирования художественно-образного мышления, творческого видения, креативности, оригинальности школьника. Учитывая, что современные тенденции развития общества диктуют нам новые возможности в сфере образования, необходимо использовать педагогические инновации в сфере художественного образования. Безусловно, и интерактивный метод обучения, который можно активно применять в теоретическом курсе предмета «Искусство», может дать эффективный результат; и использование информационных технологий в обучении говорит только о положительных результатах. Образное мышление – это создание образов и оперирование ими в процессе решения задач. Реализация этой функции обеспечивается специальным механизмом представления, направленным на видоизменение, преобразование уже имеющихся образов и создание новых образов, отличных от исходных.[3] Таким образом, творческие задачи, которые решает школьник в процессе обучения, неразрывно связаны с его представлениями, воображением, образным мышлением. Проектный метод обучения может давать широкие возможности для развития необходимых качеств личности будущего творца.

Представим такой метод обучения на конкретном примере. Предположим, клиент (директор школы) заказывает у компании, которая занимается росписью стен (группа школьников 9-х классов, участвующих в проекте), проект по росписи фойе школы с его последующей реализацией. Группа «художников» во главе со своим «креативным директором», разрабатывает полностью этот проект от начала – процесса эскизирования и утверждения проекта, и до конечного результата – росписи фойе. В данном проекте каждый участник может реализовать свои способности и навыки творческой деятельности. Для превращения проекта в жизнь, необходимо пройти все творческие этапы. Команда должна разделиться на группы. Первая группа исследует объект и производит замеры (высота, ширина, периметр объекта и др. замеры). Вторая группа работает над выполнением эскизов. При таком распределении групп необходимо выделить лидера, который ищет интересные идеи для сюжетов росписи, его цветовой гаммы и подачи в целом. Всю работу групп, безусловно, ведет преподаватель, который координирует и направляет действия рабочего коллектива. В результате слаженной работы, где у каждого есть свои обязанности и ответственность, группа достигает результата на данном этапе работы. Готовы эскизы, разработки для реализации росписи. При встрече заказчика и исполнителя обсуждаются и утверждаются выполненные эскизы. После чего группа готова к реализации проекта. К этому этапу приступают все члены коллектива рабочей группы. Для применения своих профессиональных навыков, знаний и умений, которые школьники получили в процессе обучения классных занятиях, участники проекта берутся коллективно за роспись фойе для собственной школы. На реализацию проекта заказчик дает определенное время и назначает дату сдачи заказа. Тем самым участники проекта готовятся к реальным условиям в профессиональной деятельности, которые их ждут после окончания учебного заведения.

В наше статье, мы рассматриваем применение педагогических инноваций в формировании образного мышления. Отмечаем, каким образом проектный метод обучения этому способствует. Описывая конкретный проект, мы распределили в нем все роли между участниками проекта. Для успешной и продуктивной деятельности на каждом этапе, школьнику необходимо применить не только теоретические знания в области художественных технологий, но и включить весь свой творческий потенциал. Так как все участники работают в связке, каждый из них должен понимать свою степень ответственности. И невыполнение своих задач работы ведет к невыполнению дальнейших задач так, что может пострадать работа всего коллектива в целом. Например, на этапе задумки и идеи росписи фойе в целом, необходимо подключить воображение, образное мышление, творческое видение, чтобы представить, как будет выглядеть фойе с росписью. На этапе эскизирования необходимы те же качества. Таким образом, знания, навыки и умения, которые получает школьник на предмете «Искусство» на классных занятиях, включающие в себя умение создавать форэскизы, составлять колористические подборки для эскиза, эскизирование в графике и в цвете, использование стилизации и трансформации, создание декоративного изображения, а также владение профессиональной терминологией – просто необходимы в процессе дальнейшего развития. Делая выводы о вышесказанном, можно говорить о том, что проектные технологии в художественном образовании помогают реализовать проблемное обучение как активизирующее и углубляющее познание, позволяющее обучать самостоятельному мышлению и деятельности, системному подходу в самоорганизации, дающее возможность обучать групповому взаимодействию. В решении проблем и задач, которые возникают в процессе работы над проектом, школьники учатся применять воображение, развивая креативность, оригинальность и образное мышление. Все эти качества будут просто необходимы в профессиональной деятельности вне учебного заведения. Сама жизнь, современные социокультурные условия, интеграционные процессы в искусстве обуславливают, востребуют инновационные подходы к организации художественного образования. Если рассматривать систему художественного образования в целом (школа - среднее специальное учебное заведение - вуз), то в ней может присутствовать не только традиционное классическое разновидовое (в соответствии с

разными видами искусства) дифференцированное образование, но и инновации, базирующиеся на практике художественного синтеза искусств. Всегда есть выбор, на каком материале и как воспитывать.

Современное искусство «многоканально», соответственно «многоканальным» должно быть и художественное образование.[4] Современное образование в средней школе должно обеспечиваться на новом уровне, обобщающем и синтезирующем знания, образование становится инновационное по смыслу (содержанию) и форме подачи материала (технологиям). В связи с вышесказанным можно сделать следующий вывод: такие реалии современной художественной культуры дают основания для инновационного расширения возможностей системы художественного образования.

Список литературы:

1. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии: учеб. пособие для студ. сред. проф. учеб. заведений. М.: Академия, 2010.
2. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. М.: Школа-Пресс, 2004.
3. Бродягин В.А. Мышление формой // Педагогика. №4. 2004: Периодическое издание / В.С Лазарев, Б.П Мартиросян. Педагогическая инноватика: объект, предмет и основные понятия. С. 12–14.
4. Гузеев В.В. Образовательная технология XXI века: деятельность, ценности, успех. М.: Центр «Педагогический поиск», 2004.

РАБОТА НАД СРЕДСТВАМИ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО

БЕЙСЕУОВА Бакытгуль Сейсеновна
Жамбылский гуманитарный колледж имени Абая
Преподаватель, концертмейстер
г.Тараз, Казахстан

Аңдатпа

Мақала фортепианоға арналған шығармаларды орындау барысында олардың мәнерлілігін айқындау мәселелеріне арналған. Одан өзге, ырғақ және динамика, ладтық бояу сараптамасы, шығармалардың бейнелік драматургиясын құрастыру, ассоциация және ойлау көкжиегін дамыту мәселелері жеке қарастырылғын.

Аннотация

Статья посвящена работе с учащимся над выразительностью исполнения при разучивании фортепианных произведений. Отдельно рассматриваются такие проблемы, как работа над ритмом и динамикой, анализ ладовой окраски, выстраивание образной драматургии произведения, привлечение ассоциаций и развитие воображения.

Владение искусством передачи оттенков и нюансов чувств и настроений лежит в основе выразительной игры на фортепиано. Элементы, из которых складывается музыкальный образ, известны, как средства музыкальной выразительности. Это мелодия, ритм и метр, темп, динамика, лад и тембр. Преподавателю важно вооружить учащегося навыками анализа данных элементов в нотном тексте произведения и методикой работы с каждым из них.

На начальном этапе обучения необходимо обратить внимание на выразительную роль темпа и динамики, как наиболее видимых и слышимых в создании образа. Это наиболее легко поддающиеся анализу и слуховому восприятию элементы музыкальной

выразительности. Объясняя значение темпа в произведении, желательно дать учащемуся прослушать и обсудить ряд музыкальных пьес в контрастных темпах. Говоря о медленных темпах, следует упомянуть о существовании жанра Адажио, непосредственно связанном с темповым термином. Яркие примеры – Адажио из балетов П.Чайковского «Щелкунчик» и «Лебединое озеро», знаменитое «Адажио» Альбинони в исполнении популярных певцов: Лары Фабиан, Сопрано Турецкого, Димаша Кудайбергенова. Медленные темпы связаны с образами сосредоточенности, печали, созерцания. Говоря о быстрых темпах желательно привести примеры программных пьес, таких как «Вечное движение» Паганини, кюи «Адай» и «Сарыарка» Курмангазы, «Полет шмеля» Н.Римского-Корсакова, обратив внимание учащегося на легкость звучания коротких и быстрых звуков, создающих образы полета, стремительности, простора. Следующим этапом станет восприятие произведений с яркой сменой темпов и, соответственно, художественных образов. Хороший пример – вальс Евгения Доги к фильму «Мой ласковый и нежный зверь». Мелодия вальса, представляющая собой восходящее движение по звукам тонического трезвучия, вначале звучит медленно и затаенно. Постепенно темп ускоряется, и новая тема проводится уже в быстром темпе, как затягивающий вихрь страсти и упоения. Возвращение первоначальной темы знаменуется резкой сменой темпа с Allegro на Moderato. Произведение очень эмоциональное и запоминающееся, оставит в памяти учащегося яркий образ контраста темпов в рамках одной пьесы.

Говоря о ладовой основе музыкального произведения, не следует ограничиваться связью окраски лада с эмоциональными антиподами «весело-грустно». Мажор может быть суровым, жестким, отчаянным, пасторальным. Приведем примеры нетипичных образов мажорного лада. Ария Орфея из оперы К.Глюка «Орфей и Эвридика» со словами «Потерял свое я счастье» звучит в тональности До мажор. И добиться передачи скорби и печали можно только с помощью исполнительских средств: выбора правильного темпа, особого звукоизвлечения, динамики. Другой пример – сцена ссоры Ленского с Онегиным в опере П.Чайковского. Вся сцена исполняется в мажорном ладу, воплощая высшую степень отчаянья, эмоционального накала, страсти, на что, вероятно, по мнению композитора, мягкий, интимный минор не способен. Следовательно, анализируя ладовую основу произведения. Нужно постараться уловить, какую образную цель преследовал композитор. При этом, нужно стремиться поощрять учащихся на поиски различных интерпретаций, различных исполнительских версий. Приведем любопытный пример полярно противоположных раскрытий образов в известной пьесе Л.Бетховена «Весело-грустно». Пьеса сама по себе содержит своего рода исполнительскую загадку. Она написана в простой трехчастной форме с ярко контрастной серединой. Крайние части звучат в тональности до мажор, при этом движение стаккато восьмыми и четвертями. Средняя часть написана в тональности до минор, но движение, по сравнению, с крайними частями, в два раза быстрее, так как преобладают шестнадцатые длительности. Это непривычное для слуха сочетание, когда мажорная тема звучит в умеренном темпе, а минорная – в оживленном, вызвало различные прямо противоположные интерпретации. Ряд исполнителей смягчает мажорную тему, придавая ей черты пасторальности и меланхоличности, в то же время подчеркивая оживленность и стремительности минорной середины, что образует драматургию «грустно-весело-грустно». Другие пианисты, напротив, делают акцент на staccato крайних частей, выводя на первый план скерцозность и танцевальный характер темы, стремясь в минорной середине отразить романтический порыв и печально никнущие интонации вздоха, что порождает сюжет «весело-грустно-весело». Оба варианта исполнения, несмотря на противоположность художественного решения, имеют право на существование. Данная пьеса может стать хорошим упражнением в попытках передачи различных эмоциональных наклонений.

Большое значение имеет работа над динамическими оттенками. В распоряжении пианистов есть много замечательных образов, связанных с конкретной динамикой. Назовем некоторые из них. Вальс И.Штрауса «На прекрасном голубом Дунае» начинается с

сопоставления кантиленной восходящей фразы по звукам тонического трезвучия на динамике *mf* и ответных мотивов в верхнем регистре на тихом звучании, как далекое эхо. Хорошо, если данный контраст «громко-тихо» попытается объяснить сам учащийся, найдя соответствующие варианты образов. Переложение для фортепиано великолепной пьесы Э.Грига «В пещере Горного Короля» дает возможность потренироваться в создании медленно нарастающего крещендо от *pp до fff*.

Рухани интеграция дәуірлеген бүгінгі таңда ағылшын тілі - ғаламдық феноменге айналды. Мемлекетаралық байланыстарды нығайту елдердің экономикалық қарқынына ғана емес, ол руханиятқа, соның ішінде, тілге де тәуелді. Тілдің іс жүзіндегі қызметін зерттеген кезде тілдік тұлғалардың стилистикалық мүмкіндіктерін жақсы білуден өзге, тілдік қолданыстың типтенген формалары мен мәтін түрлерін, тілдік шығармалардың өзіндік болмыс-бітімін де жақсы білу керек.

Ағылшын тіліндегі артикль мәселесі XVI ғасырларда ағылшын грамматикасында зерттеле бастады. Артикль қазақ тілінің граматикасында кездеспейді. Артикль тақырыбы қазіргі ағылшын тілінде де жан-жақты қарастырылуда.

XVI – XVIII ғасырлардағы артикль басқа сөз табынан бөлініп шыққан зат есімнің белгісі ретінде қарастырылды. Ал XVI ғасырдың аяғында артикль сын есімнің бір түрі ретінде қарастырылды.

XVIII ғасырда бірқатар авторлар артикльді сөз бөлшегі деп санады. Ю. А. Миронец «definite» және «indefinite» терминдерін Дж. Хауэлл 1662 жылы тіл біліміне енгізген деп пікір айтады.

XVIII ғасырда артикльдің маңыздылығына қатысты лингвистер екі тұжырымдама әзірледі. Алғашқысы бойынша артикль сөз бөлшегіне айналады, ал екіншісіне сай - сын есім түрлерінің бірі.

Артикльді сөз бөлшегі дейтін көзқарас XIX ғасырларда да болды. Бірқатар ғалымдардың әзірлеген тұжырымдамасына сәйкес артикль есімдік не сын есім тобына енгізілді.

XX ғасырда артикльді бұрынғыдай сөз бөлшегі деп қарастырушылар қатары сиреді. Дж. Керм артикльді зат есімдерді классификациялау кезінде қолданылады деп тұжырымдайды. Ал О. Есперсен артикльді есімдіктер қатарына жатқызды.

Осы замандық лингвистикада ағылшын артиклінің табиғаты, артикльдің грамматикалық маңыздылығы және оның тілдегі орны мәселелері жөніндегі зерттеулердің жеткіліксіздігі жасырын емес.

Ал енді көркем шығармадағы тілдік құбылыстарды қарастырудың негізгі бір саласы оның стильдік ерекшеліктерін тану мәселесімен байланысты болып келетіні мәлім. Ағылшын тілінде мәтіндік деңгейде стилистикалық талдаудың әдіснамалық негізін шығарманың өзара тығыз байланысты және диалектикалық қатынаста болатын пішімі мен мазмұнының бірлігі туралы қағида құрайды. Белгілі бір мақсатқа орай, пішімнің жекелеген жақтарын бөліп алып талдауға болады, бірақ соның өзінде оның мазмұнмен байланысын, түрлі мәтіндердегі олардың өзара қатынасын ескермеуге болмайды. Маңыздылығы жағынан мазмұн алғашқы орында, алайда ол пішімнің көмегімен бейнеленіп қабылданады (көрінеді немесе естіледі). Пішім мен мазмұн категорияларының көріну сипаты мәтіннің түріне байланысты әрқалай. Пішім мен мазмұнның өзіндік ерекшеліктері мол ең күрделі қарым-қатынасы мен байланысы көркем мәтіндерде көрінеді. Мұнда ең күрделі әрі қиыны - мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін мазмұндық категориялармен (тақырыбы мен идеясымен) сабақтастырып талдайды.

Ағылшын тілінде стилистикалық талдау арқылы мазмұнның белгілі бір пішімге ие болуы - мәтіннің құрылымы анықталады. Мұнда тілдік фактілер бір-бірімен байланысыз,

жеке-жеке айтпайды, қарым-қатынасы (сәйкесуі) ескеріледі. Мәтіннің құрылымдық-композициялық негізі, құрылымдық тәсілдері стилистикалық талдаудың арқауы болады. Сол арқылы шығарманың негізгі ойын, басты идеясын толық әрі терең түсінуге мүмкіндік туады.

Стиль құраушы және құрылымдық тәсілдер бірлікте көрінеді. Егер көркем және публицистикалық стильдің кей түрінде олар эмоциональды-бейнелі құрылымдар жасап, мәтіннің экспрессивтілігін, эмоционалдығын бейнелесе, ғылыми және әсіресе ресми іс-қағаздары мәтінінде олардың рационалды-логикалық құрылымын жасап, мәтіннің логикалық негізін құрап тұрады.

Шығарманың жанры оның көптеген стильдік ерекшеліктерін қалыптастырады. Бұл жалпы мәселелер десек, ішінара арасында өлеңмен жазылған роман, дастан, поэма, баллады, тіпті мысал жанырларына қарағанда, лирикалық өлеңнің тілдік-стилдік қалыбы ерекше. Әрине, лирикалық шығарма ортақ стильдік-композициялық ерекшеліктермен бірге әр ақынға, әрбір өлеңге тән стильдік белгілер болатыны түсінікті. Шығарманың граматикалық, тілдік бірліктері өзінен өзі жүйеге түсе алмайды. Сол себепті оларды бір арнаға тоғыстырушы, ортақ стилистикалық жүйеге келтіруші категорияның болуы заңды. Осы стилисика ғылымы арқылы аылшын тілінде көркем әдеби шығармада артикльдің стилистикалық қолданылузерттеледі.

Артикль екі түрлі функция атқарады:

1. Ол анықтаушы ретінде зат есімнің белгісі болып табылады, яғни зат есім қатарындағы сөздердің алдында тұрып сілтеу мағынасын береді.
2. Артикль әңгімелесушіге не оқырманға белгісіз бірыңғай заттар тобынан бөлінбеген заттарды көрсетеді, белгілейді не болмаса әңгімелесушіге не оқырманға белгілі бірыңғай заттар тобынан бөлінген затты білдіреді. **Ағылшын тілінде артикльдердің екі түрі бар.**

1. - белгілілік (the)
2. - белгісіздік (a, an) артикльдері.

Артикль (француздың Artikle, латынның Articulus) - бірқатар тілдердің зат есімдерімен тіркесе жүретін әрі оған белгілілік не белгісіздік мән беретін, аталған зат есімдерге ұқсас грамматикалық мүше. Сондай-ақ бір тілдің (мәселен, ағылшын тіліндегі) тек (род), түр (жекеше, көпше) және өзге де мағынасындағы артикльдер өзгермейді, ал келесі біреулерінде тегі, түрленуі және септелуі бойынша өзгереді. Артикль сөзге жалғанған кезде жеке сөз не постпозитивті жұрнақ болып та келуі мүмкін (скандинавия және болгар тілдеріндегідей).

Артикльдің грамматикалық маңызы мен оның тілдегі орны мәселесі – ағылшын грамматикасының аса күрделі мәселелерінің бірі әрі оны әр алуан авторлар түрлі мағынада қарастырады.

Қазіргі заманғы ағылшын тілінде артикльдердің үш түрі аталады. Олар – белгілілік (the), белгісіздік –a, an және нөлдік артикль. Белгілілік артиклі жекелендіру мағынасын береді. Ол зат есім мағынасын білдіретін және олармен біртектес топтағы нақты заттық мағынаны білдіреді. Артикль әр түрлі жағдайда қолданылады.

Олар: Біріншіден, ол айтылмас бұрын белгілі болады. Мысалы; I brought you the book – мен сізге кітапты әкелдім, мұнда «Сіз әкелген кітап» туралы айтылған. Сонымен қатар белгілілік артикльдері оқырмандарға әбден таныс кейіпкерлер туралы ертегі-аңыздардағы батырлардың аттарымен бірге қолданылады. Мәселен; the Lion - Арыстан, the Fox – Түлкі.

Екіншіден, белгілі бір зат алдын ала ескерілмеген жағдайда да артикль контекстегі барлық оқиғаларға байланысты қолданылады. M; he came up the window – ол терезеге жақындады. Мұнда адамның белгілі бір терезенің алдына барғаны айтылған. Аналогиялық тұрғыдан белгілілік артиклінің анықталуы кітапта және мақалада автор өз оқырманын the

riader – оқырман деп атаған жағдайда түсіндіріледі. Мұнда жалпы оқырман мағынасында емес, сол уақыттағы белгілі бір кітапты оқып отырған оқырман жайлы әңгіме етілген.

Үшіншіден, егер зат нақты жағдайда немесе жер жүзінде жалғыз болып табылатын болса, белгілілік артиклі қолданылады. Бұл көбінесе ғаламшар атауларына қатысты. М; the Sun - Күн, the Moon - Ай, the North – Солтүстік.

The Earth is millions of kilometers from **the Sun** – **Жер Күннен** миллиондаған шақырымдай қашықтықта. Белгілілік артиклі белгілі бір затпен қатар тақырыптар тобын тұтасымен, оны басқа топтармен салыстыра отырып айқындайды. Мәселен; the English verb – ағылшын етістігі, The dog is Stronger that the cat – Ит мысықтан күшті. Мұнда белгілі бір жануарлар тобын басқасымен салыстырған.

Белгісіздік артиклі кез келген тақырыптық атаумен байланысты сипатталады. Жекешелендірудің кез келген сәті бұл артикльдермен байланыспайды. Бұл - түрлендіруші артикль. М: an English verb - ағылшын етістігі. Ағылшын тіліндегі кез келген етістікті алсақ; I saw a dog – мен итті көрдім. Мұнда мысықты емес, қандай да бір итті көргендігі айтылған.

Белгісіздік артиклі, егер белгілі бір топ өкілін ғана емес, оны жалпылай айтқанда ғана қолданылады. Мәселен; a dog is an animal - ит-жануар. Бұл сөйлемде жалпы ит атаулыға байланысты сөз етілген. Белгісіздік артиклі саналатын зат есімдермен ғана қолданылады. Мысалы; a lamp - лампа, an umbrella – қолшатыр.

«Нөлдік» артикль термині артикльдің қолданылмайтындығын білдіреді. «Нөлдік» артикль дегеніміз – артикльдің түсіп қалуы. Яғни, оның түсіп қалуы белгілілік және белгісіздік артикльдеріне қатысты әрі оларға семантикалық жүктеме болатынын білдіреді. Артикль заттық және абстрактылық категорияларды сипаттайтын сөздердің алдында қолданылмайды. Мәселен; snow - қар, beauty – сұлулық, әдемілік, lore – махаббат.

Артикль қолданылмаған жағдайда зат есім жалпы және кең мағынада оның қандай да бір өзіндік белгілерінің дерексізденуі мен оның маңызына тоқталады. Мәселен; snow – судың белгілі бір күйі ретінде, beauty – эстетика категориясы ретінде. Белгілілік және белгісіздік артикльдерін зерделеу барысында зат есімдер семантикалық өзгеріске ұшырады. Салыстырып көрелік. Мәселен; beauty – сұлулық (эстетика категориясы) – a (the) beauty – сұлу, light – жарық (физикадағы) - a (the) light – от, жалын, language – тіл (қатынас құралы ретіндегі) және (the) language – нақты бір тіл.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Емберді А.С. Practical English grammar wih rhymes – ағылшын тілін үйренуші мектеп бітіруші талапкерлерге және студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралы. Шымкент, 2006. – 60б.
2. Трофимов В.Н. Практическая грамматика английского языка для школьников, абитуриентов и студентов технических ВУЗов. Грамматический справочник.: - М: «Издательство Рученькина», МН.: «Современное Слово», 2001. – 144с.
3. Резник Р.В. и др. Грамматика английского языка с упражнениями. – Смоленск-Москва: По лицензии РИЦ «ТОК», 1994 – 288 стр.
4. Голыцинский Ю.Б. Грамматика: Сборник упражнений. - 4-е изд., - СПб.: КАРО, 2003. – 544с.
5. Бонк Н.А., Котий Г.А., Лукьянова Н.А.. Учебник английского языка В 2-х ч.. Часть 1. – М: ГИС. 2001 – 2009 – 637 стр.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ – ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫ

ЕРМАГАНБЕТОВА Акбота Жаналыковна
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
Қостанай қ., Қазақстан

ЖУНАЕВА Мафтуна Надиржанқызы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
«Химия» мамандығының 2-курс студенті
Қостанай қ., Қазақстан

ҚАЗАМБАЙ Арайлым Саутбекқызы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
«Химия» мамандығының 2-курс студенті
Қостанай қ., Қазақстан

СРАЙЫЛ Гүлзира Ізбасарқызы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
«Химия» мамандығының 2-курс студенті
Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада білім мазмұнын жаңарту контекстінде оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер туралы айтылады. Білім берудегі жаңашылдықтың бірі - критериалды бағалауға түсінік беріледі. Авторлар оқушылардың оқу үрдісінде критериалды бағалаудың тиімділігін атап өтеді.

Аннотация

В статье говорится о кординальных изменениях в системе оценивания учебных достижений учащихся в условиях обновления содержания образования. Даются пояснения нового подхода к оцениванию - критериальному. Авторы отмечает эффективность видов критериального оценивания в процессе обучения учащихся.

Қазіргі жаһандану заманының талабы білікті, білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Осы орайда, педагогтарға қойылатын талап мен жауапкершіліктің де деңгейі артуда. Қазіргі заманғы XXI ғасыр педагогы жай ғана мұғалім ғана емес, жан – жақты дамыған, жаңа технологияларды меңгерген, білім шеңбері кең, шығармашыл ұстаз, сонымен қоса, балаға мотивация беруші, қоғамда өз орны бар жеке тұлға ретінде қараймыз. Заман талабы өзгеріп, соған сай білім беру жүйесіне де күнделікті өзгерістер еніп жатыр. Яғни, дамыған шет елдердің білім беру жүйесінің жүйесі мен принциптері де біздің еліміздің беру саласына еніп, өзінің оң нәтижелерін беріп жатыр. Атап айтатын болсақ, олардың қатарына үш тілде білім беру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалану және бағалау жүйесі енгізілді. Жаңа бағалау жүйесі, яғни критериалды бағалау жүйесі толыққанды еліміздің облыс, әр аймақтарында енгізілді.

Критериалды бағалау жүйесі – оқушылардың білім сапасын жоғарылату және мектеп бітіруші түлектердің білім деңгейін халықаралық деңгейге жеткізу. Критериалды бағалау жүйесі 2012 жылдан «Назарбаев зияткерлік мектебінде» сынақтан өткізілді. 2016-2017 оқу жылының 1-қыркүйегінен бастап еліміздің барлық мектептерінің 1,3,5,7-сыныптарына оқушылардың оқу жетістістіктерін бағалау мақсатында енгізілді. Сонымен қоса, осы жылдан бастап мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1-сынып оқушылары 12 жылдық білім алады. Бұл білім жүйесіндегі енгізілген білім жүйесінің оң бастамасы. Осы

критериалды бағалау жүйесінің негізінде, мұғалім-оқушыға тек білім беруші ғана емес, оның оқуға деген ынтасын, зейінін көтеріп, оқушы мен достық қарым-қатынаста жұмыс жасай білетін тұлға. Бағалау жүйесі барысында, мұғалім мен оқушыға өз пайдасын тигізетін маңызды үрдістердің бірі-мотивация. Бұл ұғымның негізгі мағынасы мынада: педагог оқушыға мотивация беру арқылы, оқушының оқу мен қатар өмірге деген қызығушылығын арттырып, қоғамда өз орнын таба білетін жеке тұлға ретінде қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс – тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым – қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [1, 19 б.].

Жаңа бағдарламаның тиімділігі жоғары. Ол тиімділікті ата – ана да, оқушы да, мұғалім де өз пайдасына дұрыс қолдана білсе. Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалімге құжат жағынан, қағазбастылық кері әсерін тигізетін. Бұл жаңа бағдарлама бойынша, педагог өз уақытын ұтымды пайдалануға мүмкіндік алды. Критериалды бағалау жүйесінде электронды бағалар қойылып, жиынтық бағаны компьютер өзі есептеп шығарады. Осының негізінде біз жаңа ақпараттық технологиялардың пайдасын көрудеміз. Жаңа бағалау жүйесі оқушыға сыни тұрғыдан ойлауға, жан – жақты қарым – қатынаста болуға, кез келген ортада өзін алып шығардай болуға үйретеді. Қазіргі бағалау жүйесінің дәстүрлі оқу жүйесінен негізгі айырмашылығы – әр бір оқушы сабақ барысында өз ойын, пікірін дұрыс жеткізіп, өз – өзін бағалап, қорытынды шығара алуында.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жолдауында: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына енуі үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды – дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Орта білім беру мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің талабы болғандықтан осы талап деңгейінде жұмыс атқару әр ұстазға жүктелер үлкен міндет, үлкен сын [2, 11б.]. Біздің ойымызша, осы жүйе негізінде төрт дағдыға баса назар аударуымыз қажет. Олар: оқылым мен жазылым, айтылым мен тыңдалым. Бұл дағдылар қоғамдық қажеттіліктен туындап отқаны мәлім. Осыған дейінгі оқу жүйесінде, оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән беріледі. Үш тілділік саясаты мектептерде техникалық бағыттағы пәндерде жүзеге асырылуда. Барлық пәндерді бір – бірімен тығыз байланыста сабақ өткізу, яғни, кіріктіріле өткізуге оқушыны бағыттау. Пәндерде ортақ тақырыпты кіріктіре сабақ өткізу – оқушының мәлімет жинақтап, келесі сабаққа да дайын бола алуы және де сабаққа қорытынды жасап, тұжырым жасай алуында.Біздің ойымызша, қазіргі жаһандану үдерісінің негізгі міндеті – жан – жақты жетілген, эстетикалық талғамы биік, рухани – адамгершілік мәдениеті жоғары, әлемдік мәдениеттен хабары бар, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін, отаншылдық рухтағы тұлға етіп қалыптастыру. Жыл басында Мемлекет басшысы

Н.Назарбаев халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялаған болатын. Президент мақаласында негізгі бағыттарды таңдап алды, олар: ғылым, мәдениет, білім, рухани құндылықтар. Мақалада айтылған маңызды дүниелердің бірі – білімнің салтанат құруы. Білім – адамды болашаққа бастайтын жолына өз шуағын түсіретін күн сәулесі іспеттес. Біз болашақ педагогтар шәкірттерімізге білімді адам ретінде өз білімін ел игілігіне қолдана білетін, жол іздегенге дұрыс бағыт көрсете алатын, рухани құндылықтарды бойына сіңірген, патриот тұлға тәрбиелеу.

Критериалды бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу – танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Ал критерийлер дегеніміз – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер. Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үрдісінің маңызы өте зор деп есептеймін. Себебі, білім беру жүйесінде ұзақ жыл бойы оқушылардың білімі бес балдық жүйемен, ал жетістігі басқа оқушының жетістігімен бағаланып келді. Яғни, оқушылардың оқу жетістігін шынайы бағалау болмады. Ал, мына жаңа жүйе оқушылардың оқуға деген қызығушылығын жоғарылатуға өз септігін тигізеді деген үміттеміз. Балдық жүйемен бағалау өте тиімді. Тиімділігі білім деңгейі үш түрлі оқитын баланың негізгі бағасы анықталады[3, 6б.].Критериалды бағалаудың міндеттері: сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға; бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; жеке оқушының даму жетістігін бақылауға; оқушының бақылау білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға және толықтыруға; әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге; оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға; сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата – ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге. Критериалды бағалау негізінен екі түрге бөлінеді: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау, яғни, оқыту үшін бағалау – оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, оқу үдерісін балл және бағақоймай – ақ дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Осы формативті критериалды бағалаудың негізінде оқушыға ынта, мотивация беру арқылы оның сабаққа деген қызығушылығын, үлгерімін жоғарылатуға болады. Бірақ, мотивацияны шамадан тыс, артық беруге болмайды. Себебі: бала артық мақтағандықтан, өзіне берілген тапсырманы орындауға деген жауапкершіліктен қалуы мүмкін. Әрине, бұл жағдай оқушыға кері әсерін тигізуі мүмкін. Ал, жиынтық бағалау бұл оқытуды бағалау болып табылады, яғни, белгілі бір оқу кезеңі аяқталғанда баллдық немесе баға қою арқылы өткізіледі. Жиынтық бағалау үдерісі бөлім бойынша және тоқсан бойынша жүргізіледі.Суммативті бағалауды түрліше әдістермен өткізуге болады: тест, емтихан және т.б. Осы жаңадан енгізілген критериалды бағалау жүйесі негізінде білім алушы «Блум таксономиясының» алты қадамы бойынша сабақты меңгереді. Олар: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. Осы қадамдар арқылы білім алушы өз білімін жетілдіріп, алғанбілімін тәжірибе жүзінде және өмірдің кейбір сәттерінде қолдануға негіз болады. Осы сатыларды оқушы қаншалықты жақсы түсініп, сол саты бойынша өз білім траекториясын кеңейтетін болса, оның алған білімі соншалықты нәтижелі болмақ. Бұл оң нәтижелер еліміздің ертеңгі білімді жастарының қалыптасуына өз ықпалын тигізеді деген сенімдеміз. Сол себепті оқу үрдісінде әр бір оқушының осы сатыларды тиянақты орындап шығуын педагогтар мен қатар, ата-аналар да бақылауда ұстауы тиіс.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр. Ата – аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың өзі ата – ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс бетшесінде алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып ата – ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады. Бағдарламаның тек оқушы ғана үшін емес мұғалімнің де кәсіби дамуына үлкен ықпалын тигізетіндігін айта аламыз.

Себебі, Қазақстанның әр облысынан жиналған мұғалімдер орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында ұйымдастырылған курстарда, бас қосып, білімін жетілдіруі, координатор болып бекітілген облыстық «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» мектебінің мұғалімдерімен үнемі байланыс жасап, өзара тәжірибе алмасуы әр мұғалімнің кәсіби дамуы үшін таптырмас мүмкіндік [4,13 б.].

Оқушының қаншалықты дамығаны, қандай қиындықтарға тап болғаны туралы ақпарат алу ата-ана үшін аса маңызды. Критериалды бағалау жүйесінің енгізілуі әр оқушы мен оның ата-анасына түсінікті тілде, айқын, нақты бағалау критерийлері бекітілген. Ата-ана өз баласының білімін күнделікті тексеріп отыруы қол жетімді болды. Баласының сабаққа қаншалықты дайындықпен барғанын қадағалап отырады. Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға; оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызды. Ата-ана мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық балаға өте үлкен әсер етеді. Баланың білімі жоғарғы деңгейге жетуі үшін осы ынтымақтастықты одан әрі күшейтіп, ата-аналармен жиі жиналыстар өткізіп, сыныптан тыс іс-шараларды ата-аналармен бірге ұйымдастырған дұрыс. Білім беру саласында, әр бір мектептерде ата-ана пікірінің маңыздылығы ескеріліп жатыр. Сондықтан да, заман талабы және ата-аналардың ой-пікірі нәтижесінде критериалды бағалауға жаңадан талаптар енгізілу үстінде. Бұл еліміздің қарқындап дамуының бір белгісі.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін – өзі бағалау, өз іс – әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Мұндай бағалау кезінде өзіңді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігіңді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру. Сондай – ақ критериалды бағалау жүйесінің өзіндік тиімділігі бар:

- заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады;
- жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой – өрісін әрі қарай дамытады;
- оқушылардың білім сапасын арттырады;
- оқушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы;
- тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін, шығармашыл бағалау жүйесі [3, 6 б.].

Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім дайын мәліметті оқушы алдына беретін еді, ал қазіргі бағалау жүйесі бойынша мұғалім оқушыға өтілетін тақырыпты айтып, сол тақырыпқа сәйкес дескрипторлар құрады және оқушы алдына береді. Айырмашылығы мынада: бала өзі жан -жақты іздені, толғанып, өз білім деңгейін толықтырып, дескрипторлар бойынша сабақты меңгеріп, өзін- өзі бағалау мүмкіндігін алды. Сабақ барысында топтарға бөлініп, топпен жұмыс жасай алу қабілетін арттырып, топтағы әр бір адамның пікірімен санасып және топтағы адамдардың пікірімен санасуға, өз пікірін жеткізе білуге дағдыланады, топқа баға беріп үйренеді. Осы енгізілген бағалау жүйесінің оқушыға деген бірден бір тиімділігі тек өз достарымен ғана емес, қоғамдық орындарда, бейтаныс ортада өзінің қоғамнан шет қалмауын қамтамасыз етеді.

Критериалды бағалау – уақыт және заман талабы. Осы бағалау жүйесі қазіргі күнде білім саласында көптеген өзгерістердің енуіне негіз болып отыр. Критериалды бағалау-білім сапасын таразылаудың инновациялық үлгісі. Бұл бағалау үрдісінің пайдасы оқушы білімін бағалау кезінде нақтылық, әділдіктің болуы және оқушының оқуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік берді. Біздің ойымызша, қазіргі жаһандану үдерісінің негізгі міндеті-жан-жақты жетілген, эстетикалық талғамы биік, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары, әлемдік мәдениеттен хабары бар, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін, отаншылдық рухтағы тұлға етіп

қалыптастыру.Сонымен қатар оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттап, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізіп, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтап, әртүрлі жұмыстардан алған жетістіктерін қоғамдық іс-шараларға белсене қатысуының бірден – бір белгісі деп біледі. Сапалы білім-саналы ұрпақтың қалыптасуының үздіксіз үдерісі.Ең бастысы-білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Берикханова А., Қазақстан мектебі // Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны. 2017. №8. URL: www.kazmektep.kz/0206 - 3409)
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы.
3. Қазыбаева К., Асылбаева Ж. Бастауыш мектеп // Критериалды бағалаудың тиімділігі мен маңыздылығы. 2015. №6.
4. Алимова А., 12 жылдық білім беру. Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу – мектеп тәжірибесінде. 2016. №1.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ БАРЫСЫНДА АУТЕНТТІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

ЕРМАН Аягөз Мәлікқызы
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік университеті
4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі-аға оқытушы ПОЛЯНИНА О.Г.
Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа

Төменде берілген мақалада ағылшын тілі сабақтарында сөйлеуге үйрету барысындағы мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерді шешуде аутенттік фильмдерді қолдану әдістері талданады, сонымен қатар ғаламтордағы фильмдерді пайдалану мысалдары ұсынылады.

Аннотация

На данной статье рассматривается вопросы научить правильно говорить на английском языке. В решении этих вопросов анализируются методы использования аутентичных фильмов, а также примеры использования фильмов в интернете.

Заманауи ағылшын тілі сабағы шет тілінде сөйлеусіз өтуі мүмкін емес. Коммуникативтік құзыреттілік және оған қол жеткізу әдістері, шет тілінде сөйлеу біліктерін қалыптастыру және дамыту, мектептегі барлық кезеңдерде ағылшын тіліне үйретудің әдісіне қойылған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осындай біліктілікті меңгеру жолы көптеген қиындықтармен байланысты, мысалы шетел тілінде сөйлейтін тұлғалармен қарым-қатынастың шектеулі болуы және сөйлеу біліктілігін оқу орнынан тыс пайдалану және т.б. мәселелер. Қоғамның өзгеруіне байланысты заманауи технологиялар сабақ шеңберін кеңейтуге және оқытудың қызықты формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Осындай формалардың бірі бейне сабақ

болып табылады, оның ішінде аутенттік мультипликациялық, көркем, бейне және ғылыми танымдық фильмдерді қолдануға болады [1, с. 31]. Аутенттік фильмдер ағылшын тілін үйрету үрдісі кезінде эмоционалдық әсер береді. Өйткені, аутенттік бейнематериалдар таза, шынайы, табиғи әрі тірі тіл болып табылады. Сонымен қатар, көптеген аутенттік фильмдерді түпнұсқасында көру мәдениетін арттыру үшін қажет. Мысалы, сюжет арқылы оқиға болып жатқан қаланың көрнекі орындарымен танысуға болады, тілін үйреніп жатқан елдің мерекелері мен дәстүрлерінің ерекшеліктерімен де танысуға болады [2, с. 120]. Сабақта бейнематериалдарды қолдану тәсілі білім сапасын арттырумен қатар, коммуникативті әрекеттердің тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу (жаттығуларды орындау барысында) сияқты түрлерін қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, ағылшын тілі сабағында аутенттік бейнематериалдарды қолдану оқушылардың қызығушылықтары мен белсендіктерін арттырады, өздігінен жұмыс істеуге деген ынтасын арттырады. Аутенттік бейнематериалдарды қолдану зейін және есте сақтау , тыңдап түсіну қабілетін дамытуға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын аутентті материалдарды қайдан табуға болады? Кейбір мұғалімдер үшін бұл жағдай ауыр болуы мүмкін. Бұл жағдайда ең негізгісі *World Wide web* яғни интернетке деген қол жетімділіктің болуы.

Аутенттілік түсінігі 1970 жылдары пайда болған тілді коммуникативті оқыту бағдарының шығуынан бастау алады. *Аутенттілік* грек тілінен аударғанда негізігі, түпкі деген мағынаны береді. Коммуникативті оқыту принципі өз кезегінде бұрынғы әдістемеден бас тартып, тілді комуникативті мақсатта оқыту үшін дәлірек келетін аутентті материалдарды қолдануды алға тартты. Бұл саясаттың басты философиясы тілді коммуникативті оқытумен байланыстылығында. Осыдан келе көптеген зерттеуші ғалымдар бұл салада көптеген дебаттар жүргізіп, барлық істе аутенттілікті қолданып, зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздеді. Морроудың айтуы бойынша аутенттік мәтін - нағыз тілдік, нақты серпінді әсер ететін, белгілі аудиторияға нақты мәлімет беру үшін нағызтіл білгірі немесе жазушы тарапынан түпкі негізде жазылған мәтін. Көріп отырғанымыздай , Морроу бұл жерде түпкі, нағыз деп ойдан жазған дегенге қарсы мағынада қолданып, басқаша айтқанда аутентті мәтін білім беру саласында қолданылатын оқулықтардағы емес, белгілі бір мағлұмат беру ұшін жазылған мәтін және бұл тілді үйрету аудиторияларында емес, күнделікті қарым-қатынас аясында қолданылатынын айтты. Тілді коммуникативті оқыту өзінің даму барысында ең негізгі сөйлеу құзіреттілігіне көңіл аударады. Ғалым жазушы Лидің көзқарасы бойынша тілді үйрету мақсатында жазылмаған мәтін аутентті деп аталады. Сонымен қатар Ли аутентті мәтіндерді жазушылар оқушыларға белгілі бір мәлеметті нақты жеткізу үшін жазады, сол себепті ол коммуникативті сапасы жағынан жоғары деңгейде болуы керек, дейді. Ал, Крамштың пайымдауынша аутенттік мәтіндер педагогикалық салада емес, табиғи күйінде, күнделікті қарым- қатынаста қолданылатын мәтіндер. 1980 жылдары тілді коммуникативтік әдіспен оқытуға ден қойылған кезде басты назар мәдениетаралық қарым- қатынасқа қойылды, өйткені ауызекі сөйлесім белгілі бір мәдени ортада жүзеге асады, себебі, негізінен аутенттік мәтіндер белгілі бір тілдік мәдени орталыққа қатысты және әлеуметтік мақсатта жазылады. Аутенттік мәтіндер сол тілде сөйлеушілердің мәдени аутенттік контекстінде қолданылады. Аутенттік мәтіндерді ағылшын тілі оқулықтарына түпнұсқа күйінде енгізу керек. Ағылшын тілі сабағында аутенттік бейне тәсілі көрнекілік әдістердің топтамасына жатады [3, с. 20]. Осы тәсілді қолдану барысында келесі шарттарды сақтау қажет:

- фильм оқушылардың білім деңгейлеріне сәйкес болуы;
- бейнематериалды тым көп пайдаланбау, сабақтың сәйкес сәтінде ғана біртіндеп көрсету;
- бейнематериалды тамашалау жұмысын барлық оқушыларға демонстрациялық материалды жақсы көруге мүмкін болатындай

ұйымдастыру;

- негізгі және басты ойды нақты анықтау;
- бейнематериалды тамашалау барысында түсініктемелерді нақты ойластыру;
- демонстрациялық бейнематериал оқу материалдарына және тақырыпқа сәйкес болуы.

Аутенттік бейнемәтіндермен жұмыс жасау негізгі үш кезеңге бөлінеді: мәтінге дейінгі кезең, мәтіндік кезең және мәтіннен кейінгі кезең.

Аутенттік видеоматериалдарды ағылшын тілі сабағында қолдану кезінде екі мотивация дамиды: бұл фильмді көру барысында пайда болатын өз-өзін мотивациялау мен оқушыға жеткізілетін мотивацияның түрі. Осы кезеңде оқушыға жеткізілетін мотивацияға көп көңіл бөлінеді, себебі мәтінге дейінгі кезеңде оқушылардың қызығушылықтарын ояту қажет, мәтінді қабылдауда мүмкін болатын қиындықтарды жою және оқушыларға мәтін мазмұнын көрсететін сұрақтар қою арқылы, тапсырмаларды дұрыс орындауға көмектесу. Дайындық жаттығулары – ауызша сөзді түсінуге қажетті тілдік құбылыстарды қабылдау, мәнін ұғыну, мағыналық үзінділерге бөлу және оны танып білу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар.Екінші кезеңнің мақсаты – фильмнің мазмұнын түсіну, оқушылардың сөйлеу, ойлау қызметтерін белсендету [4]. Бұл кезеңде төмендегі жаттығуларды қолдануға болады:

- стоп-кадр (фильмді тоқтату, сұрақ: «Не туралы айтылды?»);
- «үнсіз тамашалау» (фильмнің бөлігін дыбыссыз көрсету);
- мәтінді қайта құру (көру барысында мәтіндегі жазылмаған сөздерді толтыру, парақта жазылған).

Үшінші кезеңде оқушылардың сөйлеу шығармашылық қызметтері ұйымдастырылады [5, с. 13]. Таныс лексиканы қолдану мен аудару тапсырмалары, пікірталас және диалогтар ұйымдастыру, жазуды дамытуға бағытталған жобалар мен тапсырмалар. Тапсырмалар түрлері:

- кейіпкерлердің мінезін және іс-әрекеттерін талқылау;
- тамашаланған материалдың үзіндісін сахналау;
- фильм бойынша пікірталастар, диалогтар және рөлдік ойындар құру;
- фильм сюжетінің әрі қарай дамуын болжамдау;
- басты кейіпкерлердің өмірбаянын жазу;
- сөзжұмбақтар құру және оларды шешу;
- жобалар әзірлеу және орындау;

Ғаламторда ескі фильмдер де бар, оларды тегін көруге болады. Мысалы, http://feeds.feedburner.com/mp4;

Аутенттік бейнефильмдер және бейнесюжеттермен жұмыс жасау оқытушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырумен қатар, оқушыларды өзара сөйлесудің нормаларымен таныстырады және оқып отырған тілде сөйлетін тұлғалардың іс-әрекеттерінің ерекшеліктерімен де таныстырады. Бұл сабақты ақпаратты, тиімді, танымды және қызықты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мятова М.И. Использование видеофильмов при обучении иностранному языку в средней общеобразовательной школе // Иностранные языки в школе, 2006. – №4. – С. 31 – 32.

2. Антонова И.В. Просмотр аутентичных художественных фильмов, как способ совершенствования коммуникативной компетенции в области английского языка // Молодой ученый, 2011. – №6. – Т.2. – С. 119 – 122.

3. Барменкова О.И. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи // Иностранные языки в школе, 1999. – №3. – С. 20 – 25.4. http://www.ref.by/refs/29/29117/1.html.

4. Смирнов И.Я. Развитие устной речи учащихся на основе аутентичного художественного фильма // Иностранные языки в школе, 2006. –№6. – С. 11 –

DEVELOPMENT OF A PRACTICAL LESSON ON ICT ON "WORKING WITH WORD"

ЕРСУЛТАНОВА Зауреш Сапаргалиевна
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасының доценті,
техника ғылымдарының кандидаты
Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада «Information and communication technology» пәні бойынша практикалық сабақтың әзірлемесі ұсынылады. Әзірлеме сабақтың тақырыбын, мақсаттарын мен міндеттерін қамтиды. Тапсырмалар кестесі 100 балдық жүйе бойынша тапсырмаларды бағалаумен қамтылған. Сонымен қатар, жұмыста тапсырмалардың әрқайсысының орындалуы визуалды материалдармен көрсетілген.

№п/п	Names of tasks	Requirements	marks
Task1	resume	Fill out **the resume** with your datas.	15
Task2	reference	Create a document in **inscription**, put one picture and group elements.	15
Task3	timetable	Create table, fill out **blank rows**, as this exercise, make **combine rows**, make **rotate text**, repeate this operations for 2 rows of table. Make **cell alignment**. Used **above the menu** ‘’Work with tables”, put styles of table and **borders**, highlight rows.	20
Task4	awarts of sports	Create the table. Fill out a table with text and nambers. Add to a table 2 rows, make one diagram and fill out diagram in fit table.	25
Homework	sudoku	Fill out Sudoku.	15
Interaction	test	Fill out blank boxes in site online.	10
		In total	100

Аннотация

В данной статье предлогается во внимание разработка практического занятия по дисциплине «Information and communication technology». Разработка включает тему, цели и задачи занятия. Table Tasks отражает инструкцию выполнения заданий и их оценивание по 100 бальной системе. Так же в работе показано наглядное представление выполнения каждого из заданий.

Subject: "Working with Word". Object: Work with text, datas. Create tables, diagram. Tasks: Table Tasks.
Accomplish the tasks.

Task1. Resume

1. [User]
2. [Enter your phone number]
3. [Enter your email address]
4. Objectives
5. [Enter Goals]
6. Education
7. [Enter the end date] | [Enter a scientific degree]
8. [Enter a list of promotions]
9. experience
10. [Enter start date] - [Enter end date] | [Enter a post]
11. [Enter company name] | [Enter the address of the organization]
12. [Enter the service title]
13. Skills and abilities
14. [Enter a list of skills]

Task 2. Reference

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Kostanay State Pedagogical Institute

of _____ №_____

REFERENCE

A student_____ issued in the fact that he (a) is studying in Kostanay State Pedagogical Institute

Dean of the Faculty of Philology Esergepova K.T.

Task 3. Timetable

Timetable				
Monday	8.30		14.30	
	9.30		15.30	
	10.30		16.30	

	11.30		17.30	
	12.30		18.30	
	13.30		19.30	
Tuesday				
Wednesday				
Thersday				
Friday				
Saturday				

Task 4. Awarts of sports

Sports awards				
№	Kind of sport	Type of medal		
		gold	silver	bronze
1	boxing,	7	12	15
2	swimming,	5	2	4
3	wrestling,	5	13	7
4	weightlifting	8	5	6



Interaction. Test

I. Match these defination of buttons (1-11) with names of buttons(A-K).

1. The **long key** on a keyboard which is used when you want **to separate** one word from another when writing, is called the_____

2. The key you **press once** to write in UPPER-CASE/**CAPITAL letters**, is called the_____

3. A key that **begins with 'C'** that is used **for shortcuts** in applications, is called the_____

4. A key that is used to make **multiple spaces/indent** in a text document, is called the_____

5. A key that is used **to remove** a letter/space which is **in front** of the cursor on the screen, is called the_____
6. **A group of keys** which are used to move through a web page, are called the_____
7. A key on a **laptop/notebook** that when pressed with other keys **changes the audio volume**, is called the_____
8. A key that **when pressed** and held down will write **letters in UPPER-CASE/CAPITALS**, is called the_____
9. A key that begins **with 'A'** that is used **for shortcuts** in applications, is called the _____
10. A key that is used **to move to a new line** when writing in a document, is called the_____
11. A key that is used **to remove** a letter/space which is **behind the cursor** on the screen, is called the_____

A = Delete Key	**F= Shift Key**	Answers:
B= Backspace Key	**G= Control Key (Ctrl)**	1-J 2-F
C= Tab Key	**H= Function Key**	3-G 4-C
D= Return Key	**I= Alt Key**	5-A 6-K
E= Caps Lock Key	**J= Space Bar**	7-H 8-E
	K= Arrow Keys	9-I 10-D 11-B

References

1. www.pearsonlongman.com/vocationalenglish.
2.http://www.blairenglish.com/exercises/technology_web/exercises/computers_keyboard_keys1/computers_keyboard_keys1.html

PBL (PROBLEM-BASED LEARNING) – ӘДІСІН МАТЕМАТИКАДА ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫ МА?

ЕСЕНТАЕВА Гульнар Кобландиновна
Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
математика пәнінің мұғалім-модераторы
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада PBL (Problem-based Learning) –оқыту әдісін математикада қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы екендігі баяндалады.

Аннотация

В данной статье представлен метод обучения PBL (Problem-based Learning) как один из наиболее эффективных путей развития функциональной грамотности учащихся при изучении математики.

Проблемалық-бағдарланған оқыту әдісін математикада қолдану МАҢЫЗДЫ! Есіңіздеме, бұрын мектептегі сабақ қалай өтетіндігі. Қызықсыз болатын! Сіз класта мүмкіндігінше көп жаттап және соңында тест тапсыруға тырысатын едіңіз. Бірақ сіз материалды жеткілікті үйрене алдыңызба? Ол үшін оқушылардың назарын пайдалы болатын жұмысқа аудару қажет. Проблемалық-бағдарланған оқыту немесе PBL (Problem-based Learning) – бұл оқыту тәсілі нақты проблемаларды үйрену үшін ынталандыру ретінде пайдаланады. Осы проблемаларды талдау пәндік жаңа білім алу мен проблемаларды шешу дағдыларының қалыптасуына әкеледі, басқаша айтқанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығы арта түседі.

Функционалдық сауаттылық оқушыларға не үшін қажет?

Функционалдық сауаттылық оқушыларға: анықталған проблеманы математикалық тілге аударуға; проблеманы шешу үшін қажетті математикалық әдіс-тәсілдерді таңдауға; PISA (оқушылардың білім жетістігін бағалаудың халықаралық бағдарламасы) тестілеуге дайындық тапсырмаларын орындауға; теориялық білімдерін өмірде қолдануға көмектеседі.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалай арттыруға болады? Өмірлік жағдаяттарды оқумен байланыстыру; оқушыларды тәжірибелік біліммен қаруландыру; оқушылардың белсенділігі мен дербестігін дамыту; тұрақты танымдық қызығушылығын арттыру; оқу материалдарын меңгеру үшін мақсатты көзқарасын қалыптастыру арқылы арттыруға болады.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін PBL әдісін математикада қалай қолдануға болады?

Жаңа әлем өскелең ұрпақтан өзін-өзі мотивациялайтын , компетентті, функционалды сауатты, әрі мәселені өзі шеше алатын болуын талап етеді. Ал болашақтың иелері болып саналатын оқушыларымыз уақыттарының көп бөлігін білім мекемелерінде өткізеді. Сондықтан пәнді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын проблемалық бағдарланған оқытудың ішінара-ізденіс әдісі арқылы дамытуды жөн санаймын. Сол себепті өз сабақтарымда практикалық сипаттағы тапсырмаларды көп қолданамын және PBL әдісінің қолданысын кеңейту мақсатында оқушыларды бейнематериалдар жасауға ықпал етемін. Оқушылармен бірлесе әзірленген бейнематериалдарды https://www.youtube.com/watch?v=xbmX2OPTSak осы сілтеме арқылы көре аласыздар.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын және математика пәні бойынша оқу жоспарын оқып зерделей отырып, оқушылардың бойында математикалық білімді үйренумен қатар, шынайы өмірде математикалық модельдерді қолдану, зерттеу, қажетті стратегияларды таңдау сияқты дағдыларын қалыптастыру маңызды. Соның бір мысалы ретінде 9 класс математикасының «Шеңберге іштей және сырттай сызылған көпбұрыштар» тақырыбына арналған сабақ жоспарын келтіргім келеді. «Шеңбер формасы , оның ұзындығы мен дөңгелектің ауданы» сияқты өлшемдердің өмірдегі қолданыс аясы көп болғанымен, «шеңбердің көпбұрыштармен конфигурациясына» тапсырмалар көп жағдайда архитектура саласында ғана кездеседі. Сол себепті сабақ тақырыбының өмірмен сабақтастығы ескерілді. Оқушыларға сабақ тақырыбының өмірлік тәжірибесінде қажеттігін сезіндіру үшін, алдымен «Проблемалық сұрақ» стратегиясын қолдану оңтайлы тәсіл деп таныдым. Бұл стратегияны қолдану сабақтың сәтті басталуына кепілдік береді деп ойладым. Қандай да болмасын құбылыс немесе фактіні түсіндіруде оқушының интеллектуалды қиындыққа душар болуы оның мотивациясын арттыруға себеп болады. Қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіруде функционалдық сауаттылықтың ауадай қажеттігін ұғынады. Сонымен қатар, мұғалім үшін оқушылардың алдыңғы меңгерілген

білім деңгейлерін анықтауға мүмкіндік туатыны сөзсіз. Оқушыларға берілген мәселе сұрақ мына түрде болатын: *«Почему люки на дорогах почти всегда делают круглыми?»* Яғни, проблемалық сұрақтың жауабын тыңдау арқылы оқушылардың квадраттың диагоналінің оның қабырғасынан ұзын екендігі және эллипстің фокальдық радиустарының (фокустары арасындағы жартылай қашықтық) әртүрлілігі, ал шеңбер диаметрінің тұрақты шама екендігі жөнінде білімдерінің қандай деңгейде екендігін анықтадым. Осы сұрақтың төңірегінде бірнеше мәселені қозғауға болатындығы мәлім болды. Мысалы: дөңгелек пен шеңбердің өмірдегі қолданыс аясы, шеңбер мен дөңгелектің эллипске немесе көпбұрыштарға қарағанда артықшылықтары. Бұл сұрақтардың жауабы жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға көмектеседі деп шешкен болатынмын.

Іріктеліп алынған тапсырмалардың өзі оқушылардың Функционалдық сауаттылығын арттыруға, математикалық модельдеу дағдыларын дамытуға бағытталған еді. «Проблемалық сұрақ» стратегиясын қолданып миға шабуыл жасау оқушылардың зейінін бірден шоғырландырады. Сұраққа байланысты көрсетілген бейнероликтің қызықтылығы оқушылардың танымдық дағдысының дамуына септігін тигізді. Күнделікті көше жолдарында көріп жүрген люктің неліктен дөңгелек формалы екендігін бұрын соңды оқушылар ойланбағандықтары туралы айта отырып, сұраққа аса қызығушылықпен жауап іздеуге тырысты. Олар төртбұрыштың диагоналін Пифагор теоремасын қолданып есептеу арқылы қабырғасынан ұзын екендігін дәлелдеп көрсетті, сондықтан квадрат пішінді люктердің қақпағының люк ішіне түсіп кетуге бейім екендігін негіздеді. Ал люктердің неліктен дөңгелек формалы екендігін түсіндіруде кейбір оқушылардың ой ұшқырлығымен ерекшеленетіндіктері, математикалық интеллектісі жоғары екендігі байқалды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда дөп басып орынды сұрақ қоюдың өзі маңызды екендігіне тағы бір мәрте көзім жетті. Осылайша сабақ тақырыбының адам өмірі үшін маңыздылығы, қажеттілігі айқындалған соң, осы сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижелері айқындалды. Сонан соң ;ұптық жұмыс «Go» әдісі арқылы жүзеге асты. Класс бөлмесінде ілініп тұрған нөмірленген тапсырмаларды оқушылар белгіленген уақыт ішінде орындады. Оқушылар жауаптарының дұрыстығын интербелсенді тақтада көрсетілген дұрыс жауап нұсқалары арқылы бір-бірінің жұмысын тексерді.

Оқытуда ойын технологиясын қолданудың өзі оқушылар бойында іскерлік, жауапкершілік дағдыларының орын алуына әсер ететіндіктен «Пазл» ойынын ойнаттым. «Пазл» құрастыруда оқушылардың ауызбіршілігі айқын көрінді.

Пазл құрастыру үшін берілген суреттер

1-сурет

2-сурет



1-суретке байланысты есеп шарты:

An architect is designing a park with an entrance represented by point C and a circular garden with center O6 as shown in the accompanying diagram. The architect plans to connect three points on the circumference of the garden, A,B, and D, to the park entrance at C with walkways.

Waikways CA and CB are tangent to the garden, and walkway DOEC is a path througt the center of the garden. If $m\widehat{ADB} \div m\widehat{AEB}$ *=3:2 BC=60 meters, and EC=43.6 meters, find*

a. The measure of the angle between walkways CA and CB, correct to the nearest degree.

b. The diameter of the circular garden, correct to the nearest meter.

2-суретке байланысты есеп шарты:

A one hectare field is in the shape of a right angled triangle. At the midpoint of each side is a post. Horace the goat is tethered at the midpoint of the hypotenuse, and two sheep, Sid and Sadie, at the midpoints of the other two sides. Each rope is just exactly long enough to allow the animal to reach two adjacent vertices. One and only one animal can reach all points in the field. Which one is it and why?

Сурет бейнесіне қатысты ақпаратты оқып, топта талқылау, мәселенің шешімін табудың жолдарын іздестіру ішінара – ізденіс (PBL әдісі) әдісінің көрінісін берді. Тапсырма көпбұрышқа іштей және сыртай сызылған шеңберлер центрлерінің орналасуын анықтау мақсатына бағытталған болды. Осы мақсатты жүзуге асыруда проблемалық бағдарланған оқытудың (PBL) FILA стратегиясын қолдану оқушыларға қойылған мәселенің нақты шешімін табуда көмектесті. (Facts, Ideas, Learning Issues, Action Plan) FILA кестесін толтыруда берілген мәселеге қатысты фактілерді іріктей алу, оған қатысты туындайтын идеяларын ұсыну, сол идеяларға байланысты оқыту сұрақтарының тізімін жасау және іс-әрекет жоспарын құру оқушылардың теориялық білімдерінің практикамен ұштасып жатқандығын көрсетті. Оқушылар топтық жұмысты шығармашылықпен орындай отырып, өздерінің пәндік білімдерін шынайы өмірдегі табиғи үдерістерде қолдану дағдыларының жоғарғы деңгейде екендігін байқатты. Көгенделген жануарлардың қайсысы жайылымды толығымен айналып шығатындығын анықтауда, шеңберге іштей сызылған тікбұрыш қасиетін қолданып, жауаптарын негіздеді. Сол сияқты «Архитектордың жоспары» тапсырмасын орындаған топ оқушылары да есеп шартына сәйкес математикалық моделін құра білді.

Бастапқыда есеп шартын талдай отырып кестеге фактілерді толтырылды, сонан соң дұрыс сызылған сызба - есеп шешімінің 50 процентін құрайды деп математиктер айтпақшы, оқушылар демалыс саябағы бейнеленген суретті геометриялық сызбаға шебер ауыстыра білді.

«Архитектор жоспары» есебінің шешімі:	«Арқандалған жануарлар» есебінің шешімі:
	

Соның нәтижесінде топ оқушылары мәселенің шешіміне жетудің тиімді жолын тапты. Топ оқушылары жасаған жұмыстарын презентациялау сәтінде келесі топ оқушылары мазмұнды сұрақтар қоя білді. Сол мезетте топтар арасында жағымды пікірталас туындады. Топ оқушылары бір-біріне топтық жұмыста орындаған тапсырмаларының мазмұны ұнағандығын айтты. Топ мүшелері өз жұмыстарына топтық жұмысты бағалау критерийлеріне сәйкес бағалау жүргізді.

Оқытуда PBL әдісін қолданудың бірнеше артықшылықтары байқалды. Атап айтатын болсам, «Проблемалық сұрақ» стратегиясы оқушылардың сабақ мақсатын айқындауға жетеледі, GO әдісі бойынша жұптық жұмыс жасау оқушылар білімін актуализациялауға мүмкіндік туғызды. Ал FILA кестесі оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамытуға жетелейтін зияткерлік құрал болып табылды. Осы стратегияның сабақ үстіндегі шағын жоба жасату үшін де қолайлылығын байқадым. Сабақ үстінде жоба жұмысын жүргізудің тиімді тәсілінің табылғандығы қуантарлық тұсы болды.

FILA кестесі

FACTS фактілер	IDEAS идеялар	LEARNING ISSUES зерттеу сұрақтары (оқу пәні)	ACTION PLAN іс-әрекет жоспары

Проблемалық оқытудың ішінара-ізденіс әдісі оқушылардың бойында зертеушілік дағдының пайда болуына ықпал етті. Кім біледі, осындай стратегияны қолданған еңбектің нәтижесінде мүмкін оқушыларымыз әлемді өзгертетін идеялардың генераторлары болатын шығар? FILA кестесін толтыру оқушылар үшін қызықты болды, топтық жұмыс нәтижесін презентациялау кезінде олардың жазған идеялары бірінен-бірі асып түсті. Аталған стратегияны бағалау үшін қолдану тиімді болды. Топтар жұмыстарына өзіндік бағалау жүргізу кезінде әділ баға бере білді. Оқыту үдерісінде әріптестермен бірлесіп таңдалған бағалау стратегияларының тиімділігіне осылайша көз жеткіздім.

Топтық жұмысты бағалау парағы

	Бағалау критерийлері:	Жетті	Талпынд
1	Топта жұмыс жасау ережелерін сақтай алады;		
2	FILA кестесін шартқа сәйкес толтыра біледі;		
3	Іс әрекет жоспарына сәйкес тапсырма шешімін жаза алады;		
4	Шеңбер және үшбұрыштың орналасу жағдайларына немесе шеңберге жүргізілген жанама, қиюшыға қатысты қасиеттерді біледі;		
5	Шеңбер және үшбұрыштың орналасу жағдайларына немесе шеңберге жүргізілген жанама , қиюшыға қатысты қасиеттерді қолдана алады;		
6	Есептің дұрыс жауабын таба алады.		
	Қорытынды		

Атап айтатын болсам, теориялық білімдерін шынайы өмірде қолданудың жолдарын үйрену оқушылардың оқу жетістіктеріне жетуі деп түсінемін. Басқаша айтқанда, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру және ізденіс арқылы зерттеушілік дағдысын дамыту болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық үшінші деңгей (базалық деңгей) «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2012 ж
2. http://bie.org/object/video/project_based_learning_explained
3. Проблемное обучение (PBL) на уроках математики . *Методическое пособие.* Е.В.Кузьмина, учитель математики «НИШ ФМН» г.Семей

ЭФФЕКТИВНЫЙ УРОК

ЖАИЛГАНОВА Ботагоз Балтабаевна
Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления города Костанай
Учитель химии
г.Костанай, Казахстан

Аңдатпа

«Эффективный урок» мақаласы сабақтың жаспарлау формасымен қалыптастырушы бағалаудың ерекшелітерімен және күнделелікті сабақтағы тәжерибелермен таныстырады. Назарларарынызға оқушылардын оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүесіне көшудегі «кері байланасқа» түсу жолдары көрсетілген.

Аннотация

Статья «Эффективный урок» знакомит с формой планирования урока и особенностями формативного оценивания, как ежеурочной практики. Вашему вниманию представлены пути выхода на «обратную связь» в контексте перехода на новую систему оценивания учебных достижений учащихся.

Abstract

Article "Effective Lesson" introduces with the form of a lesson plan and features of formative assessment as hourly practice. The way out on the "feedback" in the context of the transition to the new system of evaluation of students' achievements represented for your attention.

«Эффективный урок» мақаласы сабақтың жаспарлау формасымен қалыптастырушы бағалаудың ерекшелітерімен және күнделелікті сабақтағы тәжерибелермен таныстырады. Назарларарынызға оқушылардын оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүесіне көшудегі «кері байланасқа» түсу жолдары көрсетілген.

Статья «Эффективный урок» знакомит с формой планирования урока и особенностями формативного оценивания, как ежеурочной практики. Вашему вниманию представлены пути выхода на «обратную связь» в контексте перехода на новую систему оценивания учебных достижений учащихся.

Изменения, которые происходят повсеместно как на экономической так и на политической арене, неизбежно ведут к переосмыслению и в сфере образования, как неотъемлемой части социума. Поскольку, именно мировые тенденции и задают тон всем изменениям в условиях глобализации общества, наше государство не является исключением. Мировая экономика нацелена на переход от производственного, индустриального потенциала к сфере услуг которые начинены интеллектуальным содержанием. Поэтому, именно специалисты способные к постоянному саморазвитию и самообразованию, способные решать такие задачи нужны как для каждого отдельно взятого государства, так и для мирового сообщества в целом. Считаю, что именно сфера образования поможет подрастающему поколению определиться и найти свою нишу в социуме, быть тем винтиком государства который важен и необходим. Очень часто, наталкиваясь на информацию о стремительно развивающихся государствах, встречаешь информацию об «человеческом капитале», думаю, что именно этой амбициозной задачей и займется преобразованная сфера образования современного Казахстана. Воспитание подрастающего поколения нацеленных на необходимость быть для нашей страны той самой технически прогрессивной, интеллектуальной, производительной мощью, которая может легко адаптироваться в быстро изменяющемся мире.

Поэтому, ежедневная и ежеурочная работа учителя имеет наибольшее воздействие на учащихся, на их результаты и процесс обучения. Поскольку, «стержневой фигурой в совершенствовании деятельности школ и обеспечения успешности обучения учеников является личность учителя» (Strong, Ward & Grant, 2011), именно учитель основа всех

изменений и начинаний. Педагог – профессионал по большому счету, теперь – менеджер процесса обучения, обладающий арсеналом психолого-педагогических навыков и приемов, мастером мысли и действий! Традиционное обучение, построенное на трансляции готовых знаний, уже не может удовлетворять запросы развитого общества, с всё более расширяющимся полем информационных технологий. Динамика развития современного общества предполагает в идеале видеть своего субъекта: самостоятельным, развитым, уверенным и умеющим критически мыслить. Поэтому от образования требуется для развития мышления создавать соответствующие ситуации на уроках.

Итак, эффективный урок, не будучи мифом, должен в первую очередь эффективно спланированным, а это зависит от постановки целей урока.



Важные:

Эффективный урок нацелен на самый важный материал, и виды деятельности с помощью которых учитель планирует развитие навыков мыслительной деятельности обучающихся.

Первостепенные:

Первоопределяющей является –цель, и если она эффективна, то от нее отталкиваются виды деятельности на уроке, но не в коем случае не подгонять выбранные виды деятельности под определенный уровень.

Управляемые:

Освоение определенного навыка и временные рамки в которые учащиеся должны войти.

Измеримые:

Цели требуют четкой сформулированности и возможности оценки её достижения. Поскольку главное стремление – объективность, обязательным условием является четко разработанные критерии и дескрипторы, помогающие в их достижении.

Традиционная система оценивания по пятибалльной шкале, являясь по сей день мощнейшим рупором в спорах об перспективности, а для некоторых бесперспективности изменения системы оценивания в школьном образовании, при всех своих положительных аспектах себя изжила как инструмент. Именно поэтому, формативное оценивание как процесс, дает возможность учащимся возможность осмысленного подхода к собственному обучению, где они являются строителями и управленцами своей траектории развития. Формативное оценивание позволяет перейти в категорию когда ответственность за обучение разделена между обучающимся и обучающим, о которой в последние годы так часто вещают эксперты в области образования.

Формативное оценивание:

- направлено на обучение с развитием навыков мыслительной деятельности от низкого до высокого порядка;
- направлено на то, чтобы своевременно и эффективно проверять текущий уровень освоения учебного материала для дальнейшего направления и поддержки;
- направлено на то, чтобы при необходимости, исходя из потребностей обучающихся, вернуться к пройденному материалу, в предоставлении качественной обратной связи и множества приемов и подходов индивидуального обучения.

В процессе формативного оценивания оценки и баллы не выставляются, по результатам выполненной работы учащимся предоставляется ***обратная связь****. При этом учитель решает сам, в какой форме её предоставить.*

Обратная связь – это комментарий на работу учащегося, предназначенный для своевременного информирования о текущем состоянии процесса обучения. Является неотъемлемой частью формативного оценивания.

Особенности формативного оценивания:



Однако получение обратной связи имеет большое значение не только для ученика, но и для учителя. Благодаря информации, полученной в ходе обратной связи от учеников или коллег, учитель может внести качественные изменения в процесс своего преподавания. Существуют разные формы получения обратной связи от учащихся, но все они сводятся к рефлексивной деятельности ученика.

Для эффективной обратной связи полезно задавать такие вопросы в конце урока:

-Что вы ожидали от урока и что получилось?

-Что вам лучше всего удалось во время урока, какие виды деятельности были выполнены наиболее успешно? Назовите наиболее эффективные из них.

- Перечислите в порядке убывания основные проблемы и трудности, которые вы испытывали во время урока. Какими способами вы их преодолевали?

- Что мы делали не рационально? Назовите одно действие, которое можно добавить, что бы завтра сделать нашу работу наиболее успешной.

-Какой тап урока вы бы опустили, вычеркнули? Почему?

Анализ результатов опроса поможет учителю идентифицировать проблемы не только в обучении детей, но в своем преподавании. А это, в свою очередь, поможет послужить толчком для совершенствования собственное практики.

Учителю, необходимо, для полноценной реализации процесса формативного оценивания, систематически наблюдать за деятельностью обучающихся и фиксировать промежуточные результаты.

Для эффективности учебного процесса в целом, учитель не только тщательно планирует деятельность с учащимися, но и тщательно составляет вопросы и задания, прогнозирует ожидаемый результат. Планирование оценивания – важнейший инструмент для достижения целей обучения учащимися.

Эффективное планирование формативного оценивания:

Учитель, исходя из современных интерпретаций, выступает главным образом как менеджер активной деятельности учащихся, в рамках которой они способны к усвоению необходимых знаний, умений и приобретения навыков для дальнейшего применения самостоятельно. Поскольку именно способность обучаться на протяжении всей жизни, является основой практически всех изменений в сфере образования. Именно для обучения таких учащихся учитель и сам должен быть готовым обучаться на протяжении всей жизни!

Из числа современных научных подходов, используемых различными мировыми системами среднего образования, наиболее популярными и получившими высокое мировое признание, являются подходы, основанные на ключевых принципах конструктивистской теории (Hattie,2009). Конструктивистская теория базируется на утверждении о том, что развитие мышления учащихся происходит в условиях взаимодействия имеющихся знаний с новыми, либо со знаниями, полученными в классе из различных источников, в качестве которых могут выступать как учителя, сверстники, так и учебники, информационные сайты и пр.

Цель преподавания, основанного на конструктивистской теории, заключается в развитии глубокого понимания предмета учеником, сформированности у него навыков дальнейшего применения полученных знаний вне школы.

Конструктивистская теория в области преподавания требует от учителя сосредоточенности на личности ученика, организации учебных занятий с приоритетами на динамику совершенствования знаний, идей и навыков у учеников, что достижимо при условии предоставления ученикам возможностей для подтверждения своих знаний по изучаемой теме, критического переосмысления определенных предположений, коррекций своих убеждений и формирования нового понимания. Важными приоритетами в деятельности учителя являются:

- стремление к пониманию способов постижения отдельными учениками конкретных тем учебных занятий;
- осознание необходимости соответствующей работы с учениками в целях корректировки или модификации их знаний;
- понимание того, что отдельными учениками восприятие темы может происходить довольно уникальным способом.

Указанные характеристики сущности конструктивистского обучения предполагают наличие у учителя определенного образа мыслей и убеждений, а также, навыков широкого диапазона действий, адекватных этим убеждениям. (Руководство для учителя, с.136).

Являясь за последние три года активным слушателем всевозможных тренингов, семинаров и вебинаров по оцениванию, и из множества заключений, выводов и тезисов могу пожалуй очевидно доподлинно процитировать высказывание одного из экспертов: «В 21-м веке важно не то что ты знаешь, а то что ты можешь с этими знаниями сделать!» .

Литература

1.Руководство для учителя, Программа повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан «Лидерство учителя в школе», Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. [с.162].

2.Брансфорд Дж., Браун А., Кокин Р. (2000). Как учатся люди: Мозг, ум, опыт и школа. Национальная академия печати.

3.Мерзано Р. (2009). Формативное оценивание и оценка по стандартам. Мерзано ресёрч.

4.Международный Экзаменационный Совет Кэмбриджа (2015). Оценивание для обучения.

5.Пиаже Дж. (1954). Создание реальности в ребенке. Бейзик Букс.

6.Под редакцией Пеллегрино Дж., Чудовски Н., Глейзер Р. (2001). Знать то что знают учащиеся: Наука и дизайн оценивания в образовании. Национальная академия печати.

7.Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-методическое пособие. (2016). Под ред. О.И. Можаевой, А.С. Шилибековой, Д.Б Зиеденовой. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы».

8.Садлер Р. (1989). Формативное оценивание и разработка обучающих систем. Образовательная наука, [18(2), 119-144].

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖӘНЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ХИМИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС – ӘРЕКЕТТЕРІН БЕЛСЕНДІРУ

ЖАКУПБЕКОВА Гульнар Оразалиновна
Талдықорған өнеркәсіптік индустрия
және жаңа технологиялар колледжі
химия пәнінің оқытушысы
Талдықорған қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық заманауи технологиялары элементтерін және интербелсенді әдістерді қолдануда қазіргі білім берудегі оның маңызы туралы қарастырылған. Түйінді сөздер: технология, интербелсенді оқыту әдістері: «ақылға қозғау салу», «ой қозғау», «топтық жұмыс түрлері», «брейн-ринг», «пікір-сайыс» т.с.с., шығармашылық жұмыс және өз бетінше тапсырмалар, пән бойынша ғылыми – ізденіс жұмысына және пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Аннотация

В статье рассматриваются задачи, которые решает творческую деятельность, классификация инновационных технологий и место интерактивного метода в современной педагогике. Ключевые слова: технология, интерактивные методы, творческие заданий, самостоятельная работа, повышение интереса к научно-исследовательской работе по изученному предмету.

Біздің қоғамдаға нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік қабілетті арттыру тікелей осы инновациялық шешімдер мен қызметтерді қажет етеді. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауының баға жетпес құндылығы айқын бағыт-бағдар үлгісі ретінде ұсынуы.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Оқытушылардың алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі- оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген.

Педагогикалық технология - оқытушының кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс - әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – білім алушының оқу - танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру оқытушыдан орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер оқытушының жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады.Олар мына төмендегідей:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру;
- оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр білім алушыға арналған тапсырмалар құрастыру;
- білім алушылардың жаңа материалды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау;
- оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау;
- жетіспейтін дидактикалық құралдарды жасау дағдысын қалыптастыру.

Педагогикалық технологияны игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу - тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты.

Біздің қазіргі «жаңа технология» деп жүргеніміз де бұрыннан қолданылып келе жатқан оқыту әдістерінен бастау алып, жалғасын тапқан, толықтырылып өнделген педагогикалық технологиялардың жаңа үлгісі. Мысалы: деңгейлеп оқыту, дамыта оқыту, топтық—ұжымдық оқыту белгілі әдістер. Сондықтан қазіргі қолданылып жүрген оқыту әдістерін озық технология үлгілері деп атаған жөн.

Бүгінгі ұрпақтың сана—сезімі, жан дүниесі, ой-өрісі біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі. Олар заман ағымына қарай ерте жетілген және ең соңғы технакалық және электрондық ақпарат құралдары арқылы жан—жақты мағлұматтар жинақтаған. Әдетте олардың қоғамдық көз—қарасы, моральдық ұстанымы оқытушының талабы мен талғамына сай келмей жатады. Жаттанды дәстүрге айналған сабақтар оларды қызықтыра қоймайды. Оның үстіне оқулық материалдары, (мен күнделікті ақпараттар арасындағы үйлесім болмайды) оқу бағдарламасы ескі, оқытушылар ұғымына қиындық келтіреді және заман талабына сай келе бермейді. Содан барып оқу материалдары мен күнделікті ақпараттар арасындағы үйлесім болмайды, оқыту әдістерінің біркелкілігі, жаттандылығы және өмірден алшақтығы сезіліп тұрады. Нәтижеде шәкірттің сабаққа деген құлшынысы төмендеп, белсенділігі жоғалады. Білім алушылардың сабаққа ықылассыз қатысуы, келмей қалуы, тастап кетуі немесе оқытушыға деген құрметінің жойылып, ол қойған талаптарға да мойынсұнбауы да осы жағдайға байланысты.

Мұндай қайшылықтар біздің елімізде бұдан жиырма шақты жыл алдын-ала сезіле бастаған еді. Оқытудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану сол кездерден бастап қолға алына бастады. Дәстүрлі емес оқытудың ұстанымдарына сүйенсек, біз білім алушылар бойындағы сан қырлы қасиеттер мен ерекшеліктерді ескере отырып, олардың әрбіріне тұлға ретінде қарауымыз керек, әрқайсысының жеке мүмкіндіктерін жетілдіру, шындау арқылы барлық оқушыны ортақ мақсатқа ие, ұлттық мүддемізге сай тәрбиеленген ұйымшыл ұжым ретінде қалыптастыруымыз керек болады.

Бұл орайда бізге ақпараттар алмасу арқылы химия сабағында шәкірттердің өзін-өзі, бірін-бірі оқытуын, өзіндік ой-пікір қалыптастырып, қорытынды жасай алуын, ізденгіштігін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыратын интербелсенді оқыту әдістері «ақылға қозғау салу», «ой қозғау», «топтық жұмыс түрлері», «брейн-ринг», «пікір-сайыс» т.б. өте тиімді деп санаймын. Мұндай сабақтарды оқытушыларды әдеттегідей тек ақпарат беруші және жинақтаушы тұлға деп емес, оқуға үйретуге, ізденуге, ақпарат алмасуға итермелеуші, бейімдеуші жан деп есептеу керек. Білім алушылар оқытушымен тең дәрежеде белсендік көрсететін мұндай сабақтарда оқу материалы 90%-дейін игеріледі.

Сабаққа қойылатын қазіргі талаптар оқытушыдан зор шеберлігін қажет етеді. Білім беруші химия сабағында материалды дайын күйінде бермей білім алушы ізденісіне жол ашатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана білім алушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке адам болып қалыптасады. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытпаймын, көргенді есте сақтаймын, ал өз ақыл—ойыммен істеген ісімді түсінемін» деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі.

Қазіргі таңда оқытылатын пәндердің балалардың болашақта таңдайтын мамандығына қарай бағатталуына, яғни мақсатты білім беру ісіне ерекше назар аударылуда. Сондай-ақ жеке тұлға дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр.

А. Эйнштейн айтқандай, қоршаған орта туралы білімді тек ойлау арқылы ғана меңгеру мүмкін емес,нақты әлем туралы білім тәжірибеден басталып, тәжірибемемен аяқталуы тиіс.

Мектеппен байланысты көп жылғы тәжірибе педагогикалық экспериментті төмендегі бағытта жүргізудің қажеттігн байқатты. Әрине, алдымен химия эксперименталдық ғылым болғандықтан, эксперимент баяндау арқылы түсіндіріліп, отырған құбылыстың көрнекілік құралына айналып кетпеуі керек. Оқытушы білім алушының сабақтағы әрбір әрекетін алдын ала жоспарлау арқылы оның ойлау, болжау, тұжырымдау секілді оқытудың негізгі зерделік көрсеткіштерін де қалыптастырады.

Сабақтың нәтижесінен мейлінше жоғарғы көрсеткішпен шығу үшін оны бастамас бұрын білім алушы қандай мәселеге жете көңіл аударуы қажет, нені біліп, нені игеріп шығатыны туралы толық мағлұмат беріледі. Сабаққа осындай дайындықпен келген білім алушы одан көптеген жаңалықты қызықты химиялық құбылыстарды күтеді.

Оқытушының міндеті – білім алушының осы үмітін ақтау, оның маздап жануына қажетті бағыт беру. Ендеше сабақтың қызықты да тартымды және тиімді түрде өтуінің арқауы болып табылатын, алдағы уақытта оны бұдан да терең білім жолдары күтіп тұрғанын сезіндіріп, перспективасы айқын көрінетін оқытудың бір тиімді әдісі болып қала береді.

Әрбір химиядан жаңа сабақ өткен сабақтың материалымен байланыстырудан басталады. Бұл әдіс білім алушының назарын бірден сабаққа белсенді түрде араласуға аударады, қайшылығы бар ұсыныстар мен сұрақтар қою арқылы ділгірлік жағдайлар туғызып, оның шешімі пікір таластыра отырып ақиқатты іздеумен жалғастырылады. Оқытудың осы бөлімінің сабақ мерзіміндегі үлесі 10 пайыздан аспауы керек. Бұдан кейін жаңа тақырып талданады. Білім алушы оның мақсатын орындау әдістерін ұғып меңгергеннен кейін тақырыптың мазмұны толығымен ашылады. Сонымен бірге тақырыптағы бұған дейін кездеспеген жаңа ұғымдар мен атаулардың мағынасы, қолдану аясы айқындалып, білім алушылардың санасында олар туралы түсініктің берік орнауы қадағаланады. Бір тақырыпты топ болып бірге талдап, бірге орындаудың нәтижесінде, ақиқатты бірге іздеудің арқасында білім алушылардың санасында ұйымшылдықтың нышандары қалыптасады, терең ізденістің нәтижесінде білімді өз бетінше игеруге ұмтылудың қажеттілігіне көз жеткізіледі. Оқытудың бұл бөлімінің үлесі сабақ мерзімінің 30 пайызын құрауға шақталып дайындалады.

Сабақтың шешуші мәселелері үшінші бөлімде орындалады. Бұл жерде қолданбалы бағдарламаны пайдаланып, тақырыптың мазмұны соңғы рет шолудан өткізіліп, тестілік сұрақтарға жауаптар ойластырылып, білім алушының тақырыпты қаншалықты түсінгені бағаланады. Қажет болған жағдайда оған қосымша талқылау, қайталау ұсынылады. Зерттеу нәтижелерін пайымдап талдау арқылы білім алушы өзінің ойын тұжырымдауға, химиялық өзгерістердің себебін, олардың арасындағы заңдылықтарды анықтауға бейімделеді. Осы тұста оқытушы білім алушыны әрбір істі тиянақты орындап, бұған дейін кездеспеген құбылысты байқауға, сол арқылы өз әрекетіне шығармашыл түрде қарауға баулиды. Бұл бөлімнің үлесі сабақ мерзімінің 50 пайызын құрайтындай болып ұйымдастылады. Уақыттың қалған 10 пайызы өтілген материалды бекітуге арналады. Оқытушы бұл уақытты да мейлінше тиімді түрде пайдаланып, білім алушының белсенділігі мен танымдылығын жетілдіруге тырысады және әрбір білім алушының жұмыс туралы пікірі сараланып, қаншалықты мағыналы екені бағаланады.

2015 жылдан бастап әдістемелік мәселе бойынша жұмыс істеймін. Осы уақыт ішінде мәселесі бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізу барысында интербелсенді әдістер мен жаңа жұмыстың түрлерін ұйымдастырып, білім алушыларды талдау жасай алуға, сыни тұрғыдан ойлауға, күрделі мәселелерді шешуге, дұрыс шешім қабылдауға, мақсатқа жете білуге, шығармашылық жұмыстарды орындап қорғай алуға үйретті. **Педагогикалық тәжірибенің тақырыбы:** Заманауи технологиялар элементтерін пайдалану арқылы сабақта білім алушылардың танымдық іс – әрекеттерін белсендіру

Мақсаты: Нарық заманына сай бәсекеге қабілетті жан-жақты маман ретінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- Оқу бағдарламаларының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру;
- Оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр білім алушыға арналған тапсырмалар құрастыру;
- Білім алушылардың жаңа материалды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау;

- Оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау;
- Жетіспейтін дидактикалық құралдарды жасау дағдысын қалыптастыру.

Тәжірибенің жаңалық деңгейі:

- интерактивті оқытушы – білім алушы, білім алушы – білім алушы қарым-қатынас түрін берді.
- білімгерлерге барынша еркіндік беріліп, өздіктерінен жұмыс істей алатындықтарын дәлелдете білді. Білім алушылардың өз іс-әрекетін бақылау, бағалау мүмкіншілігі туды.
- Білімгерлердің пәнге деген қызығушылығы артты.
- өзін-өзі көрсету мүмкіншілігі туды.

Тәжірибенің қысқаша сипаттамасы:

Заманауи технология элементтерін: Модульдік технология, Деңгейлеп саралап оқыту; Блум таксономиясы, Тірек – сызба технологиясы т.с.с.

Ұжымдық оқыту технологиясы элементтерін шебер қолданумен, ғылым негізін тереңдете оқыту үшін дүние танымдық құндылықтарды қалыптастырумен, көзқарастарын және сенімділіктерін дәлелдей білуімен ерекшеленеді.

Негізгі әдістерінің бірі сызбамен жұмыс істеу:

- тұлғалық тәжірибеден – күнделікті және өмірлік білік, дағды сараптамасынан ғылым теориясына жету;
- білімгерді тақырып құрылымына «негізгі түсінік» - «сұрақ» - «мәселелер» тәсілі арқылы жетелеу.

Білім алушылар таныс екі түрлі бағдарламамен дәріс алады. Алғашқысын колледж ұсынса, соңғысын өмір береді. Жас мамандардың өмірге деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыру мақсатында әр сабағында интербелсенді жұмыс формаларын және оқыту әдістерін қолданып, білімгерлерді ойлауға, сараптама жасай алуға, күрделі мәселелерді шешуге, дұрыс шешім қабылдауға, мақсатқа жетуге, шығармашылық жұмыстар мен өз бетінше жұмыстарды орындауға, оны қорғай білуге үйретеді. Оқытушының жұмысында жағдай жасауы, көптеген тиімділіктерді қамтамасыз етуі білімгерлердің сенімін тудырады. Сол себептен де оқытушының қойылған сұрауларына шын жүректен жауап беруге дайын тұру қажет. Сабақта білім алушылардың көзқарасын әңгімелесу кезінде талқылап, олардың түсінігін дұрыс қалыптастыруды мақсат етіп қояды.

Білімгерлердің шығармашылық тапсырмаларға, ғылыми – ізденіс жұмыстарына, пәнге деген қызығушылығын арттыру тәжірибенің нәтижесі болып табылады.

Бұл тәжірибенің тиімді жағы мына төмендегі жайттарды айқындап берді:

- білімгердің шығармашылық мүмкіндігін, жекелей ерекшеліктерін ашу;
- болашақ маманның практикалық және кәсіби тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру;
- эстетикалық талғамын, логикалық және талдауға бейім ойлау қабілетін дамыту;
- іскерлік мәдениетін, қарым – қатынас дағдысын, ойлауды қалыптастыру;
- танымдық, ізденіс, шығармашылықтарын дамыту;
- білімгерлер белсенділігі және шығармашылық ынталарын, бірігу сезімі, достық, ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Американдық ғалым Бенджамин Блумның кеңінен тараған педагогикалық идеяларының бірі – Блум таксономиясы. Блум таксономиясының танымдық деңгейлері

1. Студенттердің оқу материалын меңгеру деңгейін бақылау.
2. Әрбір студенттің дамуын қадағалау.

«Таксономия» ұғымы биологиядан алынған. Ол күрделі нәрсеге бірінен соң бірі орналастырылған және өзара тығыз байланыстағы обьектілерді жіктеуді және жүйелеуді білдіреді. Таксономия идеялары бүкіл әлемдік педагогикалық кеңістікте таным және ойлау әрекеттерінің деңгейлерін, оқу мақсаттарын айқындауда кеңінен қолданыс тапты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жаңашыл педагогтар іс-тәжірибелері. – Алматы,1991.
2. Педагогикалық ізденіс. – Алматы, 1990. – 8-58; 58-100, 147,215-беттер.
3. Ұстазға рухани қуат керек. Р.Нұртазина туралы//Қазақстан мектебі, 1999. №1-2. 8-11-бет.
4. Курманалина Ш.Х. Функциональная модель электронной мстодической системы в колледже: Учебное пособие. – Алматы: Алем, 2000.
5. Курманалина Ш.Х. Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации оброзования: монография. – Алматы: Алем, 2002. – 316 с.
6. Курманалина Ш.Х. Обновление методического обеспечения учебного процесса в условиях информатизации образования (в соавторстве: Н.Б.Чекалева): Монография. Омск: ОмГПУ, 2002. – 89с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

ЖОРАБЕККЫЗЫ Гулдейжан
Алматы қаласы Физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Педагог-ұйымдастырушы-куратор
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог маманның сөйлеу мәдениеті мен шаршы топ алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға қажетті әдістер жан-жақты талданады. Әр әдістің өзіндік ерекшелігі мен қолдану шарттары қарастырылады. Сонымен бірге педагог маманның тіл байлығын арттыруда, шебер сөйлеуге дағдыландыруда әдістердің алар орны көрсетіледі.

Аннотация

В статье анализируются способы детального анализа речевой культуры будущего учителя, необходимых для формулирования речевых навыков. Рассмотрены особенности и применения разных методов речевой культуры, в формировании речевых навыков будущих педагогов.

Тіл байлығы мол, сөзге шебер маман дайындауда педагогикалық риториканы оқытудың маңызы өте зор. Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінің бағдарламасына педагогикалық шешендіктануды енгізу – болашақ мамандардың гуманитарлық ойлауын кеңейтудің тағы бір мүмкіндігі. Педагог мамандардың шебер сөйлеуді меңгеруі, өз пікірін нақты айтуды үйреніп, шешен сөйлеуге дағдылану қажет.

А.Қыдыршаев: «Жалпы, сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық атаулы жоқ» [1, 7 б.] – деп көрсеткендей, кез келген саладағы маманның сөз саптауы шебер, тілі көркем болуы тиіс. Сондықтан да болашақ кәсіби маман болып табылатын студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, тіл байлығын молайтуда педагогикалық риториканың алар орны ерекше. Студент сауатты жазуға, іс қағаздарын мүлтіксіз орындауға, баяндамалар жасауға, пікір-сайысқа түсуге, топ алдында әдеби тілде сөйлеуге жаттығуы тиіс. Оған мектептегі тіл дамытудан алған білім дағдысы жеткіліксіз. Сол себепті жоғары оқу орындарында студенттердің әдеби тілде жатық та шешен сөйлеу дағдылары қалыптастырылуы қажет.

Студенттердің шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың өзіндік әдістері бар. Қолданбалы ғылым ретінде қалыптасып үлгерген қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзінде оқыту әдістерін классификациялауда нақты бір анықтылықтың жоқтығын ескерсек, педагогикалық шешендіктануды оқыту әдістерін жіктеу тым күрделі. Дегенмен педагогикалық шешендіктануды оқытуға сәйкес мақсатты жұмыс оқыту үрдісі жүйесінде қай әдіс немесе қай тәсіл қандай орын алатыны, қандай мақсат көздейтіні, өзге әдістермен қандай байланысы барлығы және тағы басқаларды түсінуді керек етеді. Осыған байланысты А.Қыдыршаев шешендіктануды оқыту әдістерін шартты түрде төрт топқа бөліп қарастырады. Олар: коммуникативтік мүмкіндіктерді дамыту әдістері; сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістері; сөйлеу техникасымен жұмыс әдістері; шаршы топ алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістері [2, 131]. Бұған шешендіктану сабақтарында белсенді түрде қолданылатын анкета, жазбаша сұрау салу, тестілеу сияқты көмекші әдістерді қосуға болады. Енді осы әдістерге және ондағы жұмыс түрлеріне кеңінен тоқталып өтейік.

Коммуникативтік мүмкіндіктерді дамыту әдістері. Бұл топтағы әдістерді талдаудың негізінде сөздегі ой ұшығынан оның тілдегі мағынасына өтудегі психологиялық үрдіс ретінде және одан әрі «адамдар арасындағы мақсатты байланысты орнату әрі сақтау» үрдісі іспеттес сөздің сыртқы қалпын ауызша немесе жазбаша жүзеге асыру тұрғысындағы түсінік жатыр. Коммуникативтік мүмкіндіктерді дамытудың мақсаты: студенттерді өз сөзін белгілі бір коммуникативтік ой ұшығына толық күйде сәйкес келетіндей тұрғыда құра білуге үйрету.

Мәтінге логикалық-композициялық талдау жасау. Шешендіктану теориясында сөздің логикасы мен композициясының арақатынасы қашан да маңызды. Шаршы топ алдында сөйленер сөздің негізгі бөлім мен қорытынды қалпындағы жіктелімі – күрделі ой еңбегінің сыртқы жағы ғана. Маңыздысы – студенттердің мәтін композициясының автордың ой тұжырымына негізделген барлық бөлімдерінің заңды орналыстырылуы екендігін тани білуге үйренуі. Әдіс тиімділігі – студенттердің пайымдаулары күйінде сөйленер сөздегі ой ұшығын сөздің аяғына дейін бұлжымай сақтаулы күйінде орналастыра алу қабілетін қалыптастыруы.

Магнитафонға жазу арқылы оқылған мәтінді әңгімелеу. Бұл әдісті алғашқы сабақтарда қолдану тиімді. Себебі ол жадығатты дәлме-дәл қабылдау, есте сақтау қабілетін көрсетумен бірге, коммуникативтік ой ұшығын жүзеге асыру қабілетін де танытады. Осы әдіс арқылы студенттер өздерін «сыртттай» тыңдауға мүмкіндік алып, оқытушымен бірге өз сөзіндегі қателіктерді анықтауға және вербальді-коммуникативті мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды айқындайды.

Тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру. Ұсынылған әдіс ойлаудың ерекшелігіне баға беруге, логикалық ойлау деңгейін, тілді меңгеруін (грамматиканы) анықтауға (мейлінше шартты болса да) жағдай жасайды [2, 133].

Еркін пікір алмасу. Аталмыш әдіс сөйлеу логикасы мен грамматикасының дұрыс бейнеленуіне қоса, тілдің мәнерлеу құралдарын орынды қолдана білуді талап етеді, сондай-ақ студенттердің өз пікірін ашық білдіріп, оны дәлелдей алу, бірін-бірі тыңдап, бір-біріне сыншы ретінде сөз сөйлеу білігін қалыптастыруға септеседі.

Еркін пікір алмасу көбіне сабақ тақырыбымен байланысты, сонымен қатар тақырыптан тыс қалыпта да болуы мүмкін. Мәселен, алдын-ала тек мәселенің бастапқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша берілген тапсырмаларға сәйкесті сөздерді тыңдау әрі талдау кезінде пікір алмасу болмай қалуы мүмкін емес.

Коммуникативтік ойын. Шешендіктану сабақтарында коммуникативтік ойындарды оқытудың әрі әдісі, әрі түрі ретінде қарастыру жөн. Біздіңше, қай жағдайда да осы саптағы жұмыс түрлерін қолдану қарым-қатынастың мейлінше тиімді әрі сәйкесті тәсілдерімен қарым-қатынас жасау.

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістері. Сөйлеу мәдениеті – шешендіктану негізі. Сөйлей білу шеберлігі бастапқыда тілдік нормаларды білуді, сөздің дәлдік, орындылық, мәнерлілік талаптарына орай сөзді дұрыс орналастыра білу білігін керек етеді.

Демек, сөйлеу мәдениеті деңгейін жетілдіру – қазіргі шешендіктану мәселелерінің бірі. Студенттердің сөйлеу мәдениеті деңгейін жетілдіру – шешендіктану бойынша әрбір лекцияда, әрбір сабақта, тақырыптың қандайлығына қарамастан, үнемі үздіксіз жүргізілер жұмыс.

Шаршы топ алдында сөз сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістері. Алғашқы машықтық сабақтардан бастап-ақ студенттерді шешендік шеберлікті кім де болса меңгере алатындығына иландыра беру орынды. Өйткені шешендік өнер тек шартты түрде ғана өнер, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет. Әрбір сауатты адам үздіксіз, қажырлы, мақсатты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере алады. Шаршы топ алдында сөйлеу үшін сөз мәдениетін толық білу керек. Сөз мәдениетінің сапалық көрсеткіштерінің бірі – сөз көркемдігі. Зерттеушілердің пайымдауынша, сөз көрнектілігіне мынадай жағдайлар әсер етеді:

-сөз иесінің ойлау даралығы, саналы әрекеті;
-сөз иесінің өзі сөйлейтін сөздің мазмұны мен оны тыңдаушыларға деген ықыласы;
-тілді, оның көріктеуші құралдарын жақсы меңгеруі;
-тілдік стильдердің ерекшеліктері мен өзіндік заңдылықтарын жете білуі;
-өзінің сөйлеу дағдыларын жүйелі түрде шыңдап отыруы;
-өз сөзіне үнемі бақылау жүргізіп, қай жерде көрнекі, қай тұста құрғақ сөзге жол берілгенін бағамдай алуы;
-өзінің алдына көрнекі сөйлеуді нақты мақсат етіп қоя білуі [3, 115].

Өзіндік тұсаукесер рәсімін жасау. Бұл студенттің шешендіктану сабағындағы алғашқы «сөзі». Алдын-ала студенттерге «өзін көрсете білу» білігінің өте қажеттілігі мен ілгергі қарым-қатынас не бірлескен өзара іс-әрекетте алғашқы сезім-күйдің ерекше маңыздылығы айтылады. Қысқасы, осы алғашқы сөз сөйлеудің өзі әрбір студенттің ілгергі ісіне ойланарлық мол азық береді. Ал оқытушы олардың сөйлеу техникасындағы, сөйлеу мәдениетіндегі, мәнер тәртібіндегі кемшіліктерін, олқы тұстарын көрсетіп, бұларды курс сабақтарының барысында жоюға кеңес береді.

Баяндама – студенттерге тапсырылған тақырып бойынша хабарлама әзірлеуде кең таралған жұмыс түрі. Баяндамаға қойылар басты талаптар: ақпарттылық, ойды аз сөзбен мейлінше тұжырымды, анық етіп жеткізу шеберлігі ықшамдылық, айқындылық.

Бейнетаспаға жаза отырып, таңдалған тақырыпта сөз сөйлеу. Бұл бағыттағы тапсырма – студенттердің ерекше ынталылықпен орындар жұмыс түрлерінің бірі. Аталмыш жұмыс түрін сабақтың бастапқы және қорытынды кезеңінде қолдану орынды.

Басқы тұсы тапсырылған тақырып бойынша сөз сөйлеу – алғашқы кезекте мәтінді композициялық-логикалық тұрғыда қалыптастыру дағдырын сіңіретін жұмыс әдісі. Студенттер ұсынылған фразалардың бірін таңдауға құқылы.

Тапсырылған тақырып бойынша сурырып салма сөз – маңызды шешендік білік-дағдыларды қалыптастырар жаттығулардың бірі. Спонтанды сөйленген сөз барынша сәтті болу үшін есте ұстар не сұхбаттасушыңды тыңдай келе, ілгергі сөйлер сөзіңнің мақсатын көз алдыңа анық елестете білудің, негізгі ойды мейлінше нақты жүйелеуге тырысудың қажеттігі; екіншіден, айғақ-дәлелдер мен мысалдарды қолдануға асықпау, қайта олардың ішінен бірден-бір күштісі мен айқынын екшей ала білудің тиімділігі; үшіншіден, қашан да сөз түйіні оның басқы тұсының тезисімен сәйкес үйлескенде ғана иланымды боларын ескертудің орындылығы. Шешендік сөздегі импровизиция өнері – шешендіктанумен айналысушының ұмтылар биігі.

Тестілеу – студенттердің әрқайсысына өзіндік тұлғалық бейнесі, коммуникабельдік деңгейі сияқты қырларын бағдарлауға көмектеседі. Студенттердің анкета сауалдарына жауаптары сұралғандардың коммуникабельді деңгейі туралы мәлімет алуға, коммуникативтік мәселелерінің шеңберін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Шешеннің өзіндік көзқарасының ой ұшығы, сезімі мен ойлары, оның сөйлеу логикасы мен фактологиясы аудитория үшін дыбысталған сөз күйінде көрініс табады. Шаршы топ алдында шебер сөйлеу білігі сияқты шешеннің басты қасиеті оның ойын ақырына дейін мейлінше дәл білдіруге көмектесетін бірден-бір айқын да жарқын сөздерді ершеп ала білу білігімен бөлінбес бір тұтастықта болып келеді**.** Әдемі, сенімді сөйлей білу қабілеті шешеннің сөз таңдау, сөз тіркестерін әдемі, әуезді, әсерлі құру, бейнелегіш-суреттегіш құралдарды шебер қолдану дағдыларынан қалыптасады [4, 19]. Шешеннің тіл мәдениеті – сөйлеудің тиімділігін, ұғынықты да түсініктілігін және мәнерләгін қамтамасыз ететін, ана тілінің барлық байлықтарының ішінен аса қажеттті әсер етуші тілдік құралдарды іріктеп, саралап алу білгірі.

Жоғары оқу орындарында студенттерді шешен сөйлеуге оқыту әдістерінің бірі, яғни шешендік өнерге баулу амалдарының бірі – түрлі тақырыптардағы ойбөліс (дебат) әдісі. Карл Поппердің дебат технологиясы тілдік тұлғаның дамуына көмектеседі. Бұл технология ЖОО-да оқитын студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырады, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік, жалпы интеллектуалдық қасиеттерін қалыптастырады. Ойбөліс (дебат) сайыстарын жүргізудің негізгі мақсаты – студенттің ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу, заңгер, адвокат, судья болуға баулу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Дебат (ойбөліс) технологиясын сабақта пайдалануда оқытушы студент, болашақ педагог-шешеннің бойында мынандай қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады:

- ең бастысы студенттердің сөйлеу мәдениеті артады. Бұған оқытушы баса назар аударуы керек;
- студенттердің байсалдылығы, ұстамдылығы, тыңдау мәдениеті қалыптасады /Мәселен, *Болат мырза, Ардақ ханым* тәрізді тіркестер қолданады/;
- сөйлесім әрекетінің алуан түрі жетіледі;
- терең білімділігі дамиды;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- ой мен сөздің сабақтастығының белсенділігі артады;
- сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасады;
- ойының дүниетанымдық деңгейі кеңейеді.

Аристотель риториканың табиғатын түсіндіре келе, мынандай пікір айтады: «Шешендік өнер – дәрігерлік өнерге ұқсас, дәрігерлік өнер барлық адамды бірдей сауықтыра алмайды, бірақ, мүмкіндігінше, сауықтыруға жақындатады. Сонымен қатар мүлде айықпайтын адамдарды тәуірлендіреді».

Бұл орайда бұл әдістер негізінде шешен мұғалімдерді толыққанды түрде қалыптастырмаса да, педагогтер бойына педагогикалық шешендік шеберлікті сіңіру, дарытуға үлкен үлес қосары анық.

Жоғарыда педагогикалық риториканы оқытудың бірнеше әдістері талданды. Бұл әдістер болашақ педагог маманның тіл байлығы мол, шешендік шеберлігін дамытуға, соғұрлым қоршаған ортадағы нәрселер мен құбылыстарды, сондай-ақ педагогикалық ұжымда өзін де, айналасындағыларды да, олардың қасиеттерін де толығырақ тануға мүмкіндік береді. Оларды түсіне тұра, кәсіби шешендік тереңіне бойлай түседі, соның әдістерін меңгереді, сөйтіп педагогикалық шешендіктің сырын ғана емес, педагогикалық ойлаудың да тереңдей түсуіне мүмкіндік жасайды.

Шешендік – тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы [5, 55]. Шешендіктану мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қабілет-қарымы таяздау көрінетін алынбас қамал іспетті орталарда монологтық сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады.

Педагогикалық риториканы оқытуда жоғарыда талданған әдістерді пайдаланудың негізінде студенттің сөз саптауында жан-жақтылық пен сөз тазалығы, сөздің орындылығы мен мәнерлілігі қалыптасады. Студент өз пікірін нақты айтып, шаршы топ алдында еркін

сөйлеуге дағдыланады. Сонымен бірге тіл байлығы молайып, сөз мәдениеті мен тазалығын сақтап, шебер сөйлеуге мол мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: теориясы және практикасы. – Орал, 2012. – 232 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың әдістері. // Білім берудегі менеджмент. –№ 2, 2002.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т. I. – 384 б.
4. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: «Білім», 2003. – 260 б.
5. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: «Зият Пресс», 2006. – 140 б.

ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ В РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ ОБРАЗОВАНИЯ В СФЕРЕ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ

ИЗМУХАНБЕТОВА Софья Салахиденовна
АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» «Института повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области»
Директор филиала АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» «Института повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области»
г.,Уральск, Казахстан

Аңдатпа

Мақалада білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Батыс-Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтындағы оқу процесін ұйымдастыру мен мұғалімдерді әдістемелік қолдауда басшылыққа алынатын педагогикалық тұрғылар қарастырылған.

Аннотация

В статье рассматриваются основные педагогические подходы к организации учебного процесса и методической поддержки учителей в Филиале АО «НЦПК «Өрлеу» «Института повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области» в рамках реализации государственной политики в сфере образования.

Преобразования в системе повышения квалификации педагогических кадров связаны с ключевыми задачами Главы государства, указанных в приоритетных программах сферы образования. В частности Министерство образования и науки РК приняло ряд стратегических документов, которые призывают педагогические кадры переосмыслять свои знания, совершенствовать квалификацию, соответствовать времени: Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, Устав подпрограммы «Тәрбие және білім» в рамках реализации Программы «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ», Правила организации и проведения курсов повышения квалификации педагогических кадров, Правила и условия проведения аттестации педагогических работников и приравненных к ним лиц, занимающих должности в организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы дошкольного,

начального, основного среднего, общего среднего, образовательные программы технического и профессионального, послесреднего образования, и иных гражданских служащих в сфере образования и науки, Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям. На основе этих документов четко определена цель, приоритеты и инструменты государственной образовательной политики, которые должны соответствовать новым условиям и, которые предполагают основные направления деятельности, совершенствующие квалификацию педагогической системы образования, обеспечивающие современное качество общего образования.

В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 гг. отмечается, что «для обеспечения высокого качества образования необходимо иметь квалифицированные кадры. Для этого предусматриваются меры по усилению требований к педагогам». Поэтому к современным задачам системы повышения квалификации можно отнести определение и уточнение образовательных потребностей педагогов; оказание помощи каждому учителю в построении индивидуальной образовательной траектории профессионального роста; обеспечение информационно-методического сопровождения; организацию плодотворных педагогических взаимодействий.

К качественным изменениям в деятельности АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» можно отнести: обучение профессорско-преподавательского состава филиалов на курсах повышения квалификации у педагогов международного класса для внедрения новых программ ПК и внедрение нового статуса педагога – «тренер»; внедрение нового формата курсов повышения квалификации по программе уровневых курсов, включающих обучение в аудитории «face-to-face» и внеаудитории «online»; реализация программ повышения квалификации педагогических кадров по новым учебным предметам, соответствующих обновленному содержанию образования в Республике Казахстан; внедрение Национального портала системы повышения квалификации – первого образовательного проекта для педагогов республики через обучение в формате «Blended learning».

В ходе обучения профессорско-преподавательского состава Филиала АО «НЦПК «Өрлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области» по актуальным направлениям развития системы образования и повышения квалификации у педагогов международного класса 18 сотрудников Института прошли обучение в Великобритании, Франции, Австрии, Сингапуре, Южной Корее, Австралии, России и активно внедряют опыт данных стран в практику деятельности.

С 2016 года в филиалах «Өрлеу» проводится обучение учителей по программе повышения квалификации в рамках обновления содержания среднего образования. В течение двух лет в нашем филиале было обучено и сертифицировано 4055 учителей школ области. В этом году запланировано обучение 1817 педагогов. Программа курса ориентирована на совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрения новой системы оценивания. Учитывая международные тенденции и отечественный опыт в образовании на курсах учителя обучаются использованию педагогических подходов и учебных материалов в соответствии с обновленной учебной программой, овладевают навыками применения стратегий активного обучения, изучают сущность критериального оценивания, учатся планировать уроки с учетом потребностей учащихся, используют методы организации взаимообучения, обучения педагогической рефлексии и эффективные формы обратной связи.

После окончания курсов учителя осуществляют планирование уроков в новом формате, где четко структурируют цели урока, отбирают методы для достижения целей обучения и вовлечения всех учеников в активный учебный процесс; дифференцируют задания с учетом потребностей обучающихся. Учитель здесь руководствуется одним из содержательных отличий обновленных учебных программ – системно-деятельностным

подходом в обучении, активным включением ученика в процесс познания. В рамках курсов учителя осваивают навыки применения критериальной системы оценивания, основанной на критерии оценивания.

Наряду с повышением квалификации педагогов по обновленному содержанию образования, Институт выполняет государственный заказ по курсам повышения квалификации учителей информатики, математики и физики по программе робототехника, разработанной АО «Международный университет информационных технологий», учителей самопознания по программе «Общечеловеческие ценности на уроке» «Самопознание» разработанной Национальным научно-практическим центром «Бөбек».

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі-бала шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру. Шығармашылық - тұлғаны дамытудың ең тиімді тәсілі. Күнде өзгеріп отырған аласапыран өмірде аман қалу, биіктерге беттеу, нәтижелерге жету тек қана шығармашыл адамдардың қолынан келеді және бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болатындығы ғылымда дәлелденген. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім - білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Сыныптағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында түрлі жаттығулар орындалады. Жаттығулардың басым көпшілігі оқушының өзіндік қабілеттері мен қасиеттерін ашуға және ортаға бейімделуге бағытталады.

1 жаттығу. **Ақ және қара орындық**. Мақсаты: оқушы өзінің бойындағы жақсы және түзетуді қажет ететін қасиеттері мен әрекеттерін біліп, қажетті іс-шара, өзгеріс енгізу.

Ортаға бір орындық қойылады. Оқушылар өз қалаулары бойынша ортаға шығып оқушыларға теріс қарап отырады. Мұғалім ең алдымен қазір ортада отырған оқушының қарым-қатынасқа, достыққа кедергі келтіретін, түзетуді қажет ететін қасиеттері мен әрекеттерін бір-бірлеп айтып шығуды сұрайды. Оқушылар кезегімен айтып тұрғанда мұғалім ортада отырған оқушыны бақылап отыруы тиіс. Екінші айналымда оқушылар ортада отырған оқушының жақсы қасиеттерін кезегімен айтып шығады. Барлығы аяқталғанда мұғалім ортада отырған оқушыдан бақылау нәтижесіне және айтылған пікірлерге байланысты сұрақтар қояды. Ең бастысы мұғалім оқушының көңіліне тимейтіндей етіп, кедергі келтіретін, қиындық туғызатын әрекеттер мен қасиеттерден оның арылуы қажет екені туралы пікірде қалдыруы керек.

2 жаттығу. **Балықшы.** Бұл жаттығуды алаңда не мектеп ауласында жүргізген тиімді. Мақсаты: қарым-қатынасты жақсарту, бірлікке баулу. Бір оқушы "балықшы" рөлінде болады. Қалған оқушылар белгіленген шеңберден аспай балықшының қолына түспеу үшін жүгіріп жүреді. Балықшы ұсталған оқушылармен тізбектеліп, қалған оқушыларды қолға түсірулері керек. Ойын барлық оқушылар қолға түскенше жалғасады.

3 жаттығу. **Жылы лебіз.** Мақсаты бір-біріне жақсы сөздер айту, көңілін көтеру. Сынып оқушылары қалаулары бойынша немесе мұғалімнің нұсқауымен (оң не сол жақтағы) оқушының атын жазып, сол оқушыға жылы лебізін жазулары қажет және осы шақта жазылуы керек.

4 жаттығу. **Айна.** Мақсаты оқушының бойында байқампаздық қабілетін дамытуға, басқа адамның көңілін сезіне білуге бағытталады. Оқушыларды бір уақытта бір-біріне қаратып жұп болып тұрғызу қажет. Мұғалім кімнің айна рөлін атқаратынын Оқушылар белгіленген уақыт аралығында өз міндетерін жақсы атқарып шығулары керек. Оқушылардың рөлдерін ауыстыру керек.

5 жаттығу. **Жемістерден салат жасау.** Мақсаты оқушыларды сергіту, көңіл күйлерін көтеру және жағымды қарым-қатынас орнату. Шеңбер бойына отырған оқушыларды мұғалім немесе жүргізуші жемістерге бөледі. Жүргізушіде орын болмайды ол ортада тұрып 2 не 3 жеміспен салат жасаймын деп жемістердің атын атайды, аты аталған жемістер бір-бірімен орын алмасулары қажет. Жүргізушіде орынға отырғандықтан бір оқушы орындықсыз қалып, салат жасауды өзі жалғастырады.

Өзін-өзі танудың пәндік саласы әр оқушының ішкі жан-дүниесін байытуы және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді. Өзін-өзі тану пәнінің оқу-әдістемелік құралдары оқушылардың қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталып, олардың жасампаздық белсенділігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік маңызы бар, кең ауқымды біліктілік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Өзін-өзі тану пәнін бағалау оқушылардың шығармашылық және жеке жұмыстарын тиімді әрі әділ бағалауға көмек береді. Сондай-ақ, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын тудыруға жол ашады.

Психологиялық әдістер мен жаттығуларды мұғалімнің шеберлігіне қарай дұрыс қолданатын болсақ, онда оқушылардың жасырын, толғандыратын мәселелерін, сыныптастарымен қарым-қатынастарын жақсартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өзін-өзі тану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. А.Сейтақов - Алматы «Бөбек», ҰҒПББСО, 2010.

2. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998ISBN 5-89800-123-9, VI том.

ӨНЕР ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫ МЕН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

КУЛАНОВА Фариза Әкімжанқызы
Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
Өнер пәнінен мұғалім-сарапшы
Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың интерпретациялау қабілетін шығармашылық жұмыстар арқылы дамыту туралы айтылады. Интерпретациялау қабілеті дамыған оқушыларды жеке тұлға ретінде, өз қиялынан идеяларын ұсынып, қайталанбас дүниелер жасай алуына машықтандырады.

Аннотация

В этой статье обсуждается способность учащихся интерпретировать свои творческие способности посредством творческой работы. Развивает студентов с умением интерпретировать навыки как личности, давая им идеи из своего воображения и делая их уникальными по своей природе.

Іс-әрекетті зерттеу бұл - әрекеттер мен олардың салдарын жүйелі түрде зерттеу мен қоса, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында іс-әрекетті орындау үдерісі. Мектепте іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізудің басты мақсаты – мұғалімнің кәсіби дамуы мен сабақ үдерісінің табысты болуы. [1,б.61] Сабақ процесін жақсарту мен ұстаздардың кәсіби дамуы үшін «Іс-әрекеттегі зерттеу» жобасы мектептерге ендіріліп, мұғалімдер өз іс-тәжірибесін зерттеуді қолға алуда. Кіріктірілген мектеп бағдарламасында «Өнер» пәнінің өзіндік ерекшелігі бар. Ал өнер сабағында берілген тапсырмалардың барлығы дерлік қайталанбаған болуымен байланысты. Өнер пәнінің мақсаты: оқушылардың

функционалдық дағдысын дамыту, оқушы сабақта алған білімін өз өмірінде қолдана алуға ықпал ету.

Зерттеудің тақырыбы:«Өнер пәнінде оқушыларының зерттеушілік дағдысы мен интерпретациялау қабілеттерін түрлі әдіс-тәсілдер арқылы дамыту»

Зерттеудің мақсаты:Оқушылардың шығармашылық жұмыс жасау барысында дәйектер мен дәлелдерге сүйене отырып жұмыс жасай алулары және өз қиялдарынан суреттерді сала алулары, образды дағдыларының, сондай-ақ креативті қасиеттерінің дамуы көзделеді. Жеке пікір мен ойдың маңызы зор екендігін көрсету және сол арқылы оқушылардың интерпретациялау қабілетін дамыту. Осы алған білімдерін өмірде, тәжірибеде қолдана алу дағдыларының дамуы да негізгі мақсаттың бірі болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісінде балалардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар дайындау;

2. Белгілі бір бейімделген тапсырмалар арқылы оқушылардың интерпретация жайлы түсініктері мен зерттеу дағдыларын дамыту;

3. Зерттеу үрдісі барысында деректерді жинақтап және өз тәжірибелерін жақсарту мақсатында нәтижелерді өңдеп, қолдану.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың өздері қиялдай алатын, қайталанбас және ерекше жұмыс жасай алатын , сыни тұрғыдан ойлай алатын, алған білімдерін өмірде қолдана алатын, шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Зерттеу әдістері:

- Оқушылармен үш стратегия бойынша жұмыс істеу(Жеке, жұпта және топта);
- Белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Оқушылармен сауалнама жүргізу;
- Сабақта балаларды сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыратын тәсілдерді пайдалану;коллаж техникасы, түстер шеңбері т.б.
- Балалардың қажеттіліктері мен жас ерекшеліктеріне қарай тапсырма әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау

Зерттеу 8 сыныптар арасында жүргізілді. Сауалнамалар нәтижесінде зерттеудің өзектілігі анықталды. Оқушылардың образды шешім, қиялдан сурет салу, интерпретация сынды ұғымдармен таныс немесе таныс емес екендігін білу мақсатында арнайы сұрақтармен жаттығуға арнайы тапсырмалар берілді. Сынып ішіндегі жауаптар легі үш түрлі деңгейде анықталды. Сауалнама нәтижесі төмендегі кестедегідей болды.

Сіз интерпретация жасай аласыз?				
Жиі . Сурет салуда үнемі эксперимент жасаймын.	Қиялдан сурет салу қиын, бірақ дәл ненің қиын екенін анықтауға тырыстым	Ғаламтор көзін қолданбай сурет салуға тырыстым.	Қиын, бірақ нәтиже көрсеттік, сабақты меңгерген сияқтымын	Қиындау, бірақ соған қарамастан тапсырмаларды орындай алдым
A	B	C	-	-
Интерпретация жасап болған соң қандай сезімде болдыңыз?				
Мүлде сенімсізбін	Сенімсізбін	Аздап сенімдімін	Сенімдімін	Өте сенімдімін
-	-	C	B	A

Оқушыларға арнайы берілетін екі тапсырма жеке орындауға, кейінгі тапсырмалар топқа және жұпқа деп арнайы әзірленді. Бірінші сабақта жүргізілген сабақ бойынша мұғалімнің назарында сыныптағы A B C типіндегі үш оқушы болады. Әрине қай баланың қандай қабілетімен дағдысы дамығандығын, қандай іс-тәжірибелік дағдысы қалыптасқандығын білу үшін, сауалнама жүргізіліп, зерттеу қолға алынды. Зерттеуге түрткі болған жайт – балаларға тапсырма берілсе, қиялдан ойлап табуға қиналып, дереу

қосымша дереккөздерге жүгіргендері еді. Осы орайда іс-әрекеттегі зерттеуге байланысты төмендегі үш негізгі сауал аясында жұмыс жасалынды:

1. Қандай сурет жақсы болып жатыр? Не себептен?
2. Қандай сурет жаман түрге енді? Неліктен?
3.Нені өзгерту керек? Не үшін ?

Зерттеу жұмысы дұрыс жүргізіліп, өз нәтижесін берсе - әрине ол ұстаздың кәсіби алға жылжуымен қатар, сабақтың да табысты болатынының кепілі. Сабақ барысында оқушылардың жұмыс жасау дағдыларын дамытумен қатар сол арқылы қарапайым ережелерді де ұстанып, жұмыс жасап отырған оқушыларды мұғалім бақылайды. Ең бірінші көзделетін мақсат - балаларға «образды шешім», «интерпретация» дегеннің не екендігі туралы түсінік қалыптастыру. Содан соң ғана барып, сабақтың табыстылығы мен сапасын арттыру болды. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім сапасын жақсарту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық модульдерінің бірі. Аталған модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды саналы және сапалы ой мен қабылдауын көздейді. [2,б.8].

Бөлім: Микрожүйелер 2Д

Тақырып: Микрожүйлер тақырыбына кіріспе. Зерттеу, сурет салу.

Оқушылардың да қызығушылықтары мен көзқарастарына қарай тапсырмаларды да өзгертіп, сурет дәптерлерінің сыртын түрлендіре отырып, өздері туралы мәлімет беруі керек болатын.

Нәтиже ойдағыдай болған жоқ. Әрине барлығы шығармашылық жұмысқа икемді емес екендіктерін ескерсек, нәтиже жаман емес. Бірақ көшірме болды.



Оқушылардың басым бөлігі белгілі кейіпкерлерді салды. Салынған суреттерге қарап оқушылардың жай-күйін бақылауға болатындықтан, кейбір суреттерді мектеп психологтарымен бөлікен едім.

Бұдан шығатын ой, осы зерттеу жұмысы бойынша көп жұмыс жасалынуы керек екендігін көрсетсе, ол маған шабыт бере түсті. Осы зерттеу жұмысы үздіксіз жасалынып, жүргізіліп отырды. Нәтижесінде оқушылардың да ұстанымдары мен қабілеттері өзгере бастағаны көрінді.

1-бөлім Микрожүйелер:2D

Тақырып: Түрлі техникаларда шығармашылық жұмыс орындау (тушь, парафин қарандаштары, акварель, гуашь).

Сабаққа зерттеу тақырыбын кірістіру үшін, міндетті түрде тиянақты жоспарлау керек болды, онымен шектелмей, әдіс-тәсілдерді де түрлендіріліп, нәтижесі бақыланып отырылды. Бірінші зерттеу нәтижесімен салыстыру үшін нәтижелі болған жұмыстар ұсынылады.

Жалпы сынып ресурстың көмегінсіз жұмыс жасай алуға үйренгендігін көрсетті.

Балалардың зерттеу барысында қаншалықты дамығандықтарын бақылау үшін фото және бейне түсірілімі жүргізілді. Бейне түсірілімде мен сабақ үрдісі барысында қалт

жіберген тұстарды қайта қарап, ескеруге тиісті тұстарын келесі сабақты жоспарлағанда жүзеге асыруға болады. Әр сабақтан соң, зерттеуге алған тапсырмалардың қаншалықты тиімді болғанын, сабақтағы оң және теріс жақтарын және зерттеу тақырыбын ашу үшін сабақпен ықпалдастырудағы әдіс-тәсілдердің қаншалықты өз жемісін бергендігі туралы рефлексия жазып жүру тиімді. Балалардың тапсырманы қаншалықты білімді игеріп жатқандарын біліп отыру үшін, олардың кері байланыстарын оқытушы өзіне алып, жинақтап жүруі қажет. Балалардың жазған кері байланыстарын оқи отырып, мұғалім осал тұстарын түзейді, жақсы қырларын дамытады. Осылай оқытушы олардың қажеттіліктерін қарастыруға тырысады. Әр сабақтан соң, балалардан сауалнама, бірнеше сұрақтардан тұратын жауап парақтарын да алып отырған тиімді. Зерттеу басындағы назарға алынған оқушылар екінші және үшінші тапсырмаларды алған кезде өздерін басқа қырларынан көрсете бастайды және балалар жақсы нәтиже шығара алады. Сабақ барысында жасаған жұмыстарына сәйкес бағалау үдерістері де жүреді. Ол оқушыларды ынталандырады. Балалар осындай әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау арқылы теориялық материалдарды меңгеріп, талдап, жинақтап, зерттеп және бағалауды дамытуға мүмкіндік алды.

Бастапқы нәтиже Соңғы нәтиже





Сабақ басында немесе сабақ соңында бекіту мақсатында немесе кіріспе ретінде сыни ойлауды қажет ететін, жоғары деңгейлі сұрақтар қоюға болады.

Тұжырымдар мен қорытынды.

Сабақ барысында ғана мұғалім өзгерткен дүниелерді оқушылар сабақтан тыс уақытта да қолдана бастайды. Оған дәлелдеме ретінде мұғалім бақылауындағы сыныптың басқа сабақтарына да қатысып байқайды. Олар өз ізденіс жұмыстарында, постерлерінде «Өнер» сабағында алған дағдыларын қолданып, дәлелдеме және дәйектеме қолданып сөйлеп жатқандарын байқайды. Таныстырылым жасау кезінде өз жауаптарына сенімсіз болса, үндемей қала салуға әдеттенген балалар болады. Зерттеу соңында балалардың бойында сенімділіктің пайда болғанын мұғалім өзі байқайды. Өйткені өз жасаған жұмыстарын таныстырып, сол жайлы талқылып, сыныптастарымен ортақ пікірге келіп, сындарын естіп, соған сәйкес түзеле білуді де бала үйренеді. Балалар сұрақтарға жауап беруде, өз ойларына нақты дәлелдеме келтіріп айтуға дағдыланады. Оқушылар топпен де, жұппен де, жеке де жұмыс жасап, ең белсенді ширақ оқушылар сыныптастарының ойларын, пікірлерін сындарын қабылдай алуды дағдыға айландырады.

Зерттеу жүргізу барысында мұғалім де өзгереді, оқушылар да өзгереді.

	Үнемі			кейде			Ешқашан		
	A	B	C	A	B	C	A	B	C
Менің ұстазым мәліметті түсінікті етіп баяндады	+	+	+						
Менің ұстазым мен қиналғанда көмектеседі	+	+	+						
Басқа оқушылар біраз кедергі келтірді.				+	+	+			

Бәрі өзгереді:ойлар, сабақ беру әдістері мен тәсілдер, ең негізгісі және бастысы – өз оқушыларына деген қарым-қатынас. Бұл зерттеу үдерісі мұғалімді балалармен жақындастырады, оларды бұрынғыдан жақсы түсінетін болады. Сабаққа деген

белсенділіктері артады және шығармашылықтары шыңдалады. Алдағы уақытта да бұл зерттеу өз жалғасын табады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы (2012). Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ.
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мұғалімге арналған нұсқаулық (2014). Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ.
3. Кузнецов С.Ю.: Калейдоскоп: расходные материалы (2016)
4. http://www.uroki-risovania.ru/jivopis_palitra.html

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ЗНАНИЯ И КУЛЬТУРА – СТРАТЕГИЧЕСКИЙ РЕСУРС МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ ПО ПРОГРАММЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

КУЛЬШАРИПОВА Зару Касымовна
Павлодарский государственный педагогический университет
доцент
г.Павлодар, Казахстан

КАЙРБАЕВА Асем Геннадьевна
СОШ №11 модульного типа г.Павлодар
Учитель казахского языка
г.Павлодар, Казахстан

БАГДАТОВ Диаз Кабылбекович
Павлодарский государственный педагогический университет
Студент
г.Павлодар, Казахстан

КАИРБАЕВ Ардак
КГУ Средняя школа села Калкаман Калкаманского с.о.г.Аксу
Школьник 11 А класса
г. Павлодар, Казахстан

Андатпа

Қазақстанның қазіргі замаңғы қауымдастықтар көп қабатты және рухани жаңғыру ретінде қазіргі қоғамның ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде психологиялық мәдениет, білім беру жүйесінің сәйкестілік ұлттық өзін-өзі сақтаудың дамуы білім беру мазмұнын жаңарту кезеңінде ерекше маңызы бар.

Мақалада Қазақстан ұлттық мәдени мұрасы мен байлық сақтау және болашақ ұрпақтар үшін қалааралық беру үшін негізгі шарты ретінде «әлеуметтік болжамды» анықтау мәселелерін қарастырады.

Аннотация

Психологическая культура как составная часть общей национальной культуры современного сообщества также многослойна и духовное возрождение казахстанского современного сообщества, развитие национального самосознания, сохранение

самобытности образовательной системы приобретает особую актуальность на этапе обновления содержания образования.

В статье рассмотрена проблематика определения понятия «социальная ожидаемость» как базового условия сохранения национально-культурного наследия и богатство Казахстана и дальней передачи будущему поколению.

О «Модернизации общественного сознания» говорят с момента выхода стратегической статьи Президента Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел».

Глобальные направления стратегии формируют новый подход к решению нравственно-духовных, социально-культурных, профессиональных и учебно-образовательных задач в успешном развитии молодого поколения.

Духовное возрождение казахстанского современного сообщества, развитие национального самосознания, сохранение национальной самобытности образовательной системы приобретает особую актуальность на этапе обновления содержания образования.

Этот процесс предполагает укрепление нравственно – духовного статуса молодежи, сохранение социальных ценностей и традиций за счет обучения новым формам и технологиям коммуникаций как «неосязаемых ценностей жизни».

Согласно базовым направлениям программы «Тәрбие және білім» и подпрограммам «Отаным Тағдырым» мы ученые можем ориентироваться на целевые задачи развития у молодого поколения гражданской позиции, патриотизма как важнейших нравственно – духовных ценностей как основы национальной системы образования.

Но, важно понять, что для решения глобальных задач нужен стратегический ресурс подготовки казахстанского сообщества в сфере образования и других профессиональных сообществ. Перед образовательным сообществом Глава государства ставит задачу создания «собственной передовой системы образования, охватывающей граждан всех возрастов и всех категорий казахстанского профессионального сообщества». Президент еще раз акцентирует внимание на том, что только способность к постоянному развитию, обновлению психологических знаний и навыков, обеспечит индивидуальный успех каждого в развитие ресурсного потенциала – психологической устойчивости в переходный период созревания национальной системы образования, а государству процветание. Поэтому важно понять свою роль и позицию в этом направлении и нам психологам – ученым, психологическому сообществу – рк кахак когамы. отправила как правильно пишется на удостоверении.

Психологическая культура как составная часть системной общей культуры современного сообщества также многослойна. В нее входят: 1) обыденное психологическое знание и психологические практики, присутствующие в рамках религиозной жизни, общественно-политической, экономической, образовательной деятельностей.

Вопрос модернизации общественного сознания касается в первую очередь оптимизации сознательно выбранных межличностных отношений, достижений взаимопонимания на разных уровнях нравственного – духовного взаимодействии в процессе коммуникации и установления системы взаимодоверия, положительных связей для лучшей реализации мотивов делового сотрудничества. Здесь отношения сотрудничества устанавливаются за счет освоение психологических знаний и культуры. Профессиональная позиция в этом отношении порождает иную стратегию (не уничтожать человеческий состав), а оснащать инструментами самосохранения.

Следовательно, осознанная, нравственно – духовная связь может облегчить процессы передачи и обмена опытом знаний, принять совершенные координационные сущности понимания, существующие в индивидууме в форме образцов и эталонов нравственного поведения.

В инновационном плане, на наш взгляд, будущее конкурентоспособное сообщество является конструктивной модельютолерантного стиля коммуникации с проявлением

гибкости мышления, активности и стремления к творческому созиданию, готовность к новым типам осознанного поведения.

Этико – культурный, нравственно – духовный стиль коммуникации есть динамическая характеристика личности коммуникантов, характеризующая их психологическую устойчивость в системе формирования оценочных отношений. И в этом случае, только сам коммуникант со сформированным стилем общения в нравственно – духовном направлении способен активно проявляться в процессе взаимодействия на учебных занятиях и научиться новым технологиям коммуникаций [4].

В связи с этим необходимо учитывать уровень истиной активности всех субъектов коммуникационного процесса, выбирать стратегию формирования коммуникативных способностей как нравственно – духовной основы коммуникативных компетенций.

Никакое определение не может в полном объёме охватить реально существующую деятельность как система моделирования общественного сознания. Несмотря на это, определения полезны тем, что в них делается попытка выделить наиболее существенные черты развития общественного сознания с применением новых технологий коммуникационных процессов.

Однако анализ существенных аспектов развития общественного сознания показывает не достаточность предъявляемых требований к согласованности общественной к профессиональной деятельности на современном уровне. В исследовании модернизации общественного сознания и нравственно – духового феномена как проблематика согласованности социальных ожиданий занимает особое место.

Ее разработка позволяет определить основные характеристики согласованности общественно – профессиональной деятельности сообщества как предмета совместной деятельности, с возможностью создания целевых показателей эффективности и прогнозирования результатов в аспекте целостности параметров и природы взаимодействия его элементов.

Социальные ожидания модернизации общественного сознания оформляются через социальные представления сообщества о ценностно-ориентационном, нравственно – духовном целевом единстве, где согласованность представлений связана со структурой совместной деятельности в целостности ее элементов: интеллектуальное, эмоциональное и волевое единство.

Это возможно проанализировать с позиции системно – деятельностного подхода, позволяющего выявить содержание, состав и строение причины не согласованности, поскольку индивиды профессионального сообщества не моделируют структуру технологии и техники коммуникаций, которая формировала бы готовность к модернизации в начале личного сознания как части общественного.

Профессионально - общественное единство - это динамическая характеристика коллективной коммуникации в профессионально – общественном сообществе, характеризующаяся психологической устойчивостью в системе формирования оценочных отношений, как к себе, так и к другим.

И в этом случае, только коммуникационные технологии являются эффективными способами включения современного сообщества в конкурентные отношения и перспективы на «новом» уровне с проявлением новых ощущений в условиях модернизации общественного сознания.

Такой подход делает возможным исследование феномена модернизации общественного сознания и нравственно – духовного образа социальных ожиданий и их согласованности в широкой исторической перспективе. Данные феномены позволяет выявить содержательные особенности представления существенных параметров, которым относятся следующие аспекты (Таб.1):

Таблица – 1 Содержательные особенности представления

№	Особенности представления	Содержательная составляющая

1.	Особенность содержательной составляющей 1	выделение значимых для нее сторон действительности (объектов интенции) – предметов, субъектов или явлений (экзистенций) внешнего или внутреннего мира
2.	Особенность эмоционального отношения	осознанность личностью характера отношения к значимому, оценкой личностного смысла жизненных ситуаций
3.	Особенность действенности	готовностью (намерением) к проявлению различного рода целенаправленной активности
4.	Особенность локус контроля	приписывание субъекту ответственность за результативность действий либо себе (интернального локуса контроля) либо усилиям других людей или стечению обстоятельств (экстернальный локус контроля).

Содержание представление феномена модернизации общественного сознания и нравственно – духовного образа и согласованности общественно – профессиональной деятельности позволяет выявить специфику социальных представлений как портрета социальных ожиданий субъектов взаимодействия в виде его стратегических ресурсов, зоны перспективного развития на уровне параметров согласованности.

На основе кодификации осуществлялся подсчет общих, процентных и средних значений представления феномена модернизации общественного сознания и нравственно – духовного образа как семантической единице и тематической категории с последующих попарно сравниваемых показателей характера модернизации общественного сознания и степень согласованности нравственно – духовных параметров в коллективной деятельности при сравнении общественной и профессиональной сферы.

В психологическом плане, социальные ожидания рассматривается как выявление готовности общества или коллектива к сотрудничеству и определению зоны конструктивного взаимодействия: понимания/непонимания субъектности/объектности в профессиональной деятельности.

Таким образом, обнаруживается противоречие между необходимостью повышения эффективности модернизации общественного сознания в нравственно – духовном направлении и недостаточной технологической проработкой процесса самосознания в условиях системы профессионального образования. Вопросы, помогающие интегрировать весь процесс деятельности, способствующие осознанию типологизации значения социальных ожиданий:

- ценности, убеждения, руководство в своей жизни, развитие способности действовать, личная сила, логические уровни (Таб. 2)

Таблица – 2 Типологизации значения социальных ожиданий

Уровни	Содержание	Значения в вопросах
Уровень – 1	Миссия	Зачем я пришел в этот мир? Каково мое назначение?
Уровень – 2	Самоидентификация	Кто я? Чего я хочу?
Уровень – 3	Ценности	Что важного в том, что я хочу достичь? Что будет, когда я это достигну? Каковы мои идеалы?
Уровень – 4	Способности, возможности (расширение спектра способов)	Что я могу изменить? Что мне для этого нужно? Зачем я хочу это изменить?
Уровень – 5	Деятельность (действия, поведение: вербальное, невербальное)	Что и как я делаю? Зачем? Что имею? Как к этому отношусь?
Уровень – 6	Среда, социум, окружение (Я + мое окружение)	Кто я есть на самом деле? Какой я? Кто они? Какие они?

Вопросы, помогающие интегрировать весь процесс деятельности, способствующие осознанию значимости своего участия и степени ответственности (Табл.3).

Таблица 3 – Типологизации значения социальных ожиданий

Уровни	Содержание	Значение социальных ожиданий
Уровень – 1	Среда, социум, окружение	эмоционально-волевая, мотивационная сферы личности, ценности, личностные или профессиональные смыслы, уровень духовного, морально-нравственного развития личности
Уровень – 2	Деятельность	прогнозирование желаемого результата, критерии, анализ осознания собственной целенаправленности и степень ответственности за получаемые результаты
Уровень – 3	Реализации поставленных задач	происходит расширение спектра способов, выбор способов, адекватных ситуации
Уровень – 4	Актуализация ценностей	определяет смыслы выполнения той или иной деятельности адекватным способом
Уровень – 5	Осознание и самооценка	в реализации общественно полезной деятельности, развивающей различные способности личности
Уровень – 6	Укрупнение смыслов (личная сила)	интегрировать весь процесс деятельности, способствующие осознанию значимости своего участия и степени ответственности

На сегодняшний день, очевидно, что морально - духовная активность будущего поколения зависит от убеждения в собственных знаниях и в правильности своих действий в системе требований, предъявляемых жизнью, в сочетании с реальной действительностью. В соответствии с убеждениями формируются психологические реакции и готовность отстаивать в процессе коммуникаций сложившиеся в опыте традиций и обычаев убеждения.

Таким образом, только при формировании самодостаточной убежденности в психологических знаниях и коммуникативных навыков индивид способен успешно выполнять и функциональные обязанности согласно своему социальному предназначению.

Проблема введения программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру» обсуждалась на международной арене, и она на наш взгляд заключается в определении понятия социальная ожидаемость как базового условия сохранения национально-культурного наследия и богатство Казахстана и дальней передачи будущему поколению.

И этот факт даст возможность определить способы научения молодежи воплотить в жизнь идеи Елбасы по модернизации общественного сознания. От нее зависит результат нравственно - духовных преобразований. Перемены в духовном климате в обществе стимулируют подъем психологической устойчивости и сознательной активности.

Литература

1. http://www.maek.kz/press-centry/news/poslanie-prezidenta-nursultana-nazarbaeva-abvzglyad-v-buduschee-modernizaciya-obschestvennogo-soznaniyabb Ссылка на статью президента Н.А. Назарбаева «Рухани Жаңғыру».

2. Кульшарипова З.К., Жилбаев Ж.О., Сырымбетова Л.С., Каирбекова Б.Д. Глобальное будущее — главный вызов на пути к «новому» образованию Вестник карагандинского Университета, серия педагогика, № 4(88)/2017. С. 82-89.

3. Кульшарипова З.К., Шарип Е.Ш., Дворниченко Л.Н. Кризис индивидуального сознания: формирование научного творческого начала и развитие профессионального сотрудничества //Қазақ ғылыми психологиясының 100 жылдығына арналған «психологиялық ғылым мен тәжірибенің қазіргі кездегі даму үрдістері және болашағы» атты VII халықаралық ғылыми -әдістемелік конференция және Қазақ психологиялық

қоғамының I құрылтай съезінің материалдары. 7 желтоқсан, Алматы қ. – Алматы: Қазақ университеті , 2017. – б. 292- 294.

4. Кульшарипова З.К., Жантлесова А.Б. Generative education and its functional relevance in higher education//«Вестник ПГУ», серия педагогическая. Павлодар–2016.–№ 4. – С.147-152

5. З.К. Кульшарипова, Жантлесова А.Б. Подготовка студентов в условиях диверсификации высшего педагогического образования //Фундаментальные исследования. - 2015 - №. 2. С 1300-1304 Москва. РИНЦ-0,582

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ – ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ АЖЫРАМАС БІР БӨЛІГІ

КУНЕВА Қарлығаш Елеусизовна
Қарағанды қаласы химия - биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қарағанды қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруға байланысты ақпараттар беріліп, нұсқаулықтар ұсынылған. Сондай – ақ, автор қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын орта үшін қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар әзірлеуде қолданылатын әдіс – тәсілдердің тиімділігін дәлелдеу үшін өз тәжірибесінен нақты мысалдар келтіріп, тапсырма үлгілерін ұсынған. Мақалада қалыптастырушы бағалауды дұрыс ұйымдастыру – күтілетін нәтижеге жетудің басты кепілі екендігіне баса назар аударады.

Аннотация

В данной статье даны рекомендаций и информация о проведений формативного оценивания в учебном процессе. Также автор приводит примеры заданий из своего опыта для подготовки заданий по формативному оцениванию для учащихся казахскому языку как второму, чтобы показать эффективность используемых методов при их разработке. В статье обращается особое внимание на то что гарантией достижения ожидаемых целей является правильная организация формативного оценивания.

Еліміздегі білім саласындағы басты бағыттардың педагогикалық инновацияға бет бұруы әлемдік білім беру кеңістігінен лайықты орын алу үшін жасалып жатқан маңызды қадам болып саналады. Дәлірек айтқанда, Қазақстанның білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде.

Осы орайда бүгінгі педагогикалық инновациядағы басты нысана сапалы да функционалды білім беру үшін оқушылардың оқу жетістіктерін анықтаудың тиімді жүргізілуі болып табылады. Себебі, тиімді әрі дұрыс жүргізілген бағалау түрі оқушыға өзінің жеткен жетістіктері мен табыстарын қадағалап отыруға ғана емес, сондай – ақ өзінің білім алудың қандай сатысында тұрғанын, білімінде қандай олқылықтардың бар екенін дер кезінде біліп, түзетуге мүмкіндік бере алады.

Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін бүгінгі күні еліміздегі Назарбаев Зияткерлік мектептерінде критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі қолданылуда. Бағалаудың бұл моделінің тәжірибеге енгізілгеніне айтарлықтай көп уақыт өте қоймаса да, сәтті енгізілген

өзгеріс нысаны екендігіне оқушылар мен ата-аналардың, сондай- ақ, мұғалімдер қауымының көздері күннен – күнге жетіп келеді. Оқушының бағдарлама бойынша күтілетін нәтижеге табысты жетуінің яғни, жиынтық бағалауда сапалы білім нәтижесін көрсетуінің негізі қалыптастырушы бағалаудың дұрыс әрі тиімді жүргізілуіне байланысты қаланады. Сондықтан қалыптастырушы бағалауды сабақ жүйесінде жеке қарастыру мүмкін емес, ол сабақтың барлық кезеңінде оқыту әрекетімен қатар жүретін үрдіс және осы арқылы оқу процесі аясында оқушылардың жетістіктері мен пәнді түсіну деңгейін үздіксіз бақылап отыра аламыз. Нақтырақ айтқанда, қалыптастырушы бағалау қалыпты оқытудың құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асуы керек. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, оқытудың белсенді және тиімді әдістері арқылы ұйымдастыра отырып, оқу сапасының жақсаруына ықпал ету, мақсаты– оқыту үдерісіндегі қиындықтарды анықтау, алдағы жұмыстарды болжау мен сұрыптау, жетістікке жету жолдарын жан – жақты қарастыру болып табылады. Сонымен қатар, оқушының жаңа білімді, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру және жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін сатылап жетілдірудің тиімді тәсілі екендігіне өз тәжірибемде көзім толық жетіп отыр.

Қалыптастырушы бағалауды белгілі бір қадамдармен біртіндеп жүзеге асырған жөн деп есептеймін. Мысалы өз тәжірибемде қалыптастырушы бағалауды тиімді жоспарлауды оқу мақсаттарын анықтаудан бастаймын. Оқушылардың игеретін білімін қандай бағытта тексеретінімді, яғни, нені, қандай дағдыны бағалау туралы шешім қабылдаған соң, соған сәйкес тапсырманы оқу жоспарын қолдана отырып әзірлеймін. Тапсырма оқушының бір немесе бірнеше оқу мақсаттарына табысты түрде жетуіне ықпал ететіндей болып әзірленуі керек екенін үнемі назарда ұстау керек. Сонымен қатар, қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес, ол сабақтың кез келген бөлігінде, яғни, сабақтың басында, ортасында не болмаса сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіле береді. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес болуы да қатаң ескерілуі керек. Бұл алғышарттар тек оқушы үшін ғана емес, пән мұғалімі үшін де жан-жақты ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Сондықтан да қалыптастырушы бағалауда мұғалімнің жұмысты қадамдап жоспарлап, табысқа жету алгоритмін құра білуі аса маңызды.

Кез – келген пән бойынша бағдарлама мазмұны мен оқыту мақсатына сәйкес қалыптастырушы бағалау тапсырмасын құруда мәселелер туындап жататыны анық. Тапсырма түрін таңдау, бағалау тәсілін анықтау, сапалы тапсырма құру барысында кез – келген пән мұғалімі мәселелермен жиі ұшырасып жатады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгертуді қадамдап жоспарлау кезінде қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының көптеген түрлерін жоспарлап, қолданып жүрмін. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілін тек жеке пән ретінде ғана меңгертуді емес, оқушылардың жалпы білім алуының негізгі құралы ретінде оқытуға және функционалдық білім беру бағдарына баса назар аударылады. Сол себепті бағалауға арналған оқу тапсырмаларын дұрыс құрау мен бағалау тәсілдерін дұрыс таңдаудың маңызы зор.

Қалыптастыру тапсырмаларын әзірлеуде ескерілетін мәселелер:

- ҚБ тапсырмасының бағдарламадағы сілтеме мен оқу мақсатына негізделіп жасалуы қажет екендігін үнемі назарда ұстау;
- тапсырманың шұбалыңқы емес, оқушыға түсінікті тілде құрылуы;
- қысқа көлемді тапсырмалардың қолданылуы, тапсырма көлемі мен орындау уақытын алдын – ала жоспарлау;
- бағалауда бақылауды қажет етпейтін артық ақпараттың тапсырмада қолданылмағаны жөн;
- кейбір күрделі тапсырмаларда міндетті түрде орындау қадамдары берілуі керек(мысалы, жазылымда және айтылымда)
- шығармашылық сатыға арнап құрылатын тапсырмалар үшін арнайы шектің немесе жауап үлгісінің алдын-ала даярлануы өте маңызды.

Мен өз тәжірибемде қолданып жүрген сол қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының кейбір түрлеріне тоқталғым келеді.

Материалдың оқыту мақсатына сәйкес меңгерілу деңгейін анықтау мақсатында даярланатын тапсырмалар. Мұндай тапсырма түрлеріне тыңдалған немесе оқылған мәтін бойынша алған ақпаратты қаншалықты дұрыс түсінгендігін тексеру және оқушының қажетті ақпаратты іріктеп, таба білуін бағалауға бағытталған жабық сұрақты тапсырмалар жатады.

Мәліметтерді сәйкестендіруге арналған тапсырмалар төмендегідей үлгілерде беру арқылы оқушының өзін – өзі бағалауын және жұптағы бағалауды тиімді жүзеге асыруға болады.

Негізгі ой мен идеяны тауып, айтылымда қолдануға негіз болатын сызба, кесте

1. Астанаға келгеніме ..... апта болды. 2. Қазіргі уақытта сабақтарымыз таңғы сағат тоғызда басталып, түскі ..... бітеді. 3. Кітапханаға кешкі ..... дейін баруға болады. 4. Әдебиеттердің жалпы саны қанша?	A. 12 B. 10 C. 3 D. 9

түріндегі тапсырмалар

Үлгі: Мәтінді оқып, негізгі ойды берілген сызбаға түсіріңіз.



Мұндай түрдегі тапсырмаларды жеке, жұппен және топпен орындатуға да болады.

Көп нұсқалы тест түрлерін қолдану. Тілдік дағдының қайсысында болмасын тест тапсырмалары жиі қолданылады. Ұзын – сонар бірнеше сұрақтардан тұратын тест тапсырмасын беріп, оқушыларды жалықтырып алмау үшін және уақыт үнемдеу үшін (себебі, тест тапсырмасын орындау үшін оқушыларға оқу үшін және түсініп орындау үшін біраз уақыт керек болады, ал 24 баладан тұратын сыныптың жұмысын тексеріп сабақ үстінде бағалау үшін мұғалімге де аз уақыт кетпейді) тест түріндегі қалыптастырушы бағалау тапсырмасын түрлендіріп, түрлі формада өткізуге болады.

Мысалы:

- сигналды карточкалар бойынша орындалатын тест (оқушылар A,B,C,Д карточкаларын көтеру арқылы жауап береді, әр сұрақтан кейін тақтаға дұрыс жауабы шығарылып, әр оқушы өзін – өзі тексеріп, бағалайды);
- ортақ шешімге бағытталған тест (шағын топта отырып талқылау арқылы жауап беру);
- тұжырымдамаларды қолдану («иә», «жоқ» немесе «дұрыс», «бұрыс» деп бір сөзбен жауап беріледі);

Формативті сұрау және тақырыптық сөздік қорды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

Таныстырылым, бейнефильм, диаграмма, кесте, сурет, рольдік және іскерлік ойын, мәтінді талдау, ақпараттық графика әдісі т.б. жұмыстардан кейін мұғалім «Неге? Не себепті? Не үшін?» деген сияқты сұрақтар бере отырып, оқушының тақырып сөздік қордың қалыптасу деңгейін ғана емес, кез – келген дағды бойынша оқу мақсатына жеткен – жетпегенін ауызша бағалай алады.

Мысалы: ПОПС (ПТМС) формуласы

- Позиция *(мен солай санаймын,....)*
- Түсіндіру *(....себебі...)*

- Мысал *(мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....)*
- Салдар *(айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын)*

түрінде тапсырма құрып бағалау анағұрлым жеңіл әрі оқушының білімін нақты бағалауға қолайлы.

Қалыптастырушы бағалаудың сәтті жүзеге асырылуы тапсырма түріне ғана емес, таңдалған бағалау түріне де тікелей байланысты. Тәжірибе барысында тиімділігін танытып отырған қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің бір түрі - өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. **Өзін-өзі бағалау** арқылы оқушылардың мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. **Топта, жұпта қолданылатын өзара бағалау** маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға сыни көзқараста болуға мүмкіндік береді, сынды қабылдауға ықпал етеді, сондай-ақ мұғалімдерге процесті толық бақылауға мүмкіндік береді. Өзара бағалауды тиімді жүргізу үшін жетістік критерийлерін оқушылардың өздеріне құратып, арнайы сарапшы топ тағайындауға немесе топ мүшелерінің ішінен бақылаушы –сарапшы сайлап қоюға болады және мұндай бағалау түрлерінде міндетті түрде бағалау парақтарын қолдану қажет.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде тиімді берілген кері байланыстың маңызы өте зор. Кері байланыс оқушыға мұғалім тарапынан беріледі немесе оқушы мен оқушы арасында да жүргізуге болады. Тиімді берілген кері байланыс оқушыға өз білімін жетілдіруде көп қолдау көрсетеді.

Кері байланысты ұйымдастыруда нені ескеру қажет?

1. Кері байланыс кез келген оқушылар үшін ол нені жақсарта алатындығына байланысты ұсынымдар мен жұмыс ерекшеліктеріне қатысты ұсыныстардан құрылуы керек және кері байланыста оқушыларды салыстыруға жол бермеу қажет.

2. Оқушы мен мұғалім арасындағы диалогты, қарым – қатынасты дамыту үшін кері байланыс терең ойлы, жинақы, нақты болуы және барлық оқушылардың ойлану, өз идеяларын білдіру мүмкіндігі болатындай жағдайда өткізілуі тиіс.

3. Кері байланыс оқуға, жан-жақты білім алуға құнды бастама болады, ол үшін жаттығулар, тапсырмалар анық және оқу мақсаттарына қатысты болуы тиіс. Бұларға берілетін кері байланыс әр оқушының өз жұмысын қалай жақсартуы керек екендігі туралы ойлануына мүмкіндік беруі тиіс, оны жақсарту бойынша әрі қарай жұмыс жасау мүмкіндігін беріп, көмектесуі керек.

4. Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат оқушының саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын өз бетімен еңбектену, бәсекеге қабілетті болу, алғырлық сияқты қабілеттерін дамыту болуы тиіс.

Өз тәжірибемде төмендегідей кері байланыстың түрлерін қолданып жүрмін:

1.Көңіл – күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыстың әдіс – тәсілдер. Көңіл – күйдің алуандығын білдіретін әртүрлі суреттер, түрлі - түсті карточкалар, бет әлпетті бейнелейтін карточкалар (смайликтер), көңіл - күйді бояу түстерімен анықтау. («Ауа райы», «Бағдаршам»т. с. с)

2. Сабақтағы іс - әрекетке кері байланыс.
(Мысалы: «Табыс сатысы» әдісі)



3.Тапсырманы орындау барысында берілетін кері байланыс .
Мысалы: «Аяқталмаған сөйлем», «Бағытты тексеру» әдістері
«Жетондар бойынша бағалау» немесе «Бағдаршам» түріндегі бағалау



Мұндағы «1, 2, 3» сандары жетістік критерийінің реттік нөмірін білдіреді. Жұмыс жасап отырған оқушы осындай нөмірленген жетондар алса өзінің қай критерий бойынша қандай деңгейде екенін бірден түсінеді.

Қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындату кезінде тиімді кері байланысты ауызша және жазбаша формада ұйымдастыруға болады. Кері байланыста оқушының нақты жеткен жетістігін атап көрсетіп, содан кейін біліміндегі олқылықты түзеу үшін келесі қадамда не істеу керек екені анық нұсқаулық түрінде берілуі керек.

Мысалы: Талқылау кезінде сен мәтін бойынша өз көзқарасыңды анық білдіргенсің. Келесі қадамың: мәтіндегі дәлелдерге сілтеме жасай отырып, өз көзқарасыңды негізде.

«Баға беру және есепке алу – керемет мақсаттар. Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе...» деген Теодор Сайзердің пікірін жоғарыда айтылған бағалау түрлеріне берілген баға ретінде қабылдауға болады.[2] Қалыптастырушы бағалауды дұрыс ұйымдастырудың оқу және оқыту үдерісінде нәтижелі өзгеріс енгізуде маңызы зор деп ойлаймын. Мұндай нәтижелі өзгерістер тәжірибеде мұғалімнің қалыптастырушы бағалаудың теориялық негіздерін және оны ұйымдастырудың алгоритмін жетік меңгерген кезде ғана жүзеге асады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауға арналған басшылық. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Білім сапасын бағалау департаменті . Астана 2015 ж. 15-18 беттер

2. Assessment Reform Group, (2002b). Testing, Motivation and Learning. [Тестілеу, қызықтыру және оқыту] University of Cambridge Faculty of Education.

СОТРУДНИЧЕСТВО КАК ЦЕННОСТЬ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

КУШНИР Марина Петровна
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников
по Карагандинской области
Заведующая кафедрой дошкольного воспитания и начального обучения
г.Караганды, Казахстан

Аңдатпа

Автор білім беру жүйесінің өзгеру жағдайында қазақстандық қоғамның құндылықтарын қарастырады. Ынтымақтастық-әлеуметтік құндылық және білім беру құндылығы ретінде ұсынылды. Тиімді ынтымақтастықтыңсипаттамалары талданады. Біліктілікті арттыру курстарында педагогтермен ынтымақтастықты ұйымдастырудың жалпы тәсілдері сипатталды.

Аннотация

Автор рассматривает ценности казахстанского общества в контексте изменений в системе образования. Сотрудничество представлено как социальная ценность и ценность образования. Анализируются характеристики эффективного сотрудничества. Описаны общие подходы к организации сотрудничества педагогов на курсах повышения квалификации.

Реформирование системы образования – приоритетное направление социальной политики Республики Казахстан. Реформирование предусматривает системное обновление среднего образования на основе методологии образования, ориентированного на результат, с сохранением положительных исторически сложившихся традиций. Это актуализирует усиление ценностной значимости образования и определение ценностей, которые способствуют как развитию личности, так и общества в целом.

Ценность – это идея, вещи, явления, смыслы, имеющие позитивную значимость для человека и общества. Ценности не подвергаются сомнению, служат эталоном, идеалом для всех людей, на их формирование направлен педагогический процесс [1, с.382].

Мы считаем, что следует разделять ценности социальные, которые отражают социально одобряемые и разделяемые большинством людей представления о том, что такое добро, справедливость, патриотизм и т.п. [1] и ценности образования как один из действенных способов передать будущим поколениям понимание смысла человеческой жизни [2].

Если рассматривать социальные ценности Республики Казахстан, то «… для нас [казахстанцев] на первый план выходят гражданский мир и межнациональное согласие, равенство прав людей всех национальностей, консолидация казахстанского общества. Создавая и поддерживая условия для продвижения этих ценностей, власть преследует благую цель воспитания духовно-нравственной личности, создания сильного государства, которые должны взаимно дополнять друг друга» [3].

Выделенные ценности находят отражение в содержании социальной политики государства. Так, Типовой комплексный план по усилению воспитательного компонента процесса обучения во всех организациях образования [4] указывает на необходимость формирования патриотизма, норм морали и нравственности, межэтнической толерантности и общественного согласия, законопослушания, а также физическое и духовное развитие.

В Концепции государственной молодежной политики РК до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее» [5] представлен перечень 12 ценностей, на которых должен основываться процесс социализации молодежи, ее вовлечение в общественно-политическую жизнь. Например, патриотизм, единство народа, культурное многообразие.

Совокупным отражением ценностей суверенного развития республики является национальная идея «Мәңгілік Ел». Она объединяет ценности – опыт Казахстанского Пути – и составляет идейную основу Нового Казахстанского Патриотизма [6]. Также идея «Мәңгілік Ел» определила базовые ценности Государственного общеобязательного стандарта образования Республики Казахстан.

При обращении к ценностям образования О.В.Никифоров [2] предлагает учитывать три «слоя» ценностей образования:

- как ценности государственной;
- как ценности общественной;
- как ценности личностной.

В последнее время приоритет отдается личностной ценности образования, индивидуально мотивированного, пристрастного отношения человека к уровню и качеству своего образования.

В связи с этим, актуальными становятся тенденции образования, относящиеся к организации взаимодействия обучающегося и преподавателя и фиксирующие необходимость организации обучения как коллективной, совместной деятельности обучающихся, где акцент переносится «с обучающей деятельности преподавателя на познающую деятельность студента» [2].

По нашему мнению, под указанным взаимодействием следует понимать сотрудничество.

Сотрудничество – совместная работа нескольких человек, направленная на достижение общих целей. Это понятие можно рассматривать, как минимум, с двух позиций:

1. Стратегия поведения в конфликте и сам процесс разрешения проблем, которые характеризуются стремлением сторон учесть потребности и интересы каждой из сторон и найти взаимно удовлетворяющее решение.
2. То же, что совместная деятельность [7]. Т.е. взаимодействие в паре или группе.

Летом 2017 года в рамках празднования 175-летия Ы.Алтынсарина, мы смогли посмотреть большую выставку в Сити-центре города Костаная «Тарих іздері», подготовленную КГУ «Костанайский областной мемориальный музей Ы.Алтынсарина». Второе полугодие начали с подготовки к приезду учащихся из других школ по республиканскому проекту «Туған елге тағзым». Одним из ключевых мероприятий было проведение ряда мероприятий для гостей из Шымкента и Астаны об Ы.Алтынсарине. Кроме посещений мавзолея, встречи в музее педагога и общественного деятеля, в школе была проведена конференция «Мыслитель, педагог, публицист». В ходе которой ребятами были показаны материалы проекта, подготовлены выступления, показана презентация, учащимися были прочитаны собственные стихотворения. На встрече приняли участие сотрудник музея и ныне здравствующий родственник просветителя Жүсіпбеков Әділбек. Он рассказал о своих воспоминаниях о знаменитом родственнике. Оставил свои пожелания почётный гость в оформленном журнале по экпедиции «Туған елге тағзым». Было очень отрадно, что и в других городах Казахстана знают и ценят нашего великого земляка, знают его как педагога, просветителя и общественного деятеля. Учебный год закончился подведением итогов по реализации первого этапа проекта «Өлке тарихы – Отан тарихының бастары». Был издан сборник стихотворений детей, оформлен журнал экпедиции с отзывами его участников, написаны статьи в наш школьный журнал «INTER NS». А дети получили незабываемые уроки погружения в историю края, в летопись знаменательных дат.

Значимое направление в системе воспитания учащихся в изучении истории родного края, истории своего народа, его богатого культурного наследия нашло продолжение своё в реализации проекта к 100-летию партии «Алаш». Благодаря этому проекту активизируются и обогащаются имеющиеся знания не только по истории Костанайской области, но и по истории и литературе казахского народа, так как они просматриваются через призму истории села, семьи, человека.

В рамках проекта «Өлке тарихы – Отан тарихының бастары» с целью реализации Программной статьи Президента «Рухани жаңғыру», темой этого учебного года стало «Алаш туының астында», к 100- летию партии «Алаш». Словами Н.А. Назарбаева «…В начале XX века задачу выработки казахской национальной идеи взяла на себя духовно-интеллектуальная элита, выдвинувшая идею национальной консолидации. Сам факт создания национальной политической организации в нашей отечественной истории не до конца осознается». Тем более, что многие положения, в свое время выдвинутые руководителями партии «Алаш», сохраняют свое значение и поныне. Это была не националистическая, а патриотическая организация, которая ставила своей целью постепенную трансформацию казахского общества и ее адаптацию к современным реалиям» была начата беседа по материалам большой выставки областного краеведческого музея «Алаш туының астында». Экспозиция на 3 стендах подробно представила организацию «Алаш», её представителей, программу. Большое значение имеет то, что сотрудничая с музеями города, мы имеем достоверные факты, документы для мероприятий, для бесед. Тесно сотрудничая с областным краеведческим музеем, Областной библиотекой им. Л.Н Толстого, казахским драматическим театром им. И. Омарова, преподавателями кафедры истории и самопознания нашей школы, нами были определены ключевые мероприятиями проекта. Знакомство с этими непростыми страницами истории Казахстана для учащихся было продолжено лекцией с сопровождением фильма «Алаштың көрнекті қайраткерлері. Қостанай облыстық өлке – тану музейі қорындағы материал негізінде», который представила нам заведующая отделом научно - методического обеспечения Областного краеведческого музея Назима Куынышпаевна Оташева. Перед учащимися прошли достоверные документальные кадры фильма, редкие музейные документы, фотографии алашордынцев. Считаем, что одним из значимых мероприятий стало участие в

заседании круглого стола «Опередившие время: становление партии «Алаш», организованной Областной библиотекой им. Л.Н Толстого. В ходе круглого стола учащимся была предоставлена возможность пообщаться с профессорами и доцентами КГУ им. А.Байтурсынова. Из рассказов участников конференции учащиеся ещё раз убедились, что правительство Алаш Орды занимает значительное место в истории Казахстана. Выдающиеся деятели, как А. Бокеиханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов. Кроме того, многие деятели Алаш Орды скрывались втайне. В качестве примера участники круглого стола познакомили ребят с жизнью Х. Габбасова, который являлся заместителем организатора партии А. Бокейханова. Все его считали татарином или башкиром. Фактически, он был казахом. Планируя мероприятия по изучению движения «Алаш», мы попросили администрацию казахского драматического театра им. И.Омарова, показать нам постановку «Мыржакып», которую они поставили ещё год назад. Все сотрудники общежития, учителя посетили театр. Спектакль оказал большое впечатление на всех. На одном дыхании смотрели прекрасную игру актёров Бегайдарова К.Б, Иманова К.С, Шакиржановой А.С, Кенжеахметова Н.Ж, Бегайдаровой З.Ж, которые сыграли главные роли. Главный режиссёр театра Е.Төлеубай выступил перед учащимися со словами благодарности за изучение этой темы, за интерес к истории нашей страны и её великих людей.

Второе полугодие этого учебного года по планам проекта начали с просмотра документального фильма из фонда Президента Республики Казахтан «Алихан и Мустафа». Взаимосвязь с историей страны, с историей России, Казахстана учащиеся увидели в этом фильме. До конца учебного года запланированы конкурсы эссе и стихотворений среди учащихся с публикацией лучших в журнале INTER NS. На апрель 2018 года запланирован телемост с учащимися НИШ города Семей, Родиной движения «Алаш». По итогам работы проекта будет проведён исторический квест «По следам алашординцев» и как итог планируется выпуск буклета по данной теме. Учащимися по впечатлениям о мероприятиях и встречах были написаны стихотворения, эссе и отзывы. Так учащиеся приняли участие в республиканском конкурсе «Дарабоз» - «Алаш партиясының 100 жылдығына арналған үздік эссе», на школьной олимпиаде по истории по данной теме, получили второе место на республиканском конкурсе за свои собственные стихи.

Проект «Алаш туының астында» помогает нам и учащимся ещё больше проникнуться чувством уважения и гордости к тем, кто стоял у истоков формирования казахской государственности.

Надеемся, что реализация мероприятий проекта «Өлке тарихы – Отан тарихының бастары» вызовет ещё больший интерес учащихся для изучения истории родного края, истории своего народа, его богатого культурного наследия. В перспективе нашего проекта изучения наследия наших земляков Ш.Валиханова, Б. Майлина. Ведь поиск истоков возрождения нации в конечном итоге служит для реализации Программы нашего Президента и духовному обогащению подрастающего поколения.

Список литературы:

1.Назарбаев Н.А Программная статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». URL: www.akorda.kz (дата обращения: 12.04.2017 г)

2.Основные направления воспитательной работы АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», утверждённые решением Попечительского Совета от 29 ноября 2011 года.

3.Политика воспитания учащихся Интеллектуальных школ, утверждённая решением Правления АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» от 29 августа 2013 года (протокол №48).

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ: ДҮНИЕТАНУ ПӘНІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ

НУРЖАНОВА Раушан Малдыбаевна
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қостанай облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілікті арттыру институты
Мектепке дейінгі, бастауыш оқыту және тұлғаны тәрбиелеу кафедрасының аға оқытушысы
Қостанай қ., Қазақстан

Мақсатқа жету – кез келген бәсекеге қабілетті азаматтың алға қойған жоспарлы ісіне қол жеткізуі. Өзгермелі замандағы қазіргі уақытта сай өзгеру қажеттігі бір күннің ғана мәселесі емес. Соған орай рухани жаңғыру адамның өзінен, ішкі санасынан басталуы тиістігін Қазақстанда тұратын барлық азамат ұғынып уақыттың сұранысына байланысты талпыныс жасауда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылы жолдаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. ... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет.» [1] деп атап көрсетілген жағдай жаңартылған білім бағдарламасымен тікелей байланысты. Болашақ бүгінгі күннен басталатындықтан жас ұрпаққа өз ұлтымыз жайлы, сонымен қатар елімізде тұратын ұлттардың тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрінің қажеттісін ала біліп, озығын көрсете білу, сондай-ақ ұлттық қодты қаншалықты сақтай алатынымызда білім алушылармен тікелей қарым-қатынастағы жүрген –педагогтердің үлесінде жатыр.

Рухани жаңғыру орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасымен тығыз байланысты. Еліміздің бастан кешкен тарихының, бүгіні мен болашағының үйлесімді түрде бір-бірімен сабақтасуы десек, болашақ бүгінгі беріп жатқан білім мен тәрбиеден басталады. Әр отбасындағы өсіп келе жатқан бала ата-анасының өткен өмір жолынан сабақ алады, олардың өткен тарихы арқылы шежіресін біледі, ата-бабаларының тарихының үлгі боларлықтай жақсы қырын педагог пен ата-анасының дәріптеуі арқылы біледі. Яғни, қазіргі бастауышта оқитын баланың бойына рухани құндылықты дұрыс қалыптастырғанда ғана бәсекеге қабілетті азамат болады. Өйткені, келешекте халқымыздың жетістікті болуы, оның өндіріп жатқан қазынасымен емес, сол мемлекетте тұратын азаматтардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Бұның барлығы білім алушының кішкентай кезінен қалыптасып, бастауыш сыныптарда әрі қарай дамып жетіліп дамиды. Бұл кезеңде жүргізілетін пәннің бірі және білім алушының азамат болып қалыптасуына ықпал ететін пән – дүниетану. Осы пән арқылы білім алушы бойында рухани құндылықты дарыту мәселесі толық жүзеге асады деп айтуға болады. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес дүниетану пәнінің оқу бағдарламасына сүйенетін болсақ, дүниетану пәнінің нысандары – адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта. Аталған нысандар арқылы тұлғаның дамуына әсер етеді. Оқу нысандары рухани жаңғыруға тікелей қатысты. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай «Дүниетану» пәні:

1) оқушыларда тұлғалық, қоғамдық және ұлттық сананы, патриотизм мен адамгершілікті қалыптастырады;

2) қоршаған орта туралы ғылыми негіздерді қалыптастырады, тарихи және географиялық тұрғыдан ойлауын дамытуға ықпал етеді;

3) Қазақстанның және бүкіл әлемнің тарихи және қазіргі оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;

4) өткен және қазіргі оқиғалардың тигізетін әсері туралы түсінігін тереңдетеді;

5) өз халқының және өзге халықтардың мәдениетін, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімін қалыптастырады; [2, 3-4 бет]

Жаңартылған білім беру бағдарламасында қарастырылған тақырыптарға сай оқу мақсаттары білім алушылардың жан-жақты терең білім мен қатар ой-санасының жоғары деңгейлі дамуына да жол ашады. Аталған жағдайлар қалай және қай тақырыпты оқу арқылы жүзеге асырылады? Дүниетану пәнінің бағдарламасына сәйкес қарастырылған 3 бөлімнің бірі – «Тарих беттерінен» деп аталады. Бұл бөлім 5 бөлімшеден тұрады. Әр бөлімшенің өзіндік ерекшелігі бар. 1-кесте [2, 8 бет]

№	Бөлім	Бөлімше
3	Тарих беттерінен	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер
		3.2 Қазақстанның тарихи тамыры
		3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар
		3.4 Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері
		3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм

Осы бөлімшелерде берілген оқу мақсаттары білім алушылардың ұлтжанды, өз елінің белсенді, бәсекеге қабілетті азаматы, өмірден өз орнын табар жеке тұлға болып қалыптасуында зор роль атқарады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы білім алушының бойында шынайы құндылықты жүйелі түрде іс жүзінде дамыта, дарыта отырып тәрбиелі азамат болуға жетелейді. Жүйелі түрде жеңілден күрделіге қарай біртіндеп берілген, сабақтастықпен ұсынылған, әрекет арқылы ұсынылған білім білім алушының санасына сіңетіні анық. Осы пәннің оқу мақсаттарының өзі жаңартылған білім беру бағдарламасына сай толық білім алуға жетелейді. Ескеретін жай- педагогтің оқу мақсатына сәйкес жоспарлы түрде жұмыс жасап, білім алушыны білім алуға жұмылдыра білуі.

Осы бөлім арқылы еліміздің өткені мен бүгінін ашып, сан қырынан бейнелеп сипаттауға болады.Мысалы, 1-сыныпта оқу мақсаты 1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу - бұл мақсатқа қол жеткізу барысында ертедегі мәдениеттер мен өркениеттермен таныстыруда ерте дәуірдің адамдары жайлы, мысалға алғанда олардың от жағуды білмегенімен табиғат құбылыстарын аңғара отырып отты қалай алуға болатыны 2 кремний кесегі мен құрғақ қабық, не шөпті пайдалана отырып от жағуға болатынына қарапайым түрде көз жеткізуге болады. Бұл мәлімет балалар үшін қажетті ақпараттардың бірі. 1-сыныпта сақтар туралы білім үстірт емес, нақтырақ айтқанда ерте дәуірде Қазақстанда мекендеген ежелгі көшпелі тайпа – сақтар екендігі, олардың мал өсірумен айналысып, сол дәуірге сай экономиканың қалыптасуына негіз болғандығын, бұл тек біздің елімізде ғана емес, көршілес Алтай, Жайық, Қара теңіз жағалауларында мекендеген елдің тұрмыс-салтында ұқсастығы бары жайлы айта отырып, өткен дәуір жайлы біршама мәлімет береді. Бұл білім алушыға көпұлтты Қазақстанда тұратын халықтың бір-бірімен ерте заманнан бері тіршілік етудегі ұқсастықтарын дәлелдейтінін көрсетеді. Педагог өз ісіне жауапкершілікпен қарап, ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері жайлы қарапайым ақпарат немесе елімізде табылған көне жазулар туралы түсінік берумен қатар, мектеп табалдырығын аттаған оқушыны Мемлекеттік рәміздермен таныстырып, оларды сипаттауда асқан шеберлікпен ұсынады. Мысалы, оқу мақсаты 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату - осы таныстыру арқылы елдің рәміздерін қастерлей алады. Өйткені, елтаңбаның негізгі бейнесі –шаңырақ. Шаңырақ пен отбасы бір-бірімен тығыз байланыста. Мемлекеттік рәмізде сипатталған шаңырақтың берілуі басқа

елдерде сондай белгі бар ма, неліктен олай берілгендігі әр білім алушыны саналы ойлауға жетелейді. Баланың бұдан түйетіні - отбасы кез келген бала үшін аса маңызды орын екендігі. Яғни, отбасының жылылығы мен шуағы күн сәулесімен ұштасып жатқандығы, отбасының бір шаңырақтың астында тұратын жай ғана адамдардың тобы емес, отбасы мемлекеттің бір бөлшегі екендігін ұғынады, сондықтан айналасындағыларға жанашырлықпен қарай алады. Өз елінің рәміздерін басқа елдердікінен нақты ажырата алуға ынталанады. Бұл бір жағынан қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болса, екінші жағынан өз еліңе деген сүйіспеншілікті ұялату. Ежелгі өркениеттер туралы сөз қозғағанда «Алтын адам» туралы мәлімет 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу –оқу мақсаты арқылы беріледі. Балаларға осы ақпаратты беру арқылы ертедегі сақ дәуірі туралы ұғым қалыптасады. Сонымен қатар Қазақстандағы Бесшатыр, Есік, Боралдай қорымдары қасиетті орындарға жататыны да ескертіледі. Оқушылар табылған жәдігер арқылы ертедегі өмір сүрген адамдардың дәстүрі мен мәдениеті жайлы мағлұмат алды. Білім алушылар ежелгі дәуір ескерткіштері мен қазіргі ескерткіштер, бұрынғы жауынгерлер мен заманауи жауынгерлердің арасындағы ұқсастықтарды байланыстырып анықтай алады. Сақтардың мәдениетіндегі «Аң стилі» б.з.б. 7 ғасырдан бастап далалы аймақтар өңірінде аңдарды бейнелеу – **аңдық стиль пайда** болғандығын көреді. 1-сыныптың оқушысының санасында тарихтың көне беттерінен адамзаттың дамуы жайлы нақты түсініктері қалыптасады. Мысалы, 3-сыныптағы оқу мақсаты- 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру – Би – ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен небір шытырман даулы мәселелердің дұрыс шешімін тауып отырған. Осыған орай Қазыбек бидің шешендік сөздерінен үзінді келтірсек, мына берілген бір ғана өлең жолдарынан көп нәрсені аңғаруға болады. Төрт жолмен адамның өмірінде кездесетін қиындық пен кедергілер кездескенде, жан дүниесі рухани бай адамның өзін-өзі қалай ұстауы айналасындағы адамдардың қамқор болып, қолдау көрсетуі аса қажеттігін көрсетеді.

Өркенім өссін десең, кекшіл болма, кесепаты тиер еліңе.
Елім өссін десең, өршіл болма, өскеніңді өшіресің.
Басына іс түскен пақырға қастық қылма, қайғысы көшер басыңа
Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба! [3]

Шағын шумақпен даналық жолды, сабырлық пен байсалдылыққа шақырумен кез келген жағдайда тығырықтан шығу жолын нұсқайды. Сол кездегі қара қылды қақ жарған әділ билердің бірі Төлебидің: «Адамның басшысы - ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі - талап, қорғаушысы - сабыр, сынаушысы - халық, таусылмайтыны - арман, ең қымбаттысы - ар сақтау, бәрінен ардақтысы - өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» [4] деген нақыл сөзінің тәрбиелік мәні өте зор. Өйткені сондай дана адамдардың сөздері арқылы оқушыларды көп нәрсеге үйретуге болады.

Білім алушының 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» қақпасы) –оқу мақсатымен жұмыс жасауында үлкен мән бар. Бір ғана «Мәңгілік ел» салтанатты қақпасына назар аударудың өзі халқымыздың бар болмысын, мемлекет болып дамуының қадамын көрсетеді. Қақпаның сол жағындағы даналықты, ұғламалықты, данышпандықты көрсетіп тұрған халықтың рухы мен ойының қорғаушысы Ақсақал тұрса, оң жағында – әйел – Ана. Ия, бір жағынан тікелей отбасымен байланысты болса, екінші жағынан Отан анамен байланысты. Білім алушы бар жақсылық пен ізгі ой ата-ана арқылы берілетіндігін ұғынады. Бұл ескерткіште әр мүсіннің жоғарғы жағында мемлекеттік рәміздің бірі – елтаңбаның берілуінің өзі білім алушыны ойландыратыны анық. Өйткені кез келген ескерткіште елтаңба беріле бермейді. Мәңгілік елдің шығыс жағындағы бөлігінде көшпелі жауынгер мен қазақстандық әскери қызметкердің сұлбалары орналастырылғандығының мәні зор.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасы білім алушының болашаққа деген сенімін арттырумен қатар жеке тұлға болып қалыптасуына жан-жақты ықпал ете отырып, рухы мықты, өз елінің ұлтжанды азаматы болып шығуына жол ашады.

Пайдаланған әдебиет:

1. https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Дүниетану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Астана, 2016
3. Шешендік сөздер. Қазақтың би-шешендері. Шешендік сөздердің жанрлық тектері
4. Сабыр - Ұлағатты сөздер - Bilim - All bml.kz/tag/thoughts?tag=Сабыр&page

РИСС ПОТЕНЦИАЛЫНЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТЕОРЕМАЛАР

НУРМАХАНОВ Кайрат Ерпайызович
Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты
Математика оқыту методикасы оқытушысы
Нөкіс қ., Тажікстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Рисс потенциалының дифференциалдық қасиеттеріне байланысты Карлесон тәрепінен дәлілденген әжайып теорема келтірілген, және осы теоремаға кері болған Уоллин теоремасы дәлілденген. Және де осы теоремалар бойынша $f(x) \in Lip_k(G)$ анықтамасы келтірілген.

Аннотация

В этой статье дается поразительная теорема, доказанная Карлесоном относительно дифференцированных свойств потенциала Рисса, и доказала противоположность этой теоремы, теорема Уоллина. И теоремы справочник по $f(x) \in Lip_k(G)$ пс.

Бұл мақалада Рисс потенциалының дифференциалдық қасиеттеріне байланысты швециялы математик Л.Карлесон тәрепінен дәлілденген әжайып теореманы келтіреміз.

1-теорема (Карлесон). *Мейлі,* α , β *лар* $0 < \alpha < n$, $0 < \beta < 1$ *болған ҳақиқый сандар,* μ *болса центрі* $x \in \mathbf{R}^n$ *нүктеде радиусы* $r > 0$ *болған қәлеген* $B(x,r)$ *шар үшін*

$$\mu(B(x,r)) \le const\, r^{n+\beta-\alpha},\ x \in R^n,\ r > 0$$

теңсіздікті қанааттандыратын сондай $\mathbf{R}^n$ *кеңістігінде компакт тасушылы шекті Борель өлшемі болсын. Сонда Рисс потенциалы* $Lip_\beta(\mathbf{R}^n) - \beta$ *тәртіпті Липшиц класына тиісті болады.*

Бұл теоремаға кері болған төмендегі теорема орынды.

2-теорема (Уоллин). *Мейлі,* α, β *лар* $0 < \alpha < n$, $0 \le \beta \le 1$ *болған базыбір ҳақиқый сандар,* μ *болса оң анықталған компакт тасушылы шекті Борель өлшемі болсын және Рисс потенциалы* $U_\alpha^\mu(x) \in Lip_\beta(\mathbf{R}^n)$. *Сонда барлық* $x \in \mathbf{R}^n$ *және барлық* $r > 0$ *үшін төмендегі бақалаулар орынды:*

$$\mu(B(x,r)) \le const\, r^{n+\beta-\alpha},\ егер\ \alpha > \beta,$$

$$\mu(B(x,r)) \le const\, r^n \ln\frac{1}{r},\ \textit{егер}\ \alpha=\beta,$$

$$\mu(B(x,r)) \le const\, r^n\ ,\ \textit{егер}\ \alpha<\beta.$$

Тұйық $G \subset R^n$ жиын үшін $Lip_k(G)-$ класының анықтамасын келтіреміз. $0<k\le 1$ үшін бұл класс төмендегі шартты қанааттандырушы f функциялардан тұрады:

$$|f(x)-f(y)| \le A|x-y|^k,\ x,y\in G,\ A-\textit{константа}.$$

Жоғары реттік $(k>1)$ үздіксіз функциялар үшін Тейлор көпмүшесі жәрдемінде төмендегіше анықталады.

1-анықлама. *Егер* $f^{(0)}=f$ *және*

$$\left| f^{(i)}(x+h)-\sum_{|i+l|\le k}\frac{f^{(i+l)}(x)}{l!}h^l \right| \le A|h|^{k-|l|},\ x,x+h\in G,\ |i|<k$$

бақалауды қанааттандырушы $f^i \in G,\ 0\le|i|\le k$, *функциялар табылса, онда* G *жиында анықталған* $f(x)\in Lip_k(G)$ *делінеді.* Бұнда мультииндексті белгілеулерден пайдаланылды.

Соны да айтып өтеміз, $G=R^n$ жағдайда, $Lip_k(R^n)-$ кеңістігі жай дифференциалдық мағынаға ие болады: ол $k-$ реттікке шекемгі туындыларға ие f функциялардан ібарат болады.

Әдебиеттер

1. Wallin H. Existence and properties of Riesz potentials satisfying Lipschits conditions// Math. Scand.- 1966.
2. Cartan H. Theorie du potential newtonien: energie, capacite, suites de potentials// Bull.Soc.Math.
France.- 1945.
3. Ландкоф Н.С. Основы современной теории потенциала. – М., Наука, 1966.
4. Calderon A.P., Zygmund A. Local properties of solutions of elliptic partial differential equations// Studia Mathematica.- 1961.

ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ШЫҒАРМАЛАРДА СӨЗДЕРДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАДА ҚОЛДАНУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОРДАБАЕВА Жанар Мергалиевна
Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Ағылшын тілі мұғалімі
Көкшетау қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақала қазақ,орыс және ағылшын тілдеріндегі шығармаларда сөздердің ауыспалы мағынада қолдануының ерекшеліктеріне арналған. Мақаланың мақсаты - лингвистика саласында сөздердің ауыспалы мағыналарының семантикалық ауқымдары, өзінің белгісін белгілейтін, динамикалық белгісі, қатынастың белгісі, белгілі бір класс құбылысқа жататынын, сондай-ақ лексико-семантикалық сөздердің қатынастарының зерттеуі өте өзекті және көкейкесті мәселе екенін және Джек Лондонның «Ақ азу» шығармасындағы

орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөздердің ауыспалы мағынада қолдануының ерекшеліктерін зерттеу. Автор ауыспалы мағыналардың түрлеріне және олардың қолдану ерекшеліктеріне тоқталып, үш тілде мысалдарды келтіріп, оларды салыстырады. Мақала ғылыми жұртшылықты, жоғары оқу орындары студенттерді, білім саласындағы қызметкерлерді қызықтыруы мүмкін.

Түйін сөздер: ауыспалы мағына, синтагматиялық байланыстылық, мәнмәтін, фразеологизм, фразеологиялық түйдек, метафоралық құбылыс, мақал.

Аннотация

Статья посвящена собенностям использования переносных значений в произведениях на казахском, русском и английском языках. Целью данной статьи является определение переносных значений в области языкознания и семантических диапазонов, которые известны своим динамическим символом, символом принадлежности к определенному классу явлений, а также изучение лексических и семантических отношений между словами, что является очень важной и актуальной проблемой. А также рассматривается повесть Джека Лондона "Белый Клык". Автор рассматривает конкретные виды переносных значений и их применение. Статья актуальна в научном сообществе, среди учащихся средней школы, а также может представлять интерес для сотрудников в области образования.

Ключевые слова: переносные значения,синтагматическая связь, контекст, фразеологизм,идиома, метафорическое явление, пословица.

Кіріспе

Семантика жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізу қазіргі қоғам дамуының өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе Қазақстанда соңғы екі ғасыр көлемінде осы тақырып жайлы талқылау қарқынды түрде дами отырып, Оның себебі семантиканың дамуына, рухани құндылықтардың артуы мен ой еңбегінің ауқымының кеңеюіне байланысты. Лингвистика ойының 20 ғасырда семантиканың проблемасына үлкен қызығушылық көрсетілуімен сипатталады. Осыған куәгерлік лексико-семантикалық өрісіне және лексико-семантикалық сөздердің топтарына және олардың тарихи дамуына арналған көптеген зерттеулер. Мамандар лингвистика саласында ауыспалы мағынасының семантикалық ауқымдары, өзінің белгісін белгілейтін, динамикалық белгісі, қатынастың белгісі, белгілі бір класс құбылысқа жатуын жекелеп шығарып отыр. Бүгінгі таңда лексико-семантикалық өздерінің қатынастарының зерттеуі өте өзекті және көкейісті мәселе, бұл тілдің мән-мағынасына байланысты. Көркем әдебиетте сөздердің ауыс мағынада қолданылу ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер жете зерттелмеген, сондықтан бұл зерттеу жұмысымен айналысуға тура келеді.

Негізі бөлім

Сөздің ауыспалы мағынасы – функционалдық ортақтықпен таңба, метафоралық тәуелділіктің қатынастарымен негізгі мәнмен сабақтас туынды лексикалық сөз мағынасы. Ауыспалы мағыналар мәннің тура мағынасына қарағанда (синтагматиялық алдын-ала келісіп алуды) үлкен синтагматиялық байланыстылық та кіші парадигма алдын ала келісіп болады. Сөздің ауыспалы мағынасы тура мағынасынға қарағанда контекстке өте тәуелді болады. Бұл мағыналар стилистикалық және экспрессиялық-бағалау сәттерімен әдетте шиеленістіріп алған. Ауыспалы мағынасындағы сөздер тура мағынадағы сөздерге қарағанда, (айқын семантикалық шекаралардың жоқтығы) диффузиялықты құбылысқа тәне қасиет. Ауыспалы мағыналардың пайда болуы сөздердің семантикалық біркелкі топтарында бола алады. Сөздің семантикалық құрылымында ауыспалы мағыналармен бірге тағы басқалар олардың баланысынң сипаты бас нақты мәндерден астам абстрактілірекке немесе абстрактілі нақтырақтарға дамытуды бағыт нақтылы заңдылықтарға бағынады. Бұл заңдылықтар және басқа да ауыспалы мағыналардың қасиеттері синхрониялық және диахроникалық мақсаттарда зерттеледі. Тілдің даму тарихында сөздің ауыспалы мағынасы

ең маңызды мәселе болып табылады. Егер де сөздің ауыспалы мағынасын сөздің семантикалық құрылымда бас позицияда бекітетін болсақ, сөздің тура мағынасын ығыстыруға және ұмытуға тура келеді.

Сөздің ауыспалы мағыналардың бір түрі – фразеологизм. Фразеологизм, фразеологиялық бірлік немесе фразема – құрамға және құрылым туралы сөз тіркесі немесе (сөздік бірлік) жеке лексеманың функция орындайтын ұсыныс мән бойынша бүтіндік бөлінбейтін орнықты, лексикалық сөйлем немесе сөз тіркесі. Фразеологизм жиі бір-ақ тілдің мүлігімен болып қалады; ерекшелік деп аталатын фразеологиялық кальктер болып табылады. Фразеологизмдер арнайы фразеологиялық сөздіктерде суреттеледі.

Фразеологизмдердің семантикалық біргелігі жеткілікті кей көлемде өзгерте алады: мағыналарын фразеологиялық тіркестерінен құрайтын сөздерінен (идиомалар) фразеологиялық түйдектің фразеологизмнің мәнісіне дейін өзгереді. Сөздердің тұрақты сөз тіркесіне айналуы лексикализация деп аталады.

Ауыспалы мағыналарының тағы бір таралған түрі – фразеологиялық түйдек (идиомалар). Фразеологиялық түйдек немесе идиома (грек тілінен – меншікті,өзіндік) –бұл мәні бөлінбейтін семантикалық айналым, оның компоненттерінен құрайтын мәне мүлде шығарылмайды. Көбінесе грамматикалық формалар және идиомалардың мәні қазіргі тілдің нормалармен және болмыстарымен шартталмаған, мұндай түйдектер лексикалық және грамматикалық архаизмдер болып табылады.

Жарқын және ашық мысалдарды біз мақалдардан көре аламыз. Мақалдар мен мәтелдер ұрпақтар ойының шежіресі мен халықтың рухани өмірінің практикалық энциклопедиясы. Мақал-мәтелдер ұрпақтар ойының қиыннан қиыстырылған жүйесі мен қоғамдық –тарихи тәжірибеде қорытылған жиынтығы, даналық ойдың шежіресі мен халықтың рухани өмірінің практикалық энциклопедиясы. Олар – әлеумет өмірінің алуан саласы көркем образ түрінде бейнелеп, адамның сонау сәбилік дәуірінен сыр тартып, ұрпақтар үнінің жаңғырығынан елес беретін елгезек жанр. Осындай қасиеттерінің арқасында ұрпақтан-ұрпаққа таралып, еңбекші бұқараның құдіретті еңбек ұраны мен ежелгі ережесіне айналған келісті көркем сөз кестесін халыққа әрқашанда қасиетті мұра ретінде қастерлеп отырған. Мысалы: «Келген дәулет-кеткен бейнет», «Ер тынысы-еңбек, ез тынысы-ермек» сияқты еңбектің неше алуан қасиетін өмір шындығынан алып түйіндеген тамаша мақалдар тудырған. Сөйтіп, сөздің зат, құбылыс, ұғым, түсінік, болмыс, амал-әрекеттерге тағылған атау түріндегі бастапқы мағынасын тура мағынаң дейді. Ал сөз мағынасы ауыстырылып, бастапқы мағынасынан өзге мағынада қолданылса, оны сөздің келтірінді немесе ауыспалы мағынасы дейді.

Сөз белгілі зат, құбылыс, ұғым, түсініктердің атауы болады да, негізінде, сол бастапқы қолданылмай өзге бір түсінік ретінде ауыспалы мағынада да қолданылады. Мысалы, Құрман ұстаның сегіз сиыры бар. Апай майлы төстікті отқа үйте бастады деген сөйлемдердегі сегіз, майлы деген сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарында қолданылған. Ал Семіздің аяғы сегіз («М.М.»), Ол үйдің дастарқаны майлы деген сөйлемдердегі сегіз, майлы деген сөздер өздерінің бастапқы мағыналарында айтылмай, ол сөздерге жаңа келтірінді, ауыспалы мағыналар жүктелген. Мұндағы сегіз деген сөз санды білдірмей, көп деген ұғымды білдіріп тұр, яғни мал семіз болса, еті көп болады деген ұғымды береді. Дастарқаны майлы дегендегі майлы сөзі дастарқанға май жұққан, кірлеген деген ұғымды бермей, ол үйдің дастарқанының үстінде асы мол болады, яғни ол үй асты мол береді деген ұғымда айтылып тұр.

Сөздің көп мағыналылығы. Тілдегі бір сөз, негізінде, бір мағынаға ие болады. Әр сөзді сөйлемде өз орнына, өз мағынасында дұрыс қолдану үшін сөздің негізгі мағынасын білу өте қажет. Сөздердің мағынасы сөйлем ішінде белгілі мәнмәтінде ғана айқындалады. Тілдегі сөздердің барлығы бірдей дербес ұғымды, бір мағыналы болып келмейді. Кейде бір сөздің әр сөйлемде әртүрлі сөздердің тіркесіне қарай беретін мағыналары құбылып, көп мағыналы болып та келеді. Мысалы, Жер бір тәулікте өзінің өсін бір айналып шығады. Колхозшылар жер жыртуға кірісті. Олар екеуі екі жерде тұрады. Шырағым, қай жерін

ауырады деген сөйлемдердегі жер сөзінің мағынасы әр сөйлемде әртүрлі мағынада қолданылып тұр. Бірінші сөйлемде планета ұғымында, екіншіде сөйлемде егіс ұғымында, үшіншіде сөйлемде орын деген мағынана, төртіншіде сөйлемде ара деген ұғымда қолданылып тұр.

Қорытынды

Джек Лондонның «Ақ азу» хикаяты көптеген ауыспалы мағыналар мен идиомалар, фразеологиялық сөз тіркестерге, метафораларға толы. Оны қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде зерттеп, ауыспалы мағыналардың әр тілде қалай қолданылуын салыстыру менің жұмысымның басты мақсаты. Метафора құбылысының негізінде туған қосымша мағынаны көп жағдайда туынды, келтірінді мағына екені бірден аңғарыла бермейді және сөздің туынды мағынасы ретінде қалыптасып орнығып кетеді. Мұндайда метафораның негізінде туған мағына сөздің сөздіктегі мағыналық мазмұнына еніп, оның туынды мағыналарының бірі ретінде қаралады. Метафора көркем сөз стилінде бейнелеуші, мәнерлеуші тәсіл ретінде айрықша қызмет атқарады. Бірақ жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралардың барлығы бірдей жалпыхалықтық сипатқа ие бола бермейді.

Метафоралық сөз саптаудың стильдік сырын «сөздік ауыс мағынада қолданылуы» немесе «сөздің астарлы қолдану» деп қана түсіндірсек, метафораның сыртқы қабығын көріп, ішкі дәніне үңілмегеніміз болар еді. Профессор М.Балақаев т.б. көркемдік арқау болатын тілдік тәсілдерді екі топқа бөліп қарайды: Бірі –бейнелеу тәсілдері-өмірдің реалды шындығын, құбылысты кісінің көз алдына елестететіндей етіп суреттеу, екіншісі –әсірелеу-оның үсітне кісінің эмоциялық сезіміне әсер беретіндей етіп көріктеу. Метафора-осының екеуін де қамтитын, яғни әсерлеушілік әрі бейнелеушілік қасиеті бар, астарлы тәсіл. Заттар мен құбылыстардың ішкі сыры мен сыртқы көрінісін, баяндалған оқиғаның сыр-сипатын оқушының көз алдына елестетіндей етіп бейнелі суреттеуле сөз шеберлері метафораны қолданады.

Қазіргі кезде жаңа инновациялық технологиялардың пайда болуы мемлекеттік білім стандартын жүзеге асыру үшін пайдалы. Мемлекеттік бағдарламада студенттер мен оқушылардың мәтіндегі ауыспалы мағыналарда қолданылатын сөздерді оқып-түсінуі тиіс және де олар ауыспалы мағыналардың көп түрлерін анықтап, оларды өз сөздеріне, өз пікірін білдіру үшін қолдану керек.

Осыған орай, осы гипотезаны дәлелдеу үшін біршама тапсырмалардың орындалуы талап етеді:

1) Ауыспалы мағыналарда қолданатын сөздерді тауып, оның мағынасын анықтау;
2) Студенттер мен оқушылардың әдеби шығармаларда қолданылатын ауыспалы мағыналарды анықтап, олардың білім деңгейін тексеру;
3) Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі шығармаларда ауыспалы мағыналарда тауып, олардың аудару тәсіліне назар аудару.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖҮЙЕЛІ-ӘРЕКЕТТІК ТӘСІЛ МЕН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

ОРЫНБЕК Бақыт Аблайханқызы
Алматы қаласы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
География пәнінің мұғалімі
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада география пәнін оқыту барысында жүйелі-әрекеттік тәсіл мен критериалды бағалау жүйесінің тиімді тұстары сипатталған. Сонымен қатар мысал ретінде шынайы сабақ барысында қолданылған тапсырмалар келтірілген.

Аннотация

В статье описаны эффективные стороны исползования системно-деятельностного подхода и критериального оценивания на уроках географии. Также, в качестве примера, рассмотрены задания из реального урока.

Жүйелі-әрекеттік тәсіл жеке тұлғаның дамуына бағытталған. Оқыту үрдісі мақсатты дамуды көздейтіндей ұйымдастырылуы керек. Сондықтан ең алдымен жүйелі-әрекеттік тәсіл шеңберінде сабақты ұйымдыстырудың қағидаларын білу керек.

Жүйелі-әрекеттіктік тәсілдің дидактикалық қағидалары:

1)**іс-әрекет** қағидасы – оқушы дайын материал емес, өз бетінше ақпарат іздеумен айналысады. Алайда өз бетінше жұмыс істеу барысында оқушы өз оқу үрдісінің мазмұны мен формаларын түсінеді, нормалардың жүйесін түсінеді және қабылдайды, оларды жетілдіруге атсалысады.

2)**үздіксіздік** қағидасы – оқу процесінің барлық кезеңдерінде технологиялық деңгейде, оқушының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мазмұн мен әдістемедегі сабақтастық.

3)**тұтастық** қағидасы – оқушының дүниені (табиғат, қоғам, өзін-өзі, социомәдени дүние мен іс-әрекет аясы, ғылымдар жүйесіндегі әр ғылымның орны т.б.) жалпылама жүйелі қабылдауы.

4)**минимакс** қағидасы – келесі түрде сипатталады: мектеп оқушыға оқу мазмұнын өзіне сай максималды деңгейде игеруге мүмкіндік беруі керек (жақын арадағы даму аймағы анықтайды) және әлеуметтік қауіпсіз минимум деңгейінде игеруін қаматамасыз ету (білімнің мемлекеттік стандарты).

5)**психологиялық жайлылық** қағидасы – оқу үрдісінде қолайлы атмосфера орнату, педагогикалық іскерлік идеясын жүзеге асыру, диалогтық қатынасты дамыту сияқты стресс құраушы факторларды жою болып саналады.

6)**вариативтік** қағидалары – оқушылардың түрлі варианттарды жүйелі түрде қарастырып, дұрыс таңдау жасауын меңзейді.

7)**шығармашылық** қағидасы – оқу үрдісінде максималды түрде шығармашылыққа бағытталу болып табылады.

Сонымен, жүйелі-әрекеттік тәсілді қолдана отырып құрылған сабақтың алгоритмі, яғни қадамдары төмендегідей болуы керек:

1.Сабақтың нақты мақсатын айқындап, нәтижеге бағытталған логикалық аяқталған бөліктері бар процесс ретінде көру керек.

2.Сабақтың тақырыбына, мақсатына, балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес нақты педагогикалық тәсілді таңдау.

3.Сабақтың сценарийін жүйелі-әрекеттік тәсіл тұрғысынан талдау. Осы таңдалған әдіс-тәсілдерді АКТ-ны қолдану мүмкіндігіне қатысты қарастыру.

4.Мұғалімнің минималды, ал оқушының максималды түрде жұмыс жасауына мән беру /1/.

Мысал ретінде 9-сыныпта өткен сабақтың талдауын ұсынамын.

Тақырып: Елді мекендердің түрлері (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде).

Оқу мақсаты: 9.4.1.3 елді мекендердің түрлерін, олардың функционалды зоналарын сипаттайды және көрсетеді, ерекшеліктерін талдайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);

9.2.2.2 географиялық деректерді шығармашылық түрде визуализациялайды

Бағалау критерийі:

білу және түсіну	Елді мекендер түрін біледі. Елді мекендер түрлерінің өзара айырмашылықтарын ажырата алады.
қолдану	Елді мекендердің таралу ерекшеліктерін біледі, картада көрсете алады, мысалдар келтіре алады.
талдау	Территорияның функционалдық ұйымдастырылуына талдау жасай алады.

Сабақ барысында оқушы тек қана тапсырмаларды орындап қана қоймай, сонымен қатар бағалау үрдісіне де белсенді қатысады (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау). Ол үшін арнайы бағалау парағын дайындау керек. Алдымен тақырып бойынша бастапқы білімдерін білу үшін өзін-өзі бағалау арқылы диагностика жасауға болады. Бұл график сабақ соңында өзгеріске ұшырауы мүмкін. Осындай тәсілді қолдану арқылы әрі оқушы, әрі мұғалім динамиканы көре алады.

***Бағалау 1.** Жаңа тақырып алдында бағалау критерийлері бойынша өзіңізді 5 балдық жүйемен бағалап, график сызыңыз.

Бағалау критерийлері: 1.Елді мекендер түрлерін білемін, ажырата аламын.

2.Елді мекендердің таралу ерекшеліктерін білемін, картада көрсетіп, мысалдар келтіре аламын. 3.Территорияның функционалдық ұйымдастырылуына талдау жасай аламын.



***Тапсырма 1.** (Ж) Картамен жұмыс. Әр оқушы Қазақстанның әкімшілік және тығыздық картасын қолдана отырып, халықтың орналасу ерекшеліктерін талдап дәптерге жазады. (жазылым). Жоспар:

1.Қазақстанның аса тығыз қоныстанған аймақтары. Себебі.

2.Қазақстандағы қалалардың аса кең тараған түрлері. (шағын, үлкен, ірі)

3.Қазақстандағы елді мекендердің пайда болу ерекшеліктерін сипаттаңыз. (пайда болу себептері, орындайтын рөлі).



Осы тапсырманы орындап болған соң бірі-бірі бағалау жүзеге асады.

***Бағалау 2.** Өзара бағалауда өзге оқушының парақшасына баға қою керек. Өз парақшасыңызға да баға алуыңыз керек. +/-

Бағалау критерийлері:

1.Қазақстанның аса тығыз қоныстанған аймақтарын атап, көрсете алады. Себебін түсіндіре алады. 2.Қазақстандағы қалалардың аса кең тараған түрлерін біледі. (шағын, үлкен, ірі)

3.Қазақстандағы елді мекендердің пайда болу ерекшеліктерін сипаттай алады. (пайда болу себептері, орындайтын рөлі).

критерийлер	Баға +/-	Бағалаушының аты-жөні
1		
2		
3		

***Тапсырма 2.** (С) Мәтінмен жұмыс. Территорияның функционалдық зоналар жіктелуімен танысу. Оқушыларға алдын-ала дайындалған мәтін беріледі. Мәтіннен үзінді.

Функционалдық зонаның аталуы	Сипаттамасы
Селитебті зона	Тұрғын үйге арналған аумақ. Мұнда ықшам аудандар, тұрғын кварталдары, мәдени-тұрмыстық және коммуналды қызмет көрсету кәсіпорындары, жекелеген зиянсыз кәсіпорындар, көшелер, алаңдар, көгалдандыру нысандары, қоймалар, резервтік территориялар, көлік нысандары орналасуы мүмкін.
Өнеркәсіптік зона	Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен оларға қызмет көрсететін мәдени-тұрмыстық мекемелер, көшелер, алаңдар, жасыл желектер кіреді.
Көлік зонасы	Сыртқы автомобиль, су, әуе, темір жол көлігі құрылымдары (автомобиль және теміржол станциялары, айлақтар, аэродромдар, теңіз және өзен вокзалдары, сұрыптау станциялары, т.б.)
Коммуналды-қойма зонасы	Түрлі қоймалар аумағы, мысалы, трамвай және автобус парктерінің, гараждардың, су құбыры және кәріз жүйелерінің құрылымдары, сонымен қатар сауда және шаруашылық қоймалары мен оларға қызмет көрсететін көлік құралдары.
Санитарлы-қорғау зоналары	Ені 50-1000 метрлік жасыл желектер. Олар тұрғын үй құрылымдарын көршілесс орналасқан өндірістік кәсіпорындар мен көліктің зиянды әсеріне қорғауға арналған.
Демалыс зонасы	Жасыл желектер, жағажай, жағалаудағы бульварлар, жаяу жүргінші зоналары, мәдени орталықтар, спорт кешендері т.б. тұратын аумақ.

Мәтінмен қатар сыныпқа түрлі суреттер таратылады. Талдау жасау барысында әркімде әртүрлі суреттер болады. Өзара талқылау барысында оқушылар өзге сурет иесімен жұптасуы керек. Мысалдар:

***Тапсырма 3.** (Ж) Суретпен жұмыс.

Оқушылар өздеріне берілген суреттегі түрлі функционалдық зоналарды анықтап, белгілейді. Әр зонаға сипаттама беріп, дәлелдей алуы керек. Және болашақта өзгерісіне болжам жасай алуы керек.

***Бағалау 3.** Өзара бағалауда өзге 2 оқушының парақшасына баға қойып кету керек. Өз парақшаңызға да 2 оқушыдан баға алу керек. +/-

Бағалау критерийлері:

1.Территорияның функционалды зоналарын дұрыс бөледі

2.Функционалды зоналардың анықтамаларын айтып, дәлелдей алады

3.Функционалды зоналардың өзгерісіне болжам жасай алады.

критерийлер	Баға +/-	Бағалаушының аты-жөні	Баға +/-	Бағалаушының аты-жөні
1				
2				
3				



***Бағалау 4.** 1-ші бағалау графигіне оралыңыз. Сабақ соңында болған өзгерісті ескере отырып, сызбаға белгілеп, графигін сызыңыз.

Мысал ретінде оқушылардың сызбаларын ұсынамын:





Жалпы алғанда оқытудағы жүйелі-әрекеттік тәсілді қолдану барысында білім берудің басты міндеті шешіледі, яғни ішкі резервтерді қолдана отырып, үйлесімді, рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, әлеуметтік белсенді, кәсіби білікті, өзіндік даму дағдысы қалыптасқан тұлғаның қалыптасуы. Жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру үшін жекелеген пәндерді игеруден шынайы өмірдегі күрделі жағдайларды пәнаралық зерттеуге көшу керек. Соған сәйкес әрбір пәнге тән спецификалық іс-әрекет әмбебап пәнаралық оқыту әдістерімен толықтырылуы қажет /2/.

Сонымен қорытындылай келе, бұл сабақтың барысында әрбір кезеңі сабақтың мақсаттарына жетуге бағытталған жүйелі іс-әрекеттерден тұратынын көруге болады. Сонымен қатар қазіргі уақыттағы маңызды мәселелердің бірі болып табылатын бағалау стратегиялары да тиімді қолданылады. Сабақтың соңында міндетті түрде оқушылардың жұмысына кері байланыс беру керек және оқушылардан кері байланыс алу керек. Және бір маңызды жағдай – алдағы болатын сабақтар үшін жоспар құрғанда оқушы үнін ескеру керек.

Литература

1.https://sites.google.com/site/konstruktoruroka/ob-avtore

2.Аксенова Н. И. Системно-деятельностный подход как основа формирования метапредметных результатов // Теория и практика образования в современном мире: материалы Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, февраль 2012 г.). — СПб.: Реноме, 2012. — С. 140-142. — URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/21/1656/ (дата обращения: 15.03.2018).

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ӨЗЕГІНЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

ОРЫНГҮЛ Белгібайқызы Құсмолданова
Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Педагогика ғылымының магистрі.
Өзін-өзі тану пән мұғалімі
Талдықорған қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-оқыту үрдісі мазмұнын жаңғыртуда жаңашыл-педагогтардың алдыңғы қатарлы үздіксіз тәжірибелері, мазмұны қамтылған. Балабақшаның педагогикалық ұжымы кәсіби шеберліктерін шыңдай жүргізген іс-әректтері Тілдік ортаға ену әдісі негізінде алынған. Бұл бағдарлама аясында балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық мәселесі бойынша серіктестік жоспарларын сөз етті. Үздік педагогикалық идеялар мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс тәжірибелерін дәріптеуге жақсы дайындықтарын байқатты.

Аннотация

В обновленном содержании учебно-воспитательного процесса дошкольного образования передается инновационный опыт ведущих учителей. Основой педагогического мастерства коллектива детского сада является метод языкового погружения. В рамках этой программы рассматриваются вопросы взаимопланирования работы детского сада и школы. Учителя дошкольного учреждения показывают и транслируют свой передовой опыт.

Мектепке дейінгі мекемелерде өзектілігін айқындап үлгірген «Рухани жаңғырудың» мән-маңызын салт-санамызбен, болмысымызбен арнайы бағдарламалар негізінде жас ұрпаққа үйлесімді тәрбие берілуде. Қазіргі кезеңде келешек ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамымыздың әлеуметтік рухани жаңғыру жолындағы ең маңызды міндеттерінің бірі. Рухани жаңғыру тек бүгіннен басталатын жұмыс емес. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген.

Болашақта еліміздің табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, сол ұлттың тұлғасының бәсекелік қабілетімен айқындалатыны айдан анық. Сол себепті, мектепке дейінгі тәрбие үрдісі жаңа кезеңге бағыт алуда. Ондағы тәрбиеленуші бүлдіршіндер жан-жақты дами отырып, XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы тиіс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты,-» деп атап көрсеткендей, мектепке дейінгі кезең, рухани жаңғырудың өзегі, алғашқы қадамдары балабақшадан бастау алады. Халқымыз қолдап, ұлы көшке бастама болып отырған рухани жаңғыруда болашақ ұрпақтарымыздың тәрбиесі назардан тыс қалмақ емес. Рухани жаңғыру, қоғамдық талаптардың өзгеруі мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердегі білім беру мен тәрбие мақсаттарының да өзгеруіне әкелді. Тәрбие бастауы отбасында, балабақшада, бастауыш мектепте, орта буын, жоғарғы сыныпта, арнайы оқу орындарында, әлеуметтік ортада бірізділік ұстанымына сай дами береді. Осының негізінде, балабақшадағы жұмыстардың бағытына тоқталсақ, 2010 жылы Назарбаев Зияткерлік мектебі жанынан құрылған балабақшада үлкен жұмыс бағыт алды, ол жаңа әдіс негізінде тілдік ортаға ену. «Тілдік ортаға енгізу әдісінің негізінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы» енгізілді. Тілдік ортаға енгізу – мақсатты тілге үйретудің тиімді тәсілдерінің бірі. Оның артықшылығы мен күшті жағы жүйелілік, әдістемелік бірлік және ғылыми негізі болып табылады.

Тілдік ортаға енгізу - бұл білім беру мекемелерінде баланы екінші (мақсатты) тілді үйренуге, оны ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас барысында және оқу әрекетінде қолдануға ынталандыратын әлеуметтік орта құруды талап ететін әдіс.

Алғаш рет тілдік ортаға енгізу бағдарламасы 1965 жылдан бастап Монреалда (Канада) қолданыла бастады. Олардың мақсаты французтілді Квебекте тұратын ағылшын тілінде сөйлейтін оқушыларға ресми тілді тез меңгеруге көмектесу болатын.

Алынған әдістемелік тәжірибе басқа да мемлекеттерде, соның ішінде Финляндия, Жапония, Эстония, Австралия, Испания, Америка Құрама Штаттарында және Қазақстанда қолданылады. Тілдік ортаға енгізу әдісінің эстониялық үлгісі және оның таралуы Қазақстанның қызығушылығын туғызды. Бүгінгі таңда Қазақстан өзінің тілдік ортаға енгізу бағдарламасын құрастырды, ол Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің балабақшасы мен бастауыш мектебінде, жүзеге асырылып келеді.

Соның біріне дәлел, бұл ұжымда тәжірибелі маман, өз ісінің шебері Үйсінбекова Гүлнар Нәсіпқызының басшылығымен жаңашыл-педагогтарының алдыңғы қатарлы үздіксіз тәжірибелері, психологиялық-педагогикалық зерттеулері.

Тілдік ортаға енгізу әдісі негізінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасын апробациялау мен ендіру кезеңдері:
I кезең 2012-2013 оқу жылы, дайындық. II кезең 2013-2014 оқу жылы, жобалық-диагностикалық, ұйымдастырушылық-түзетушілік. III кезең 2014-2015 оқу жылы, аналитикалық. Тәжірибенің қорытынды кезеңінде тәжірибе тарату үшін Тілдік ортаға

енгізу әдісі бойынша материалдар дайындалды, қала мектептері мен балабақшаларының педагогтеріне арналған семинарлар өткізіліп, бастауыш мектеппен сабақтастық мәселесі бойынша серіктестік жоспарлары құрылды. М. Монтессори әдісі бойынша жабдықталған кабинет жұмысын бастады, мұнда балалар өзін-өзі дамыту, алғашқы тәжірибелік дағдыларды меңгеру және тілдік дағдыларын ары қарай дамыту мүмкіндіктеріне ие болады. Бұл әдістің тиімділігі сонда, тілді үйрену барысында қарапайым практикалық дағдылар қалыптасады.

Венециялықтардың іскерлік қабілеті сауданың адам айтқысыз ұлғаюына, сонымен бірге түсініктің кеңеюіне көп көмектесті. Еуропалықтар арасында Шығыстан әкелінген экзотикалық ерекше тауарлардың пайда болуы, сонымен бірге білім мен ақпараттың белсенді араласуына жағдай жасады. Сауда байланыстары әмиянмен қатар, ақылдың да көбеюіне алып келді. Мұндай тандем Венеция республикасы мен венециялықтардың басқа Еуропадан айтарлықтай алшақтатты. Ең соңғысы бақыланатын импорт болатын «минералдар, тұздар, балауыз, есірткі, камфара, гуммиарабика, мирра, сандал ағашы, даршын, мускатты жаңғақ, жүзім, інжір, анар, маталар (әсіресе жібек), тері, қару, піл сүйегі, түйеқұс пен тотықұс қауырсыны, маржан тас, темір, мыс, алтын құм мен кесектер» [6, б.4].

Марко Полоны «басқа» әлемді лайықты бағалаған бірінші еуропалық деп айтуға болады. Ол еуропалық емес мәдениетке сыйластықпен қарап, «басқа» әлемді тану барысында өзін де өзгертті. Марко Поло мен Крестік жорықтар философиялық Батыс-Шығыс концепциясының қалыптасуында ескертілетін Батыс пен Шығыс арасындағы өзара қатынас байланысады. Теңіз саяхатшылары еуропалықтар әлемін шығыстық экзотикаға қызығушылықтарын арттыра отырып кеңейте алды – дәстүрге, рәсімдерге, өнерге.

Сонымен, еуропалықтардың ориенталистік түсініктерінің дамуына әсер еткен жаһандық құралдар деп Ұлы Жібек жолы, Крестік жорықтар және Ұлы географиялық ашылуларды айтуға болады. Дегенмен, мыңдаған жылдар бойы еуропалықтар басқа алыс құрлықтарды әр түрлі елестетті. Басқа әлемнің келбетін көруге деген қызығушылықтарын оятқан мотивтер әртүрлі және қозғаушы болды.

Танымайтын мәдениет бейнесіне деген қызығушылық деңгейлері де әр түрлі болатын. Бұдан жалпы Шығыс туралы түсінік шекарасының белгілі шайылуы пайда болды, түрлі абстракті теориялық көзқарастар мен бейнелік түсініктерді өзіне қосқан көптеген радикалды трансформациялар өзгеріске ұшырады. Еуропалықтардың Шығыс туралы түсініктері көптеген күрделі тарихи дамулардан өтіп, еуропалық мәдениеттің барлық маңызды ағымдарында пайда болды: ортағасырлық символизм, ағарту мен романтизм, жаңа батыстық философия, модерн және жас контрмәдениет.

Көптеген жылдары Шығысты бірде дәріптеп, бірде оларды артта қалған, өзімен өзі бұйығы, тарихсыз, құлдық және кедейшілік өлке деп айыптады. Ал кейде адамды эмпирикалық тіршілігінен жоғарылатар рухани тереңдігі, даналығы мен тақуалығы үшін тамсанатын. Ең қарама-қарсы көзқарас еуропалық философтар, мәдениеттанушылар, саясаткерлер, әлеуметтанушылар мен тарихшылар орнатқан Шығыс туралы жасанды теория негізінде қалыптасты. Шығысты зерттеудің еуропалық форматы неден көрінеді?

Беделді зерттеулер бойынша, «негізінде Шығыс ерте заманда да, қазір де тұтас, бір эсхатологиялық бағытта қозғалушы мәдениетті көрсетпейді. Шығыс өркениетінің дамуын үш бағытқа бөліп қарастыруға болады: мадақты, критикалық және исламдық. Бірінші бағыт бойынша Шығыс, бәрінен бұрын, Қытай, жалпы береке, білімнің және ағартушылық мекені ретінде, даналық пен басқарушылық үлгісі ретінде қарастырылды. Екінші бағыт бойынша (Ежелгі Египет, Парсы, бірнеше басқа да Шығыстық озбыр елдер) зорлық, құлдық, қатыгездік және ұзақ тоқырау тұрғысынан сипатталды. Үшінші топтағы өркениет (Шығыс араб-мұсылмандық аудандар) араб-мұсылман өркениетінің Батысқа моральдік-этикалық ықпалымен сипатталады: алгебра, тригонометрия, астрономия, география, химия, психология, медицина және басқа да нақты ғылымдардың дамуы»[7, б.131].

Шынында, ориентализм Ағарту дәуірі XVIII ғасырда жеке ғылыми бағыт болып қалыптасты, және сол дәуірдегі атақты философтардың аттарымен байланыста болды. Мамандар оны үш бағытқа бөледі: мадақты, критикалық және исламдық.

Сонымен «мадақты бағыт жақтаушылары – Лейбниц, Вольтер, Кэне және басқалар Шығыс мәдениетіне тамсанып, оны Еуропаның дамуына үлгі ретінде санады. Критикалық бағыт жақтаушылары – Монтескье, Руссо, Вольней және басқалар – шығыс мәдениетін жағымсыз бағалады, олар шығыстағы еуропалық қоғамда жоғары бағаланатын тәуелсіздіктің жоқтығын кінәлады.

Әлемдік тарихқа әмбебап сызба құру мақсатында Ағартушылар шығыс мәдениетіне әмбебап қарау негіздерін орнатты. Бұл әдіс бойынша – Шығыс бүкіләлемдік тарих басталған, мәдениет туған орталық деп саналды, бірақ заманауи Ағартушылар бойынша әмбебап тарихи даму сатысы батыс мәдениетінің дамуын мойыедайды. Бұл бағыт бойынша Шығыс мәдениетінің бағасы ерте заманда, ал заманауи мәдени дамудың үлгісі Батыс болып есептеледі» [5, б.16].

Осылайша, Француздық революция кезінен шығыстық мәтіндерді іргелі оқу басталады. 1795 ж Парижде Азия бар тілдерін оқу мектебі ашылды, ол жетекші еуропалық ориенталистік орталыққа айналды.

Он жыл бұрын, 1785 жылы, ерте үнді әдебиетінің санскрит тілінде жазылған ұлы ескерткіші «Бхагавад-гита» («Әулиели жырлар») ағылшын, одан соң француз тіліне аударылды. Киелі мәтіннің аудармасының бірі еуропалық ортада «индомания» тудырды, ол әсіресе неміс философтары, ақын және критиктер ағайынды Август және Фридрих Шлегелдердің назарын аударды.

Кейінірек арнайы «Азиялық журнал» (1823), «Азия карольдіктерінің журналы» (1834), «Немістік шығыс қоғамы журналы» (1845) сияқты журналдар пайда болды, оларда

жетекші батыстық шығыстанушы ғалымдардың зерттеулері жарияланды. Іргелі және қолданбалы Шығыстану Франция, Англия, Италия, Дания және басқа да еуропалық державаларда ұлғайды.

Е.В. Середкин ойы бойынша, бірінші шығыстанушылардың басында Г.В. Лейбниц тұрды, ол конфуций іліміне өте жоғары қызығушылық танытты. Ол өз заманындағы барлық қытайлық жазбаларды біліп қана қоймай, Қытай миссионерлерінен бірінші болып жаңа ақпараттар алып отырды, олар хаттарынан көрініс табады. Оның қызығушылықтары медициналық дәрі-дәрмектерден қытай философиясына дейін жазылды. Одан артық ешқандай еуропалық философ конфуцийшілдік пен конфуцийшілдік емеске қанық [8, б.6]. Ол Қытай мен Еуропа мәдениеті бірін бірін толықтырушы деп санады, сонымен бірге екі мәдениеттің де теңдігі мен әр түрлілігі туралы ойды дамытты. Лейбництің Қытай туралы еңбектерінің арасында «санаудың бинарлық жүйесі және қытай философиясы туралы екі хат» трактаты ерекшеленеді, ол 1700-1703 жж жазылған.

Лейбництен кейін неміс философиясындағы шығыстанудың кең таралуы нақтыланған, бағытты сипат алады, ол И. Гердера, Вильгельм фон Гумбольта, Фридриха Шлегель және басқа да көптеген философтар мен мәдениет танушылар еңбектерінде бейнеленеді. Иоганн Готфрид Гердер – атақты ақын, аудармашы, тарих пен мәдениеттің ғылыми мәнінің негізін салушы алғашқы ойшылдардың бірі, ол тарихи және мәдени үрдістердің заңдылығын түсіндіруге талпынды, «Адамзат тарихы философиясына идеялар» (1784-179).

Шығыс халықтарының тарихи-мәдениетін сипаттауда Гердер шығыс философиясы мен тілін талдайды. Салыстырмалы тіл зерттеу бойынша Гердер идеяларының дамуын Вильгельма фон Гумбольд еңбектерінен көре аламыз, онда тілдің «халықтың рухани күшін қалыптастырумен» ажырағысыз байланысы жазылған.

Фридрих Шлегельдің Үндістан еліне деген махаббаты ерекше болған. Өзінің үші кітаптап тұратын «Үндістандықтардың тілі мен даналығы туралы» атты еңбегінің [9, б. 261] бірінші кітабы тіл туралы, екінші кітабында философия туралы және үшінші кітабында тарихи идеялар мен үндістан тарихы туралы баяндаған. Бірінші кітабында үнді тілі туралы, оның грамматикалық құрылымы және тілдердің пайда болуы қарастырылады. Екінгі кітабында, Алдын ала ескертпелерден кейін, рух пен эманация жүйелері туралы, астрология мен табиғаттың алғашқы мәдениеттері, екі бастама және пантеизм ілімдері туралы сөз қозғаалады. Үшінші кітабында Шлегель поэзияның пайда болуы туралы, жалпы үнді және шығыс зерттеулері, олардың мақсаттары мен құндылықтары туралы сұрақтарды қарастырған [10, б.59].

Осылайша, антикалық және Крест жорықтарынан және Еуропа-Батыстың үстемдік етіп, әлемге билік жүргізуіне алып келген Ұлы географиялық ашылулар кезеңінен бастау алатын ежелгі «Шығыс-Батыс» ось-векторы Ағарту кезеңінде Шығыс туралы шектеулі түсініктердің шегінен тысқары шыға бастады.

Әрине, тіршіліктің барлық салаларындағы жетістіктер еуропалық елдердің көркем шығармашылық өмірінде де өз көрінісін таба білді. Біртіндеп ориентализм көркем шығармашыықтың барлық салаларын байыта бастады: лингвистикадан бастап сәулет өнеріне дейін.

Көптеген шығыс мемлекеттері еуропалық супердержавалардың отарына айналды – Испании, Франции және Ұлыбритания. Сол елге барып, барлығын өз көзімен көру енді еш қиындық тудырмады. Сондықтан шабыт іздеуші көптеген суретшілер Шығысқа қарай ұмтыла бастады, оларды «қандай да бір ертегіні, мейрам салтанатын, қандай да бір мүлдем басқа болмысты көру үміт жетелеген. Еуропа жаңа ертегілерді көруге ынтық болды – ағайынды Гримм және Шарль Перро оларды жалықтыра бастаған еді. Және ол іздеген ертегісін таба алды...» [11, б.73], әдебиет шығармалары, сәулет ескерткіштері және көркем сурет өнерінің туындылары түрінде. Ағылшын суретшілері көбіне Үндістан, Египет елдеріне, Қасиетті жерге жиі саяхаттаған, ал француздықтар – Марокко және Алжирге, американдық және немір суретшілері – Египет және Палестинаға.

Ориентализм фомизмнен бастап сюрреализмге дейінгі модерн, импрессионизм, постимпрессионизм және көптеген басқа заманауи ағымдарды ынталандырады. Осыған байланысты Е.С.Штейнер ориентализмнің әр түрлі фазалары: романтикалық-академиялық (ориентализмнің тар мағынасы), импрессионистердің мен модерн жапонизмі, авангард привитизмі және т.б. жаңа еуропалық мәдени парадигманы кеңейтуде кезекті сатылар болған және батыс дүние танымы мен мәдени тәжірибесінің жаһандануына жол салып отырды деп жазады.

Сонымен қатар ориентализмнің бастапқы фазасы романтикалық-академиялық (ориентализм тар мағынасында) болды – яғни батыстың ресми байланысу тілін сақтай отырып, экзотикалық шығыс сюжеттері. Келесі толқын, импрессионистердің және модерн «жапонизмі», біршама маңызды трансмәдени құбылыс болды – мұнда тек сюжеттер ғана емес, байланысу тұрғысындағы ресми ерекшеліктер де Шығыстан иемденген болатын

Әрі қарай авангард және сюрреализмнің примитивизмі және оның африкалық және жергілікті өнерге жүгінуі келді, осыдан кейін (Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін) батыс көркем өнер дискурсының маргинализациясы лиминалды қоғамдың топтардың өз ойларын білдіру тілімен ынталандырылып отырды («аңқау өнер», есі ауысқандардың өнері) [12, б.3].

Сонымен, біздің көркем мәдениет материалдарының (негізінен, бейнелеу өнері мен әдебиеттің) негізінде тарихи ретроспективтегі Шығыс туралы түсініктің түрленуін түсінуге жасаған амалымыз келесі қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік береді:

- ориентализм бірнеше жүз жылдықтар бойына еуропалық мәдениетті (идеология, ғылым және өнер) өзектендіріп отырды. Антикалық дәуірде пайда болса да, ол Крест жорықтары мен Ұлы географиялық ашылулар дәуірінде одан әрі нығайып, ал Ағарту дәуірінде Шығыс туралы «тар» және «бір жақты» түсініктердің шегінен тысқары шықты. Осылайша Батыс прогрессивті, рационалды, индивидуалды, реалистік, логикалық аспект, ал Шығыс оның толығымен қарама қайшылығы болатын: архаикалық, мистикалық, интуитивті, пассивті және тұйық әлем ретінде түсіндірілетін белгілі бір идеологиялық және көркем канон қалыптасты. Уақыт өте бұл сол дәуірдегі батыс философиясы мен мәдениеттану әдебиеттерінде көрініс тапқан тұрақты догмалық теориялық түсініктерге айналды;

- бірнеше ұрпақтың батыс еуропалық ориенталистері Шығыс тарихы мен мәдениеті туралы (оның ішінде ежелгі мәдениеттер мен жойылып кеткен халықтар турал) көптеген деректерді жинау, жүйелендіру және талдау бойынша үлкен жұмыстар жүргізген, бұл, әрине, көркем шығармашылықта көрініс тапты;

- Шығыс туралы түсініктің түрленуінде маңызды қадамдардың бірі романтизм дәуірі болып табылады, яғни ол Шығыстың аңыздардың, көркем сурет, сәулет өнері, музыка және әдебиет үшін үлгілердің, мотивтердің асыл қазынасы ретіндегі соңғы бейнесін қалыптастыра алды. Нақты осы романтизм дәуірінде еуропалық көркем ориентализм бұрын-соңды болмаған гулденуді бастан кешіреді;

- ориентализм идеялық тұжырымдама ретінде романтикалық-академиялықтан бастап авангардқа дейінгі бірнеше даму сатыларынан өткен және өзінің әрбір фазасының ағымында Шығыс турады түсініктер түрлендірілуге ұшырап отырды, бұл ең соңында қазіргі күндерде батыс жаһандану көркем үдерісінің бір жағы ретінде қабылданады;

- әрине, еуропалықтар жалпы «Шығыстың» белгілі бір типін өте жақсы білген: парсы, египеттік және араб, түрік, бірақ ең төмені түркі-монғол (тіпті, егер тек беунелеу өнерін алатын болсақ та).

Еуропалықтар көшпенділер әлемін назарға алмай, оларды мәдениетті әлем шегінен итеріп тастады деуге болады. Еуропалық әлемде Орталық Азияның көшпенділері жабайы халық болып табылатындығы туралы нақты түсінік қалыптасып, ол көптеген жылдар бойына ғылымға сіңіп үлгерді. Бірақ сонымен қатар ориентализм кезеңіндегі еуропалық ғылымның артықшылықтарын да төмендетуге болмайды, себебі Орталық Азияның жеке аудан екендігі туралы алғаш рет географ Александр фон Гумбольттың 1843 жылғы жұмысында айтылған. Жалпы, «Евразия» түсінігі Эдуард Зюсстің «Лик Земли» атты іргелі

еңбегінің арқасында ғылыми айналымға енгізілген, мұнда ол Еуропа мен Азияның шекарасы арасындағы шарттылықты ерекше айтып өткен.

Еуропаның ориенталистік санасының дамуын графикалық түрде ұсынуға болады. 1 сызба.

XIX ғасырдағы көркем ориентализм мәдени тәжірибе ретінде біршама қарама-қайшы құбылыс болды: бір жағынан, ол империялық саяси позицияға, мысалы музыкада, мәдениетте және бейнелеу үстемдік ету идеясына негізделген ғылыми дискурстың ықпалынан құтыла алмады. Себебі еуропалықтардың философиялық-мәдениеттану ізденістері әмбебап тәсіл шеңберінде Батыс және Шығыс мәдениеттерін дихотомиялық салыстыру тұрғысынан жүргізілген. Бұл тәсіл еуропалық мәдениетті магистралдық дамыту желісін декларациялайды және еуропалық тарихшылармен жасалған тарихты зерттеу әдістерін Шығыс тарихына пайдалану мүмкін емес деп санайды; басқа жағынан – ішкі имманентті күйден шығатын нақты көркем шығармашылық негізінде Басқаеы түсіну мен мифке айналдыру «бұтағы» пайда болады. Осылай әмбебаптық тәсілге оны үнемі сынау арқылы романтикалық тәсіл қарама-қайшы келіп отырған, ал кейінірек Шығысты мәдениет пен өркениетті дамытудың баламалы жолы ретінде қарастыратын революциялық тәсіл келді. Шығысты осылайша қабылдау көзқарасы шығармашылық зиялыларға тән болды. Бірақ соңында, XIX ғ. Аяғына қарай Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің тепе-теңдігін түсінумен қатар мәдениеттердің диалогының қажеттілігін түсіну келді.

1 сызба. Еуропалық ориенталистік сананың дамуы.

Ориентализммен Эдвард вад Саидтің есімі байланысты [13]. Жан-Леон Жеромның «Заклинатель змей» жұмысын – автордың өзімен таңдалған қаптасамын, Линда Нохлин «он тоғызыншы ғасырдағы отарлау идеологиясының визуалды құжаты» деп атайды [14, б.19]. Міне шамамен қырық жыл бойына үлкен жетістікке жеткен және көптеген ізбасарлары болған, сонымен бірге әлемдік ғылыми кеңістікте сансыз пікірталастар мен дебаттар туғызған осы тұжырымдама айналасындағы дау-жанжалдар әлі де басылмай отыр.

«Ориентализмнің» негізгі трактовкасын Саид Шығыс жасап және сипаттап шығарған батыс дәстүріне ұқсастырады, сол арқылы оған саяси үстемдік және гегемония үшін жағдай қалыптастырды. Осылайша «жалаңдату» немесе Батыстың барлық шығыстанушыларының ғылыми ізденістерін ориентализм түсінігіне әкеліп ұқсастыру

XVIII-XX ғасырлардағы барлық «Шығыс» зерттеулерін Батыстың отарлау саясатына алып келуі көптеген сыни пікірлердің туындауына себеп болды.

«Батыс-ғылым-үстемдік» үшбұрышын ориентализм тұжырымдамасының шеңберінде зерттеу тек Э.Саидтың айрықша құзыреті емес. Осы үшбұрыштың күрделі өзара байланысын зерттемей Ролан Барттың [15], Жак Дерридтің, [16], Мишель Фуктың [17] және тағы басқалардың еңбектерімен ұсынылған заманауи француз пострструктуализмін көз алдымызға елестету мүмкін емес. Поструктурализм XX жүзжылдықтың екінші жартысындағы француз философиясының ең ықпалды ағымы болды. Оның тұжырымдамалары мен тәсілдері заманауи философияның жағдайына, оның ішінде Э.Саидтың ориентализм тұжырымдамасына өте қатты әсер етті.

Э.Саид тұжырымдамасының көптеген ережелері дәлелденгені және біршама өзекті негіздерге ие болуы мүмкін, себебі ориентализмнің ғылыми ағым ретінде қалыптасуы Батыстың империалистік саясатының дамуымен ұқсастырылады. Оның еңбегі жарыққа шыққанан кейін батыс ғылымында ориентализм пейоративтік сипатқа ие болды. Эдвард Саидтың еңбегімен ынталандырылған ориентализм шеңберіндегі қарқынды пікірталастар соңғы жылдардағы гуманитарлық ғылымның пәнаралық қарама-қайшылықтарының негізгі көзі болып табылды.

Сондықтан, біздің ойымызша, оның жүргізген зерттеулерінің сөзсіз артықшылықтарына келесі жағдай жатады: «ғылыми қауымдастықтың назарын нақты әрі күрделі мәселеге аудару: мәдениеттерді зерттеу қажеттігі тікелей пресуппозиялармен, ал кейде өзіндік мәдениеттің ырым-жорамалдарымен айтылған. Бұл кеңестік шығыстану үшін де орынды болды, себебі кеңес идеологиясы танымал батыс теорияларының қарапайым және догмалық нұсқасы бола отырып, өзін әмбебаптық дұрыс және рефлексия мен өзіндік сыннан толығымен айырылған деп санаған» [18, б.13].

Сонымен қатар оның еңбегі кең мағынаада ориентализм феномені түсінігінің қалыптасуына түрткі бола алды – «оның конструкциялануымен тікелей байланысты теориялық ишарат, ал «Шығыс-Батыс» конгломератына кіретін қоғам мен мәдениеттің арақатынасын зерттеу – жоғары өзін өзі талдау тәжірибесі ретінде» [19, б.25].

Бұл жаңа көркем ориентализм зерттеулерімен, нақтырақ айтсақ Джон Маккензидің «Ориентализм: Тарих, теория және өнер» атты еңбегімен дәлелденген [20]. Автор Ориентализм бойынша көптеген әдебиеттерді жан-жақта бағалауды ұсынады, қарама-қайшы академиялық интерпретациялар тұрғысынан талдау жүргізе отырып, Маккензи жаңа облыстардың талқылануына алып келеді, сонымен бірге батыс өнері (бейнелеу өнері, сәулет, дизайн, музыка және театр) тікелей Шығыстан шынайы шабыт алғандығы туралы бастапқы гипотезаға тексеру жүргізеді.

«Тюркери» стиліне арналған Кристин Пельттің зерттеулері де назар аударуға тұрарлық («Түркия және көркем ориентализм: ізденістің өзектілігі») [21]. Мұнда автор гаремді тек эротизм мен еуропалық суретшілердің сезімдік шабыттану көзі ретінде ғана емес, сондай-ақ гаремді әлеуметтік кеңістік тұрғысынан сипаттауға ұмтылады.

Көптеген зерттеу жұмыстарымен кеңейтілген заманауи ориентализмді XXI ғасырда ғылыми қауымдастық «мәдени өзгешеліктерді еуропалық ізденушіліктің бір формасы, жаһандану алуан қырлы көрінісі» және «көп полярлы әлемнің өзара байланысы» ретінде қарастыруға бейім [11, б.23].

Классикалық ориентализм философияны, филологияны, әлеуметтануды, тарихты, өнертануды, антропологияны, Шығыс дінтануын, сонымен қатар олардың батыс санасындағы бейнесін зерттеуші гуманитарлық пәндердің кешені болып табылады. Оның өзіндік зерттеу салалары бар: мысыртану, семитология, арабтану, африкатану, түркітану және басқалары.

Біздің ойымызша, көркем ориентализм Батыстың шығармашылық зиялылар ортасындағы Шығыс туралы түсініктердің трансформациясы жағдайларын визуалды, рельефті түрде жақсы көрсете білді: Шығысты аңқаулық-фантазиялық қабылдаудан бастап диалогтың тең құқықтық қатысушы ретінде қабылдауға дейін. Кез келген континттің, ал

біздің жағдайымызда Батыстың шығармашылық зиялыларының ғылым мен техниканың қарқынды дамуын, «қоғам мен тұлғаға, отарлы экспансияға, әлемнің саяси картасын қайта пішіндеуге және т.б. көзқарастардың өзгеруін қамтушы барлық өмір салаларындағы турбулентті үдерістерге бірігу жолындағы тұрақты ұмтылыстары суретшіні бұқараға жаңа әлем идеясын беретін авангардты қызметкер етті. Шығармашылық адамдар қызығушылықтарының, ұстанымдарының, идеялық пікірлерінің жақындығы бойынша топтарға бірікті және ұзақ жылдар бойы таңдаған жолдарына адал болды» [11, б.24].

Осылайша ориентализм «озық» еуропалық шығармашылық өмірге енді және қазіргі таңға дейін өзінің өзектілігін сақтап келеді. Еуропалық сана ориентализмі (еуропалықтың бір бөлігі ретінде ресейлік те) ескі «Шығыс-Батыс» мифтік идеологема әлемі тұрғысынан еуразиялық идеялардың пайда болуына ықпал етті.

Еуразияшылдық идеясының тұрғысынан «Шығыс-Батыс» дихотомиясын зерттеуге осы зерттеудің келесі бөлімі арналған.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жусипбек Г. Ориентализм» – стереотипы, факты, попытка научного анализа (часть 1). [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www. Horizonresearch.kz. Дата обращения 10 ноября 2014.
2. Султанова М.Э. Этническая память как основа современного казахского искусства // Моделирование этнокультурного пространства региона: сб. статей. – М.: Прометей, 2012. – С.79-87.
3. Маслов А.А. Восток-Запад: история и конфликты в современном мире. – Москва: Российский университет «Дружбы», 2008. – 134 с.
4. Мишо Г. История крестовых походов. – М.: Алетейа. 2001. – 368 с.
5. Малахова Н.И. Трансформация представлений о Востоке в западной культуре: диссертация на соискание ученой степени кандидата философских наук.: 24.00.01/Ростовский государственный университет. – Ростов-на-Дону, 2005. – 130 с. – Инв. № 61:05-9/667.
6. Беспалов Ю.Г. Эпоха Великих географических открытий. Лабиринты истории. – Харьков: «Клуб семейного досуга», 2002. – 320 с.
7. Байдаров Е.У. Проблемы дихотомии «Запад-Восток», «Восток-Запад» в глобалистике// CRED NEW. – 2007. - № 4(52). – С.131-156.
8. Середкина Е.В. Рецепция конфуцианского учения на Западе в XVII–XX вв.: историко-философский анализ// Путь Востока. Культурная, этническая и религиозная идентичность: материалы VII Молодежной научной конференции по проблемам философии, религии, культуры Востока. – СПб: Санкт-Петербургское философское общество, 2004. – С.6 -12.
9. Шлегель Ф. О языке и мудрости индийцев // В кн.: Эстетика. Философия. Критика. В двух томах. – Т. II. – М.: Искусство, 1983. – С.261-270.
10. Корнеев М.Я. Хайдеггер и востоковедная тенденция немецкой мысли. – СПб: Санкт-Петербургское философское общество, 2001. – С.59 – 88.
11. Калмыкова В., Темкин В. История Мировой живописи XIX век. Ориентализм. Салон. – М.: Белый город, 2009. – 128 с.
12. Штейнер Е.С. Ориентализм как ур-феномен современности и глобализации// Ориентализм / Оксидентализм: языки культур и языки их описания: материалы Международной научной конференции. - М.: НЛО, 2011. - № 109. – С.3-7.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

САЛПЫНОВА Каным Кыдырбаевна
НЗМ ФМБ Алматы қаласы
биология пәні мұғалімі
Алматы қаласы, Қазақстан

Аннотация

В современной дидактике уделяется достаточно внимания проблемам обучения предметам естественно-научного цикла, рассматриваются их различные аспекты. Анализ работ, раскрывающих основные категории исследования, положения и особенности естественнонаучного образования учащихся, выявил недостаточную разработанность проблемы формирования познавательных интересов учащихсия в условиях непрерывного естественнонаучного образования.

Summary

This article discusses about the problems in modern didactics, which examines various aspects of teaching strategies in natural science. The analysis of the works reveals the main categories of research, its positions and peculiarities of educating students to natural science through investigations. It also tells about the process of students' explorations while being involved in an experiment work in the field of subject.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылығы мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, танымдық қызметін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Осыдан келіп, еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде қызығушылығы басым жеке тұлғаны қалыптастыруға ерекше мән берілуде.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғаалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту үрдісінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі жаратылыстану білімінің құрылымын жаңарту білім беру үдерісіне қатысушылардың талабын, мүмкіндігі мен қызығушылығын толық ескеруді, оқыту сатылары бойынша оқу материалдарын сабақтастықта беруді көздейді. Қазіргі жаңа буын оқулықтары, оқытудың жаңа әдістері оқушылардың өз бетімен білім алып, дамуына мән беруде. Мұның өзі жас ерекшеліктері, қабілеттері әр түрлі деңгейдегі оқушының өз мүмкіндігін анықтауға жол ашуда.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылығы мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, танымдық қызметін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Дарынды, білімді жастар ғана егемендігіміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына үлес қоса алады. Сондықтан орта мектепте оқушылар мұғалім берген білімді игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің танымдық іс-әрекетімен сабақтастыруға тиіс. Осыған орай, мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру - орта мектептегі оқу үдерісін жетілдірудің негізгі

шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру оқушылардың танымдық қызғушылығы мен ізденімпаздығын қалыптастыруға септігін тигізетін оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері мен нысандарын іздестіруде өзекті мәселе.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын қалыптастыру – оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі танымдық қызығушылығына тікелей байланысты. Танымдық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Сондықтан шығармашылық қызығушылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Әлемдегі алдыңғы қатарлы мектептер тәжірибелерін жалпылап, құнды бағыттары мен идеяларын ұлттық психологиямызға сәйкес пайдалана отырып, еліміздегі білім беру мәселесін жаңа жолға қою өзекті мәселе [1].

«Биология» оқушының ғылыми көзқарасын және жаратылыстану тұрғысынан ойлау қабілетін, тірі табиғат тіршілігінің құбылыстары мен үдерістерінің заңдары мен заңдылықтарының мәні туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Бұл пән жануарлар мен өсімдіктер әлемінің эволюциясын түсіну, адам әрекетінің қоршаған ортаға әсерін ұғыну негізінде органикалық әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға бағытталған. Биологиялық үдерістердің өзара байланысы мен өзара әсерін түсіну, экожүйенің бұзылу проблемаларын талдай білу негізінде оқушылар меңгерген биологиялық білімін күнделікті өмір жағдайларына сай қолдануға дағдыланады [2].

Мектепте биологиядан шығармашылық деңгейде білім беруді жетілдірудің әдістемесінің маңызы өте зор. Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан өзгерістер түрлі әдістемелік бастамаларға кеңінен жол ашуда. Осыған орай білім беруді жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындауда. Сондықтан да, қазір мұғалімдердің ең негізгі мәселесі – білім беру үрдісін, оқушылардың жеке басының ерекшелігін ескере отырып, сапалы түрде ұйымдастырып, оқушыларды шығармашылыққа баулу және оны жоғары деңгейде дамыту болып отыр.

Биологияны сапалы түрде оқыту, терең білім беру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру – биология пәні мұғалімінің міндеті. Биология арнайы білім беру пәні ғана емес, сонымен қатар оқушының логикалық, шығармашылық, интеллектуалдық ойлау қабілеттерін шыңдай түсетін мықты құрал.

Оқушы өмірінде оқу - іс әрекеттің негізгі саласы. Оқу - сабақ, сабақтан тыс жұмыстар арқыды жүргізіледі. Оқыту, тәрбиелеу, білім беру, дамыту, қалыптастыру – бірге жүретін үдерістер. Оқудың міндеті – оқушыларға ғылымның негізгі ілімін, ақыл-ой еңбегінің дағдысы мен әдісін үйренуден тұрады. Тәрбиелік міндеттер оқушылардың дүниетанымына, ғылыми ілімнің негізіне, табиғат заңдылықтары дамуының жүйелік көзқарасын, өзінің сендіру мүмкіндігін құрайды. Оқу әрекетінің маңызды компоненті болып, оқу міндеті табылатыны анықталған. Оның анықтамасын беру үшін, оны нақты-тәжірибелік міндетпен салыстырмалы түрде қарастыру керек. Мысалы, тәжірибелік тапсырманы шешкен кезде, оқушылар субъект ретінде өздерінің әрекет объектісін өзгертуге қол жеткізеді. Мұндай шешім нәтижесі қандай да бір өзгерген объект болып табылады. Оқу міндетін шешуде де оқушылар өздерінің әрекетінде объект немесе ол туралы пікіріне өзгеріс енгізеді, бірақ оның нәтижесі қызмет етуші субъектінің өзіндегі өзгерістен байқалады [3].

Жаратылыстану курсы дүниенің жалпы суретін, өлі және тірі табиғаттың біртұтатстығы мен сан алуандығы туралы ұғымдарды қалыптастыруын жалғастыра береді, оқушыларды табиғат туралы ғылымдардың негіздерін игеруге дайындайды. Жүйелі биология, физика, химия курстары қоршаған әлем туралы білімдерді тереңдететді, ғылым жетістіктерін практикалық қызметте қолдану машықтарын иемденуге жәрдемдеседі. Оқушылар осы білім беру саласының шеңберінде алған білімдер мен машықтары дүниеге, адамзатқа және табиғатқа кең көзқарасты, қоршаған ортаға жауапты көзқарасты қалыптастырады. Білім берудің жаңа мазмұны альтернативті оқу бағдарламаларымен және

оқулықтармен айқындалатын нұсқалылық және мектеп оқушысының дара қабілеттерін дамытуға, шығармашылық белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі білім беру деңгейлерінің болуымен өзгешеленуі керек. Білім берудің ақырғы сатысында саралау, оқушылардың базалық пәндермен қатар олардың ынталары мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесетін пәндерді еркін таңдауы маңызды [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кусайнов А.К. Развитие общеобразовательной школы в Казахстане (сравнительно-педагогический анализ). – Алматы, 1995. – С.20.
2. Оқу бағдарламасы.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Program.2017 ж.
3. Жақсыбергенова Р. Оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын дамыту // Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. − 2004. − № 4.2. − 4 Б.
4. Салпынова Қ.Қ. Жаратылыстану білімінің үздіксіз танымдық деңгейін көтеру жолдары: Дис.... п.ғ.к. Алматы,2010.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА АКАДЕМИЯЛЫҚ БІЛІММЕН ҚАТАР ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕДЕ МАҢЫЗДЫ

САХОВА Камила Калмурзаевна
Шымкент қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
География пәнінің мұғалім-модераторы
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шымкент қаласы
Қазақстан

Аңдатпа

Құндылықтар мен білімді сабақтастыра отырып, жаһандану заманының көшіне ілесу, әлемнің озық елдеріндегі ұлттық құндылықтарды дамыту тәжірибесі туралы зерттеулер берілген. География пәнін оқытуда құндылықтар мен өлкетану принциптеріне негіздеу және аңартылған білім беру мазмұнында білім мен қатар талдау, зерттеу, бағалау дағдылары арқылы дамытыу берілген

Аннотация

Даны исследования опыта национальных ценностей передовых стран мира объединивших знания в соответствии с современной глобализацией, изучать географию на основе ценностей и краеведческих принципов.

Развивать знания и навыки по обновленной программе через применение исследования, анализ и оценивание.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Зияткер ұлт» қалыптастыру тапсырмасы-ұлтымыздың ұлағатын әйгілеп, ұрпақтың болашағына жол ашатын алып саясат болып табылады. Әлемдік тәжірибеден алып қарасақ, білім саласына инвестиция салып, ұрпақтың зияткерлік сапасын көтеру арқылы мемлекеттің жалпы қуатын алдыға сүйреген елдер санаулы-ақ. Қоғам мен жаһандану заманында білім беру жүйесі де өзерістер мен дамуға бейімделуде. Әлемнің дамыған мемлекеттерінің жетістіктері негізі білім саласын түбегейлі реформалап, жаңа көзқарастар мен қоғамның талаптарына сай дамуыныда болып отыр.

Әсіресе білім мен құндылықтарды қатар сабақтың ажырамас бөлігі ретінде пайдалануы болашақ ұрпақтың саналы және салиқалы болуына зор әсер етеді.

«Рухани жаңғыру» XXI Ғасырдағы ұлттық сананы өзгерту мен дамыту арқылы көптеген жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Көптеген мәселелер әлем елдерінің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Сондықтан ұлттық құндылықтар мен өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігін тиімді және жүйелі дамытқан жөн. Азиядағы жетекші дамып жатқан елдер осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. Әсіресе Жапония, Қытай және Сингапур мемлекеттері. Бұл елдер жаһандық өзгерістер мен әлемдік қажеттілктерге ілесіп, қоғам мен ұрпақтарын дамытуда белсенділік танытуда.

2014 жылдың қараша айында Сингапур мемлекеті Ұлтттық білім Институты, Наньян Технологиялық Университетінде өткен «21 ғасыр оқушыларына 21 ғасыр мектептері» тақырыбындағы тағлымдама (стажировка) курсында білім мен құндылықтарды қатар дамыту жолдарымен танысуға мүмкіндік болды. Бұл тәжірибе жинақтау курсында әлемдік білім жүйесінде орны бар Сингапур елінің жетістіктері, ерекшеліктерімен танысып, «Өз елімізге қалай енгізу керек?», - деген сұрақтарға жауап іздедік. Қызықтырғаны Сингапур еліндегі білім беру жүйесі ел құндылықтарына негізделуі. Оқушыға бағытталған құндылықтарды енгізу реформасы 2012 жылдан бастап қолға алынып елеулі жетістіктерге әкелген. Осы тағылымдама барысында мектеп мұғалімдерінің өз тәжірибесінде құндылықтарға негізделген білім берудің түрлі әдісін қолданатынына назар аударып, осы бойынша тәжірибе барысындағы зерттеу басталды. Сонымен қатар Ш.А.Амонашвилидің біраз еңбектерін зерделеп, гуманды педагоиканың негізгі мақсатыда құндылықтарға бағытталған тәрбие беру, білім беруде адами құндылықтар мен қасиеттерді дамытуды қарастыудамын. Жинақтаған, түйген зерттеу нәтижелерін елімізде тиімді енгізіп, тәжірибемде таратудамын.

Құндылықтар біздің білім жүйемізде жоқ емес, осыған дейінде болған. Оқу мен тәрбие жұмысы қатар жүретін. Бірақ кемшілік тұстары болатын. Әлемдік білім беру жүйесінде әсіресе Сингапур, Корея, Жапония елдеріне ерекше көңіл бөлетіндігі ұлттың, жас ұрпақтың рухани бай, адал, толерантты болып өсуіне ықпал жасайтындығы дәлелденуде. Осы іс-тәжірибе Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүйелі енгізілген. Құндылықтар сабақтың ажырамас бөлігі ретінде жүретіні жақсы бастама болуда. Оқушылардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсуі жақсы қазіргі жаһандану заманында өте маңызды. Жас ұрпақтың бойында ұлтжандылық, денсаулық және салауатты өмір салтын ұстану, үздіксіз білім алу, азаматтық жауапкершілік, халықаралық ынтымақтастық және жаһандану, ұйымшылдық, толеранттылық сияқты құндылықтарды білім мен қатар сіңіретін болсақ, ол еліміздің, халқымыздың рухани жаңғыруына үлес қосады. Осы құндылықтарды жалпы білім беру саласына толық және тәжірибе жүзінде енгізу арқылы, тәрбие мен білімді қатар жүргізсек қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың азаюына септігін тигізері анық. Болашағымыз жастардың қолында болғандықтан бойына ұлттық, рухани құндылықтарды сіңірген жастар, еліміздің болашағына деген сенімділік пен құрметті арттырады.

Қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны оқушының бойында білім мен қатар дағдыларды дамытатын, құндылықтарға негізделген болуда. Осыған орай әрбір ұстаз сабақта «Құндылықтарды білім мен қалай сабақтастырамыз?»-деген мақсатқа жұмыс жасауы қажет.

Құндылық нысаналары білім алу барысында өзінен-өзі қалыптасады деп есептеуге болмайды. Құндылық бағыттарының қалыптасуы тиісті сана-сезімді тәрбиелеп, адамның эмоциялдық өрісін дамытқан кезде ғана іске асады.

География пәнін оқытуда академиялық білімді дамыта отырып, құндылықтарға бағытталған тәрбие беріледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасында география пәніндегі ерекшеліктерге назар аударуға болады. География пәнін оқытып, үйрету оқушының өз өлкесінен басталу керек, сондықтан жаңартылған білім беру мазмұнындағы

оқу мақсаттары өз өлкесін зерттеуге негізделген. Әр оқушы өз өлкесінің географиялық нысандарын біліп, құбылыстарын зерттеп, талдау жасау арқылы бойында өз аймағына деген мақтаныш сезімдері оянады немесе кездескен мәселелерді анықтап, өз көзқарасын ұсынады. Пән мазмұнындағы «Қазақстандағы су ресурстары мен сумен қамту мәселелері» тақырыбын өту барысында оқушыларда Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік көзқарастары қалыптасады. Мысалы, өз өлкесіндегі су ресурстарының таралуы, бағасы және үнемдеу жолдарына бағытталады.

Жаңартылған білім беруде Қазақстан мен оның азаматтарының мүдделері үшін қызмет етуге дайын және жан-жақты дамыған жаһандық көзқарасы қалыптасқан азаматтарды дайындауға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ш.А. Амонашвили Как любить детей (Опыт самоанализа)
2. «Рухани жаңғыру» http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. Әлем тәжірибиесіндегі құндылықтар http://iac.kz/kk/singapur-kundylykka-bagdarlangan-trbie-de-akademiyalyk-korsetkishter-siyakty-manyzdy
4. Құндылықтар және олардың қоғаммен мен адам өміріндеге рөлі http://malimetter.kz/kundylyktar-zhane-olardyn-kogammen-men-adam-omirindege-roli/

КІРІКТІРІЛГЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ҒЫЛЫМИ ЛЕКСИКАНЫ МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕРІ

СЕМБЕКОВА Айнур Мейрамқызы
Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті
1-курс магистранты
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., аға-оқытушы ҚАНСЕЙІТОВА Ұ.Р
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасына сәйкес, биология, физика, химия, информатика сияқты жаратылыстану бағытындағы пәндер ағылшын тілінде өтілетін болады. Ал бұл өз кезегінде оқушылардың тілдік деңгейлері жоғары болуын және пәндік лексиканы ағылшын тілінде білулерін қажет етеді. Аталмыш мақалада ағылшын тілі пәнін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіру кезінде оқушыларға тақырыпқа байланысты жаңа ғылыми лексиканы меңгерту үшін қолдануға болатын тиімді әдістер сипатталады .

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, тақырып бойынша арнайы лексика, тілдік дағдылар, ғылыми талқылау

Аннотация

Согласно дорожной карте развития трехъязычного образования на 2015-2020 годы, предметы естественного направления как биология, физика, химия, информатика должны будут преподаваться на английском языке. Чтобы это постепенно внедрить в практику, необходимо поднять уровень английского языка у учащихся, а также обучить их нужной лексике по предмету. В этой статье излагаются эффективные методы обучения научной лексике во время интеграции английского языка с преметами естетвенного направления.

Ключевые слова: Государственная программа развития образования и науки на 2016-2019 годы, специфическая лексика по теме, языковые навыки, научное обсуждение

Білім мазмұнын және білім беру жолдарын жаңғыртуға деген қажеттілік өмір заңдылығына байланысты туындайды. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы орта білім беруді жетілдіру бойынша кең көлемді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә Назарбаев Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 1 наурызда «Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» бекітті. Осы бағдарламаның басты мақсаттарының бірі жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады . Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Осы себептен үш тілде білім беруді дамыту бойынша кең ауқымды іс-қимыл жүргізу үшін 2015 – 2020 жылдарға арналған жол картасы әзірленді. Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілімен кіріктіріп оқыту қажеттілігі еліміздегі үштілділік саясаты аясында ағылшын тілін білу деңгейіне талаптың жоғарылауына байланысты туындауда. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытудың негізгі мақсаты- оқушыларды ағылшын тілін қарым-қатынас құралы ретінде қабылдап, сол тілде өзге де пәндерді меңгеріп, өз ойларын еркін айтатындай дәрежеге жеткізу. Осы тәсілді қолдану арқылы екі пәнді бірдей оқытуды іске асыра аламыз, алайда пәндік білімге ерекше көңіл бөлініп, тіл сабақта қолданылатын құрал ретінде қарастырылады.

Осы орайда Назарбаев зияткерлік мектептерінде 7-сыныптан бастап оқушылардың ағылшын тілі деңгейін көтеруге көп көңіл бөлінеді және ағылшын тілі сабақтары пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы өткізіледі. Себебі бұл өз кезегінде оқушылардың білім тереңдігі мен оны шынайы өмірде икемді қолдануларына және оқушылардың тұрақты когнитивті мүдделерге тәрбиелеуіне үлес қосатынын бірауыздан атап өтуге болады. Атап айтқанда, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ағылшын тілі пәнінен 7-сыныпқа арналған бағдарламасында “Space”, “Clothes and fashion”, “Natural disasters” сияқты тараулар, 11-сынып бағдарламасындағы “Makinga science video”, “Make and solve a Maths crossword” тараулары, 12-сынып бағдарламасындағы “Carbon dating”, “Applying Maths” тараулары осының айқын дәлелі.

Дәстүрлі ағылшын тілі сабақтарында ешқандай пәнаралық байланыс жүзеге аспайтын және жаңа сөздер жиі оқшауланған күйде, ешқандай контекстсіз берілетін. Оқушыларға сөздікпен жұмыс жасау арқылы жаңа сөздің мағынасын табу, оның анықтамасын жазу немесе сол сөздермен сөйлем құрау тәрізді тапсырмалар жиі берілетін. Алайда, бұл дәстүрлі стратегиялар оқушыларға көптеген терминдердің мағынасын сіңіріп, шынайы өмірде қолдануға мүмкіндік туғызбайды. Сол себепті де сабақта жаңа сөздерді оқылым, тыңдалым тапсырмалары арқылы беріп, соларды қолдана отырып жазылым тапсырмаларын орындау немесе ауызша тақырыпты талқылау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындайды.

Оқушыларға ғылыми сөздер мен жаңа терминдерді меңгертуде пайдалы оқу әдістерін келесідей тәсілдермен анықтайды: а) оқушылар әр-түрі іс-шараларға, зерттеу жұмыстарына қатысу барысында сөздік қорын қалыптастырады; б) оқушылар бірлесіп жұмыс істеу арқылы және басқалармен өзара әрекеттесіп, талқылау арқылы жаңа сөздерді меңгереді; с) практикалық сабақтар оқушыларға жазбаша, ауызша, графикалық сөйлеу түрлерін ұсынуға мүмкіндік береді. Олардың айтуынша ғылыми тәжірибелерді жаңа өтілген термин сөздерді қолдана отырып түсіндіру және олардың мәндерін талқылау, оқушылардың сөздік қорының өсуіне ықпал туғызады.Сабақ барысында ғылыми терминдер мен сөз тіркестерін қолдану арқылы мұғалім оқушыларға оларды қолдану

жолын көрсетіп , ғылыми ойлауды модельдейді. Нәтижесінде оқушылардың ғылыми пікірталастары неғұрлым табиғи болады.

Ағылшын тілі пәнін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіру кезінде оқушыларға тақырыпқа байланысты жаңа ғылыми лексиканы меңгерту үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

1.Әртүрлі көзқарасты ескере отырып процесті түсіндіру. Оқушылар орын алған немесе өздері бақылап көрген процесті оқушының, мұғалімнің және ғалымның көзқарасын ескере отырып, үш түрлі түсініктеме береді. Мысалы, 12-сыныпта химиямен пәнралық байланысы бар сабақта оқушыларға заттардың өзара әрекеттесуі туралы видео көрсеттім. Видеодағы іс-тәжірибені ағылшынша үш түрлі тұрғыдан(оқушы, мұғалім, ғалым) түсіндіріп беруді сұрадым. Нәтижесінде оқушыларым мынандай түсініктемелер берді:

Оқушы тұрғысынан: “They put this smooth powder in the bag along with the crunchy powder and the bag blew up and got hot.”

Мұғалім тұрғысынан: “They mixed baking soda and calcium chloride with water resulting in a gas, and heat was released.”

Ғалым тұрғысынан: “The combination of baking soda and calcium chloride is an exothermic reaction with the products of sodium choloride, calcium carbonate, and carbon dioxide.”

2. Нұсқауларды ұсынуда аудиалды және визуалды көрнекіліктерді қолдану.

Біз берілген нұсқаулықты көрнекіліктермен толықтыру арқылы оқушылардың ақпаратты өңдеуіне қолдау көрсете аламыз. Нұсқаулық түрлі көрнекілік немесе оқулық материалдарын қолдана отырып берілуі керек:

• сызбалар, диаграммалар және суреттер
• SmartBoard тағы жазбаша нұсқаулар
• жазбаша нұсқаулармен бірге аудио нұсқаулар

3. Мәтінге байланысты тұжырымдамалармен және терминдермен жұмыс

Мәтінді оқу барысында жаңа сөздермен жұмыс жасау оқушыларға олардың мағынасын жетік түсінуге көмектеседі. Оқушылар жеке немесе шағын топтарда жұмыс жасай отырып, келесідей тапсырмалар орындай алады:

-True, false. Оқушыларға мәтінге байланысты бірнеше тұжырымдама беріледі және оларды шын немесе жалған тұжырымдама деп сұрыптау ұсынылады. Оқушылар карталарды шын және жалған қадаларға сұрыптайды. Мысалы, 7-сыныпта «The solar system» атты сабағымда оқушыларға күн жүйесі туралы мәтін берілді және «Юпитер планетасы астероидтық белдеуден ары орналасқан», «Нептун күнді 160жылда бір рет айналады» деген сияқты тұжырымдамалар бердім. Оқушылар мәтіннен Юпитердің расымен де астероидтық белдеуден кейін орналасқанын біліп, оның шын екенін өздері тапты. Ал керісінше, Нептун Күнді айналуына 160 жылдан да көбірек уақыт керек екенін оқып, ол тұжырымдаманың шындыққа жанаспайтынын айтты.

-Agree/disagree. Бұл әдіс қарама-қайшылықтар туындаған тақырыптар үшін жақсы жұмыс істейді. Әрбір карточкада бір тұжырымдама (тиісті лексикалық сөздерді қоса) жазылып беріледі. Оқушылар тұжырымдамаларды үш санат бойынша сұрыптайды: «келісемін», «келіспеймін» немесе «сенімді емеспін». Нәтижесінде неліктен келісетіндерін немесе келіспейтіндерін түсіндіруге тырысады. Мысалы, 11-сыныпта «Maths in nature» атты сабағымда оқушыларға ,

• «Жұптарды сәйкестендіру» әдісі. Студенттерге карточкалардың бумасы беріліп, оның терминіне сәйкес функцияларымен, символымен, ғылыми атымен және т.б. сәйкестендірілуі сұралады. Мысалы, бумада дене бөліктерінің аттары бар карточкалар болуы мүмкін, оқушылар сол дене бөліктерінің функцияларымен сәйкестендіреді. Студенттер әрбір бөлімге тиісті функциямен сәйкес келеді. Жұптарды сәйкестендіру әдісін қолдануға болатын басқа да жағдайлар:

о құрылғының бөліктері және оның функциясы (мысалы, қарапайым машиналар)
о материал және оны жалпы пайдалану әдістері
о техникалық термин, мағынасы, бейнесі
о элементтің химиялық атауы және символыб т.б

4. «Кезектілік карточкалары» әдісі Су айналымы немесе көбелектің өмір сатылары деген сияқты циклдық ұғымдар үшін оқушыларға әр цикл жазылған карточкаларды ретімен қою ұсынуға болады. Студенттер циклдің кезеңдерін көрсету үшін дөңгелек формаларда карталарды ретімен орналастырады.

Мысалы: egg → larva → pupa → adult
Жұмыртқа → шабындық → пупа→ көбелек
Evaporation → condensation → precipitation → accumulation
булану → конденсация → жауын-шашын → жер бетіне жинақталу

5. «Сипаттамалар арқылы жіктеу» әдісі. Оқушыларға белгілі бір топтарды сипаттамаларына және ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай жіктеп, таблица күйінде сызу тапсырылады. Мысалы,

Vertebrate	Characteristics
Birds	Feathers, beaks, lay eggs
Reptiles	scales, cold-blooded, leathery eggs
Amphibians	cold-blooded, life cycles on water/land
Mammals	fur, warm-blooded, mothers provide milk for offspring

6. «Графиктер сызу» әдісі. Оқушылар белгілі бір сөзді жан-жақты қарастырғанда оны есте жақсы сақтап қалатындары күмәнсіз. Осы әдісті қолдана отырып, өтілген жаңа сөздің синонимін тауып, оған сөйлем құрап және түсініктемесін жазып график түрінде сыза алады.



7. Талқылау және әңгімелесу. Оқушылардың сыныпта талқылауға тікелей қатысуы ғылыми лексиканы оқытудағы маңызды компоненттердің бірі. Стахл және Кларк (2006) бесінші сынып оқушыларына лексиканы оқытуда пікірталастың әсерін зерттеді. Олар талқылауда оқушылар сөздерді дұрыс қолданып үйренгендерін байқаған.

